

**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы
Құқық қорғау органдарының академиясы**

ӨТЕМІС ШЫҢҒЫСХАН ӘДІЛХАНҰЛЫ

**Қазақстан Республикасындағы жазаны өтеуден шартты түрде
мерзімінен бұрын босатудың өзекті мәселелері**

Мамандығы: 6М030100 - Құқықтану

ДИССЕРТАЦИЯ

Заң ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін

Ғылыми жетекші

Д.Т. Амуртаева

Магистрант

Ш.Ә. Өтеміс

Қосшы, 2019 жыл

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың ұғымы, құқықтық негіздері және шетел тәжірибесі.	
1.1 Қазақстан Республикасындағы жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың ұғымы мен қалыптасу тарихы.	8
1.2 Шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың құқықтық негіздері, қолдануы мен оның күшін жоюдың тәртібі.	21
1.3 Шетел заңнамасы бойынша жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың тәжірибесі.	37
Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтын жүзеге асырудың аспектілері.	
2.1 Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарды пробациялық бақылау.	53
2.2 Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босату.	63
2.3 Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға әлеуметтік құқықтық көмек көрсету.	70
ҚОРЫТЫНДЫ	77
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	83

КІРІСПЕ.

Жұмыстың жалпы сипаты. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасындағы жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтының дамуы мен қолдану жағдайы және оны жетілдіру мәселелерін зерттеуге арналған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығындағы маңызды институттарының бірі болып танылады.

Тақырыптың өзектілігі қазіргі дамудың жаңа кезеңіндегі тамыры терең саяси, әлеуметтік, экономикалық, демографиялық және құқықтық өзгерулермен байланысты.

Сонымен қатар, жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты жаңадан қабылданған қылмыстық, қылмыстық-атқару және қылмыстық-процестік кодекстерінің ерекшеліктерімен жүзеге асырылатыны ескерілуі тиіс.

Сотталғандарды жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды және оның әлеуметтік бейімделу мәселесін Қазақстан Республикасының қылмыстық саясатының бағыттарының бірі ретінде қарау қажет.

Қазіргі таңда, жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату бойынша нақты әрі біркелкі жұмыс тәжірибесінің қалыптаспауына байланысты бұл бағытта туындайтын сұрақтар өзекті мәселе болып табылады.

Түбегейлі жаңару жолдарынан өткеннен кейін еліміз бірқатар экономикалық, саяси және әлеуметтік факторларды, сондай-ақ еліміздің қабылдаған халықаралық міндеттемелерінде негізделген құқықтық реттеу жүйесінің елеулі өзгерістер жолында тұр.

Елбасымыздың нұсқауларына сәйкес, мемлекетімізде заңнаманы және құқық қолдану қызметін жетілдіру бойынша тұрақты жұмыс жүргізілуде.

Ұлттық құқық салаларын дамытудың басты бағыттары Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында айқындалған.

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес, мемлекеттік құқықтық-саясаттың ажырамас бөлігі қылмыстық, қылмыстық-атқару және қылмыстық іс-жүргізу құқықтарын өзара байланыстыра отырып, кешенді түрде дамыту екендігі атап көрсетілген.

Мемлекеттің құқықтық саясатының маңызды буыны, қылмыстық саясат болып табылады, оны жетілдіру қылмыстық, қылмыстық іс-жүргізу және қылмыстық-атқару құқығын, сондай-ақ құқықта қолдануды кешенді, өзара байланыста түзету арқылы жүзеге асырылады.

Осы тұжырымдамада қылмыстық-атқару құқықтық қатынастары саласын реформалауға бас назар аударылған.

Құқықтық мемлекеттің конституциялық идеяларын заңнаманың құқықтық, әділеттілік, гуманизм идеяларын арқау ете түзелуінде, құқықтық тәртіпті, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының материалдық, ұйымдық-құқықтық, саяси кепілдіктерін нығайтудың пәрменді құралдарының жасалуынан көрініс табуға тиіс.

Мемлекеттің қылмыстық саясаты қылмыстық жауаптылықтан босату, жазасын өтеу, жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институттарын жетілдіруге бағытталуда.

Жалпы алғанда қылмыстық жазаларды атқару жүйесін жалпыға бірдей халықаралық стандарттарға одан әрі жақындата беру керек.

Құқықтық саясат тұжырымдамасының қағидаларын іске асыру Республика Конституциясының негізгі идеялары мен принциптерін Қазақстанда құқықтық мемлекет құрылымының жаңа кезеңінің аясында өмірімізде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Еліміз тәуелсіз болып жарияланғаннан бастап мемлекетімізде үш Қылмыстық кодекстері қолдануда. Барлық Қылмыстық кодекстерде жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтының ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар.

Жыл өте әр Қылмыстық кодекс заман талабына сай өзгерістерге ұшырап, ондағы талаптарда ізгілік қағидасы туындап, халықаралық стандарттарға сәйкес болуда.

Мәселен, Бас прокуратураның бастамасымен 2012 жылдан бастап «Түзеу мекемелеріндегі сотталғандар санын азайту» концепциялық жобасы аясында елеулі жетістіктерге қол жеткізілді.

Атап айтсақ, 2012 жылы Қазақстан Республикасы дүниежүзілік түрмелер индекcінде 35 орында тұрса, ал қазір біз 85 орынға жетіп, әлемдік аренадағы беделімізді арттырдық.

Яғни, 2012 жылы түрмелерде адам саны 48 мыңды құраса, ал 2018 жылы бұл көрсеткіш 32 мың адамға азайып, 12 млрд. теңге ақша қаражаты үнемделген.

Өз кезегінде, жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтын қолдану тәжірибесі аталған маңызды жобаның жүзеге асуына елеулі үлес қосуда.

Статистикалық мәліметтерге қарасақ, түзеу мекемелерінен 2012 жылы – 5056, 2013 жылы – 4204, 2014 жылы – 4749, 2015 жылы – 5808, 2016 жылы – 4463, 2017 жылы - 2644 және 2018 жылы 3610 шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған.

Осы шаралардың барлығы елімізді салихалы құқықтық саясатын, республиканың стратегиялары мен жоспарларын жүзеге асыруға бағытталған.

Бұл ретте, заман талабына сай және басқа да дамыған мемлекеттердің онды тәжірибесін ала отырып, біздің заңнамамызда өзгеруде. Сондықтан

жаңа қылмыстық заңнамамен бірге оны қолдану тәжірибесінде де қайшылықтардың туындайтыны сөзсіз.

Осыған байланысты, жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтының әрқашан өзекті болуына байланысты біркелкі тәжірибе қалыптастырып, жұмысты оңтандыру және қарама-қайшылықтарды болдырмау бағытында бұл тақырыпты тереңірек талдап, зерделеу керек.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қазақстан Республикасы қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамаларының, оның ішінде жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату бағытында әзірленген көлемді кітаптар, мақалалар, халықаралық конференциялар өткізілуде және әлеуметтік және саяси зерттеулер жүргізілуде.

Осы мәселе бойынша бірқатар ғалымдардың маңызды еңбектері жазылған, олардың ішінде: А.Н. Ағыбаев, Е.О. Алауханов, К.Ж. Балтабаев, И.Ш. Борчашвили, А.М. Балтагожин, Е.І. Қайыржанов, Д.С. Чукмаитов, М.С. Нарикбаев, Р.Н. Юрченко, И.И. Рогов, С.М. Рахметов, Н.А. Абдиров, Б.И. Ахметов, С.Н. Сабанин, И.А. Тарханов, А.К. Шаймурунова, А.Е. Паридинова, А.С. Михлин, М.П. Журавлев, С. И. Дементьев, М. С. Рыбак, және Л.В. Иногамова-Хегай.

Зерттеу объектісі. Қазақстан Республикасындағы жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтын қолдану және зерделеу барысында туындайтын құқықтық қатынастар.

Зерттеу пәні. Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтын реттейтін Қазақстан Республикасындағы заңнамалар мен құқықтық актілер, пенитенциарлық жүйедегі шетел заңнамасы мен тәжірибесі, теориялық тұжырымдар мен сот тәжірибесінің материалдары.

Зерттеудің мақсаты. Диссертациялық зерттеудің мақсаты болып Қазақстан Республикасындағы жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың өзекті мәселелерін анықтау және жетілдіру жолдарын ұсыну.

Зерттеудің міндеттері:

- диссертациялық зерттеу нәтижесі Қазақстан Республикасы қылмыстық, қылмыстық процестік және қылмыстық-атқару заңнамаларыу зерттеу арқылы жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтының тәжірибесін қалыптастыру әрі оларды жетілдіру.

- жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың ұғымын, белгілерін ашу;

- жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босатудағы құқықтық негіздемелерін зерттеу және оған құқықтық мінездеме беру;

- жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтын зерделеу арқылы шетелдік және отандық еңбектерге салыстырмалық талдау жүргізу арқылы жетілдіру;

- жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға пробациялық бақылау жүргізуді зерделеу және баға беру;

- өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасына сотталған адамдарға қатысты жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босатудың қолдану ерекшеліктерін зерттеу;

- жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға әлеуметтік көмек көрсету түрлерін анықтау және талдау;

Зерттеудің нормативтік негізі. Зерттеудің нормативтік құқықтық негізгі базасы Қазақстан Республикасының Конституциясының қағидаларынан, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару кодекстерінен, Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырудың және тағайындалған жаза мерзімін қысқартудың сот практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қаулысы, құқықорғау органдарының ведомствалық құқықтық актілері, шетелдік құқықтық нормалар, жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға байланысты ресми мәлеметтер, шолулар, жинақтар және басқа да заңға бағынышты актілерден тұрады.

Зерттеудің методологиялық және әдістемелік негіздері. Диссертациялық зерттеу барысында қазіргі заманға сай ғылыми тану әдістері қолданылған, олардың қатарына мыналар жатады: жалпы ғылымдық, арнайы (құрылымды-жүйелік), сонымен қатар эмпирикалық (айғақтарды зерттеу және жинау, талдау).

Методологиялық базаның жұмысы ретінде құқықтық, тарихи-құқықтық, заңдық-логикалық талдау, құжаттарды талдау жатады. Диссертациялық жұмысты жазу барысында ғылыми талдаудың принциптері мен жалпы материалистік диалектика тәсілі қолданылды.

Зерттеудің теориялық негізі. Жалпы құқықтық теориясы, қылмыстық құқық пен қылмыстық атқару құқығының тұжырымдамалары және жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға байланысты құқықтық реттеуіне арналған ғылыми еңбектер жатады.

Диссертациялық жұмыстың эмпирикалық базасы. Тақырыпты зерттеу барысында жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтын қолдануға қатысты Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының тәжірибесі мен статистикалық мәліметтері, сот қаулылары мен шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға қатысты материалдары, Құқықтық статистика және есепке алу комитетінің мәліметтері пайдаланылып, талдау жасалды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Диссертация Қазақстан Республикасының 2014 жылғы Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерінің және оларды қолдану тәжірибесінің негізінде жазылған, жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың тиімділігін зерттеуге арналған кешенді жұмыс болып табылады.

Қорғауға ұсынылатын диссертацияның негізгі тұжырымдары:

1-тұжырым. ҚР ҚК-нің 72-бабының 1-бөлігінің 2-абзацына сәйкес, бас бостандығын шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам осы баптың үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көрсетілген мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін, қылмысымен келтірілген залалды толық өтеген және ол жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзбаған жағдайда, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатады.

Бұл ретте, ҚР ҚК-нің 99-бабының 2-бөлігі және ҚР ҚК-нің 121 және 120-баптарының 3-бөліктерімен сотталғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды соттың құқығына белгілеу туралы ҚР ҚК-нің 72-бабының 1-бөлігіне өзгеріс енгізу қажет.

ҚР ҚК-тің 72-бабының 1-бөлігінің 2-абзацын мынадай редакцияда жазу ұсынылады:

Бас бостандығын шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам, осы Кодекстің 99-бабының 2-бөлігі және 121 және 120-баптарының 3-бөліктерімен сотталған адамдарды қоспағанда, осы баптың үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көрсетілген мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін, қылмысымен келтірілген залалды толық өтеген және ол жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзбаған жағдайда, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатады.

2-тұжырым. Қылмыстық кодекстің 72-бабының 5-бөлігіне сәйкес, сотталған адамның бас бостандығынан айыруды іс жүзінде өтеген мерзімі алты айдан кем болмауы керек делінген.

Бұл ретте, ҚК-тің 72-бабының 5-бөлігіналып тастау қажет.

3-тұжырым:

ҚР ҚПК-нің 480-бабының 2-бөлігіндегі сотталған адамның босап шыққаннан кейінгі болжамды тұратын орны мен оның жұмысқа орналасу перспективасы (туыстарының жазбаша келісімі, ұйымның, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тұрғын үй, жұмыс орнын беруі) туралы деректерді сотқа ұсын алады делінген.

ҚР ҚПК-тің 480-бабының 2-бөлігінің 3-сөйлемін мынадай редакцияда жазу ұсынылады.:

Сондай-ақ жазаны орындайтын мекеме немесе орган және сотталған адамның өзі сотталған адамның босап шыққаннан кейінгі болжамды тұратын орны және бар болған жағдайда оның жұмысқа орналасу перспективасы (туыстарының жазбаша келісімі, ұйымның, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тұрғын үй, жұмыс орнын беруі) туралы деректерді сотқа ұсына алады.

Жариялымдар. Диссертанттың зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері 2 мақалада жарық көрді.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспеден, алты бөлімшеден тұратын екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың ұғымы, құқықтық негіздері және шетел тәжірибесі.

1.2. Қазақстан Республикасындағы жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың ұғымы мен қалыптасу тарихы.

Мемлекеттің құқықтық саясатының маңызды буыны, қылмыстық саясат болып табылады, оны жетілдіру қылмыстық, қылмыстық іс-жүргізу және қылмыстық-атқару құқығын, сондай-ақ құқықта қолдануды кешенді, өзара байланыста түзету арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі [1].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында» мемлекеттік құқықтық-саясаттың ажырамас бөлігі қылмыстық, қылмыстық-атқару және қылмыстық іс-жүргізу құқықтарын өзара байланыстыра отырып, кешенді түрде дамыту екендігі атап көрсетілген [2].

Құқықтық мемлекеттің конституциялық идеялары заңнаманың құқықтық, әділеттілік, ізгілік идеяларын арқау ете түзелуінде, құқықтық тәртіпті, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының материалдық, ұйымдық-құқықтық, саяси кепілдіктерін нығайтудың пәрменді құралдарының жасалуынан көрініс табуға тиіс.

Мемлекеттің қылмыстық саясаты қылмыстық жауаптылықтан босату, жазасын өтеу, жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институттарын жетілдіруге бағытталуда.

Заңдылық пен құқық тәртібіне байланысты тәжірибелік міндеттерді шешуде мемлекетіміздің құқықтық жүйесінің бір тармағы болып табылатын қылмыстық заңның рөлі елеулі, ол заң бұзушылықтың қылмыс сияқты қауіпті түрімен күресуге бағытталған.

Бұл ретте, қылмыстық заңнамаға сәйкес жаза, қылмыстық жазадан босату, оның мақсаттары, түзеу, ізгілік сияқты маңызды сөздердің түпкілікті мағынасымен танысқанымыз абзал.

Қылмыстық жазадан босату – соттың үкімі бойынша сотталған адамды тағайындалған жазадан толық немесе ішінара босату. Босатудың мәні қоғамға аса қауіпті емес қылмыс жасаған адамға немесе қылмыстық қудалауды үнемдеуге негіз беретін өзге де жағдайларға сәйкес қылмыс жасаған адамға әсер етуден тұрады.

Жазадан босату институтының басты мақсаты сотталған адамның түзелуін ынталандыру, тез арада оны қайта тәрбиелеу, сонымен бірге жазаны қолданбай-ақ қылмыстық құқықтың мақсаттарына қол жеткізу.

Мұның барлығы қылмыстық заңның ізгілендіруін білдіреді.

Жазадан босату институты – қылмыс жасаған адамдардың белгілі санатына мемлекет тарапынан жасалатын ізгілікті қадам.

Жалпы жаза дегеніміз - сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол осы адамды құқықтары мен бостандықтарынан Қылмыстық кодексте көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады[3].

Жаза – мемлекет қолындағы маңызды құрал, ол арқылы мемлекет адамды, оның құқығын, бостандығын, заңды мүддесін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, конституциялық құрылысты, еліміздің аумақтық бүтіндігін, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін, адамзаттың бейбіт өмірі мен қауіпсіздігін қылмыстық қастандықтан қорғайды.

Ол қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың басты формасы және қылмыскерліктің алдын алу шараларының бірі болып табылады [4].

Жазаның орындалуы мемлекет күшімен қамтамасыз етіледі.

Қылмыс пен жаза – өзара тығыз байланысты құқықтық түсінік. Мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде жаза тек қылмыс үшін қолданылады. Жазаның мемлекеттік мәжбүрлеудің ерекше шарасы ретінде өңіне тән сипатты белгісі бар. Ол – жағымсыз құқықтық салдарға ұшырататын сотталғандық[5].

Жазаға тән ерекшелік – міндетті түрде жазалаудың болуы. Жазалау дегеніміз – жазаның мәжбүрлеу, зорлау сипаты. Олар күш көрсету, моральдық, материалдық және басқадай ықпал ету арқылы жүзеге асырылады. Жазаның түрлері Қылмыстық кодекстің 40-бабында толығымен қамтылған.

Әрбір мемлекеттік мәжбүрлеу шарасының өз міндеті, өзіне тән мақсаты болады. Жазаның мақсаты - жаза тағайындау, оны қолдану және іске асыру арқылы мемлекет қол жеткізуге ұмтылатын әлеуметтік нәтиже[6].

Жазаның мақсаты - әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді.

Мемлекеттік мәжбүрлеудің әр шарасының өз міндеті, өзінің ерекше мақсаттары бар. Жазаның мақсаты – мемлекеттің жаза тағайындауы, оны қолдануы мен іске асыруы арқылы қол жеткізуге ұмтылатын ақтық әлеуметтік нәтижесін айтамыз.

Жазаның басқа бір маңызды мақсаты – сотталушының түзелуі болып табылады. Мұндай мақсаттың болуы – Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасының адамгершілік бағытта болғандығының куәсі.

Бұл мақсат – жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтына тән болып келеді.

Қылмыстық құқық саласындағы қылмыстық жазадан босату институты қылмыстық атқару құқығымен ұштасып отырады.

Жазадан босатудың материалдық негізі сотталған адамға оның денсаулығына қатысты, кінәлінің түзелуі үшін жазаны толық өтеуінің қажет еместігі немесе басқа да мән-жайлардың болуымен байланысты болады.

ҚР ҚК-дежазадан босатудың мынадай түрлері қарастырылған:

- жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату;
- жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру не тағайындалған жаза мерзімін қысқарту;
- жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің, жас балаларын жалғыз тәрбиелеп отырған еркектердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру;
- ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату;
- ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарынан жазадан босату және жазаны өтеуді кейінге қалдыру;
- айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату;
- рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату[3].

Қарастырылып отырған жазадан босатудың түрлері өзінің табиғи заңдылықтарына байланысты сараланады.

Жазадан босату түрлерінің ішіндегі жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату институтына тоқталайық.

Жаза тағайындалған адам жазаны өтеу мерзімі біткенге дейін түзелуі мүмкін, сондықтан жазаны әрі қарай орындау мақсатсыз және қажетсіз болып қалады.

Осыған байланысты, қылмыстық заңда жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату институты көзделіп, ол бірқатар шартты жағдайлар болғанда адамды жазаны өтеуден одан әрі босатудан көрінеді.

ҚР ҚК-несәйкес, шартты түрде мерзімінен бұрын институты бас бостандығын шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан ересек адамдарға және бас бостандығынан айыруға, бас бостандығын шектеуге немесе түзеу жұмыстарына сотталған кәмелетке толмағандарға қатысты қолданылады.

Бұл институттың дамуы ізгілік қағидасымен орындалып, қылмыс жасаған адамның өз қателігін түсіну арқылы жақсы өмірге ынталандырып, жүрегінде үміт отын жаңдырып, оңды мінез-құлық қалыптастыру және түзелуден тұрады [7].

Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасының қағидаттарының бірі болып: адам және азамат құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін сақтау және ізгілік болып табылады [8].

Ізгілік – адамды бірінші орынға қоятын және тұлғаны ең жоғарғы құндылық деп қарастыратын тұжырымдама және дүниетанымның принципі.

Ізгілік принципінің негізі сонау көне заманнан белгілі басқа адамға деген сыйлы қатынас идеясы және оны құрал ретінде пайдаланбау болып

табылады. Сондықтан гуманизм идеясы адами мәдениет пен өркениет тарихындағы орталық ойлардың бірі.

Ізгілік қағидасы - адамның жеке тұлға ретіндегі жоғары құндылығын, оның еркін дамуға және қабілетін көрсетуге деген құқықтарын тану, қоғамдық қатынастар сапасына баға берудің өлшемі ретіндегі жеке адам игілігінің орнығуы.

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтының басты мақсаты - сотталған адамның түзелуіне ынталандыру, әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру, қылмыстық құқық нормасының мақсатына қол жеткізуге болатын әдістерді қолдану болып табылады.

Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру заң деңгейінде жаза мақсаты ретінде алғаш рет 1997 жылғы ҚР Қылмыстық кодексінде бекітілді.

Дегенмен, кеңес ғалымдарының ішінде де жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру үшін қолданылады деп санағандардың болғанын айта кету қажет.

Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мақсатының мазмұнын ашу өте күрделі шаруа. В.Н.Кудрявцев пен С.Г.Келина қылмыстық құқықтағы әлеуметтік әділеттіліктің үш деңгейін бөліп қарастырады: криминализациялаудың әділдігі, санкцияның әділдігі, жаза тағайындаудың әділдігі [9].

Егер әділдік осы аталған үш деңгейде де жүзеге асырылса, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мақсатына қол жеткізілді деуге болады.

Құқықтағы, оның ішінде қылмыстық құқықтағы, әлеуметтік әділеттілік ұғымы оның философиялық мағынадағы мазмұнының бір қырын ғана құрайды. Ең кең мағынада әлеуметтік әділеттілік қоғамдағы түрлі құбылыстар арасындағы тепе-теңдікті білдіреді, сондықтан қылмыстық құқықта әділдік қылмыс пен оның қылмыстық-құқықтық салдары арасындағы сәйкестік мағынасында түсініледі.

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату өзінің мазмұнына қарай, жазаны өтеу сатысындағы жазадан босатудың бір түрі болып табылады.

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату – сотталған адамның үлгілі мінез-құлқы және еңбекке, оқуға адал көзқарасы негізінде үкім бойынша тағайындалған жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босата отырып, оған сынақ мерзімі ішінде жаңадан қылмыс жасамау шартын қояды.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтының ерекшелігі сотталған адамға белгілі бір талаптарды орындауды талап етуден тұрады.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың негізі ретінде сотталған адамның қажетті деңгейде түзелуі және соттың осындай тұжырымға келуі болып табылады.

Сондай-ақ, жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтының идеясына сотталғанды адамды сынау арқылы, оның қоғамдағы дұрыс өмір сүруіне ынтасын дәлелдеу мүмкіндігін беру көзделген.

Жазаның өтелмеген бөлігі жазаны мерзімінен бұрын шартты түрде босатылушыға сынақ мерзімі болып табылады.

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдануда міндетті түрде екі негіз болады. Олар: материалды және формальді.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылу үшін заңмен талап етілген жазаны өтеудің ең төменгі мерзімі жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босатудың формальді негізі болып табылады. Бұл негіздер ҚК-тің 72-бабының 3 және 4-бөліктерінде көзделген[10].

Материалдық негіз – мерзімінен бұрын шартты түрде босатылатын адамның сотпен тағайындалған жазаны өтеу барысында өзінің түзелгендігін дәлелдеуі. Түзелгендігі ең алымен үлгілі мінез-құлқымен дәлелденеді.

Бұл ретте, сотталушының түзеу мекемесінде жазасын өтеу кезіндегі жүріс-тұрысы, үлгілі мінез-құлқы, қоғамдық өмір мен тәрбиелік шараларға белсенді қатысуы, қылмысымен келтірілген залалды өтеуге шаралар қолдануы, еңбек етуі және басқа да деректер назарға алынады.

Адамның түзелуі дегеніміз – сотталған адамның құқыққа бағынушылық мінез-құлқын, жеке басқа, қоғамға, еңбекке, қоғамдағы мінез-құлқ нормаларына, қағидаларына және әдебіне жағымды көзқарасын қалыптастыру.

Сотталған адамның түзелуі біріншіден оның қоғамға қауіпсіздігінен және үлгілі мінез-құлқынан басталады. Сот мұндай пікірге келер алдында сотталушының жаза өтеу мерзіміндегі барлық әрекеттеріне терең талдау жүргізеді[11].

Ғалым Е.Қайыржановтың пікірі бойынша түзеу дегеніміз – бұл сотталған адамның психикасынан қылмыс жасауға итермелеген теріс әдеттерден аластату, оны жаңадан басқа қылмыстар жасауға апармайтын қылықтар мен көзқарастарға дағдыландыру[7].

Ал, ғалым Б.Жүнісовтің пікіріне сәйкес түзеу дегеніміз – ол қылмыстың алдын алу құралы қызметін атқарады дейді [12].

С.М. Рахметовтың пікірінше түзеу дегеніміз – адам бойындағы қылмыс жасауға итермелейтін қасиеттерді жою. Түзеудің мақсаты адамның мінез-құлқын, іс-әрекетін қайта қалыптастыру жаңа қылмыс жасауға себеп болатын бойындағы теріс қасиеттерден оның арылуына мүмкіндік туғызу [13].

И.С. Ной түзеу терминінің моральдық түзеу және заңдық мағынадағы түзеу аспектісінде қарауды ұсынады. Бұл ретте, оның тұжырымы бойынша «заңдық түзеу» деген әлеуметтік алдын алудың мақсатына жетуді білдіреді дегенді айтады. Заңдық түзеу моральдық түзеудің заңды нәтижесі және тәжірибеде олар бір-бірінен бөлінбейді[14].

Сонымен қатар, жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату институты әлеуметтік әділеттілік қағидасыменде байланысты.

М.П. Мелентьев пен В.А. Корчинский бұл қағида бойынша былай жазған: Жазаның орындалу барысында қоғамға қауіптілік дәрежесі елеулі түрде түзелуге дейін төмендейді. Егер де біз сотталған адамның жағымды

мінез-құлөын ескермей, оған тиісті көңіл бөлмесе, онда сөзсіз әлеуметтік әділдік қағидасымен қарама-қайшылықта боламыз[15].

Ал, ғалым В.И.Селиверстов бұл мәселе бойынша былай деген: Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдардың қоғамға қауіптілік дәрежесі әр түрлі болғандықтан, әлеуметтік әділеттілік қағидасын негізге алып, олардың құқықтық жағдайының өзгеруіне жеке даралықпен қарау қажет[16].

Жалпы түзеу жолына түскен адамды түзеу мекемесінде қалдыру әділетсіздік деп санауға негізді, мұндай жағдай сотталған адамның ызасын күшейтіп, қол жеткізген жағымды нәтижеге кері әсерін тигізеді.

Сондай-ақ, бұл институттың басым бағыты болып адамның өз кінәсін түсіну арқылы түзелуіне мүмкіндік беру, онды мінез-құллықты қалыптастыру, әлеуметтік ортаға бейімделуге ықпал жасау болып табылады.

Қылмыстық-құқықтық әдебиетте түзелудің түпкі нәтижесі ретіндегі сотталған адамның бойындағы оң өзгерістердің көлемі жайында түрлі ойлар айтылады.

И.С. Ной құқықтық және моральдық түзелуді бөліп қарастырады. Құқықтық түзелу деп ол сотталған адамның жаңа қылмыс жасамауын, ал моральдық түзелу деп оның санасындағы қоғамға жат көзқарастарды жоюды түсінетін [17].

И.И. Карпец бұлайша бөліп-жаруды құптамай, түзелу деп сотталған адамның жазадан қорыққанынан болса да жаңа қылмыс жасамауын түсіну керек деп санаған [18].

Өз кезегінде И.В. Шмаров адамның қандай себептер бойынша (көзқарастарының өзгеруі салдарынан ба, жазадан қорыққанынан ба) қылмыс жасамайтынын анықтау мүмкіндігін теріске шығарады [19].

Н.Ф. Кузнецова «егер адам рецидив қауіпті болудан қалса, жаза қылмыскерді түзеу мақсатына жетті деген сөз», – дейді [20].

Түзеу мақсатына қол жеткізілгендігінің объективтік көрсеткіштері туралы мәселе жиі көтеріледі. Өкінішке орай, ғылым сотталған адамның түзелгенін дәлелдейтін формальдық жіктерді ұсына алмайды. Сондықтан, жазаның алдына тек қана сотталған адамды құқықтық тұрғыдан түзеу мақсатын қою керек деп санайтын ғалымдардың пікірімен келіскен жөн.

Айталық, М.Д. Шаргородский жазаның көмегімен екі түрлі қалаулы нәтижеге қол жеткізуге болады деп санайды: а) жазаны өз басынан өткерген адам жазадан қорыққандығынан жаңадан қылмыс жасамайды, бірақ бұл адамды моральдық тұрғыдан түзелген адам деп тануға болмайды; б) жазаны басынан өткерген адам өзінің бұрынғы мінез-құлқын мінеп, жаңадан қылмыс жасамайды, демек, бұл субъект мораль тұрғысынан түзелді деген сөз. Екі жағдайда да адамды құқықтық мағынада түзелді деп тануға негіз бар, өйткені ол жаңадан қылмыс жасамайды [21].

Олай болса, қылмыстық-құқықтық мағынада түзеу мақсаты қылмыскерден қылмыскер емес адамды жасаумен шектеледі. Ал бұл

мақсатқа қол жеткізілгендігінің объективтік көрсеткіші рецидивтік қылмыстылықтың деңгейі бола алады.

Заңда бекітілген жаза мақсаттарының тағы бір түрлері: 1) сотталған адамның да; 2) басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу деп қылмыстылықтың себептері мен шарттарын жоюға бағытталған мемлекеттік органдар мен қоғам тарапынан жүзеге асырылатын экономикалық, әлеуметтік, тәрбиелік, құқықтық сипаттағы шаралардың жүйесі танылады. Жаза осындай шаралардың құрамдас бөлігі болғандықтан, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу – оның ажырамас қасиеті.

С.В. Максимов жалпы алдын алудың мазмұны жаза қолдану қатерімен шектеледі деп санайды. Қылмыстық құқық теориясында жалпы алдын алу деп қылмыстық заңның және оның қолданылуының адамдардың заңға сай мінез-құлқын қамтамасыз ету қасиеті түсініледі [22].

Өзінің ішкі сипаты бойынша жалпы алдын алу мемлекеттік-құқықтық сипаттағы шаралар жүйесінің көмегімен адамдардың санасына психологиялық-тәрбиелік әсер ету болып табылады.

Адамдарды қылмыс жасаудан айныта отырып, жалпы алдын алушылық әсер олардың бойында кейіннен мінез-құлық ережесіне айналатын психологиялық рефлекс қалыптастырады.

Жазаның жалпы алдын алушылық әсерінің негізін оның алдындағы қорқыныш сезімі құрайды. Норвегиялық ғалым И. Анденестің ойынша, әшекереленіп, жазаға тартылу қаупі әрқашан қылмыс жасаудан келетін пайдадан асып түсетіндей болуы керек [23].

Дегенмен, айтылғандармен қатар қылмыстық заң және оны қолдану тәжірибесі моральдық тыйымдарды күшейту, қылмыстық-құқықтық конформизмді орнықтыру жолымен де қылмыс жасаудан айныта алады.

Жалпы алдын алу мәселесін зерттеген ғалымдардың арасында оның күші тарайтын адамдар аясын анықтауда бірауыздылық жоқ.

Айталық, И.С. Ной жалпы алдын алу барлық адамдарға тәрбиелік әсер етеді деп санайды [16].

С.В. Максимовтың ойынша, жалпы алдын алу әлеуметтік тұрғыдан бейтарап адамдар тобына нәтижелі әсер етеді [22]. И. Анденес болса, жаза қатері қылмыс жасауға бейім адамдарды ғана қылмыс жасаудан айныта алады деп пайымдайды [23].

Арнайы алдын алу жаза мақсаты ретінде бұрын қылмыс жасаған адамдар тарапынан қылмыс жасауға жол бермеуді көздейді. Егер жалпы алдын алу деп жазаның қоғамның барлық мүшелеріне әсері түсінілетін болса, арнайы алдын алу деп жазаның жазаланушы адамға әсері түсініледі.

И.И. Карпец арнайы алдын алу мақсатын қамтамасыз етудің екі тәсілін атайды: а) қылмыскерді қылмыс жасау мүмкіндігінен айыру; б) қылмыскердің психикасына әсер ету. Қылмыскердің психикасына әсер ету қасиеті жазаның барлық түрлерінде бар, ал қылмыс жасау мүмкіндігінен

айыру жазаның жекелеген түрлеріне (белгілі бір лауазым атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, қамаққа алу, бас бостандығынан айыру, өлім жазасы) ғана тән [18].

Жазаның арнайы алдын алушылық әсері жөнінде қай уақытқа қатысты айтуға болады деген сұрақ ғалымдар қауымын толғандырады. Бір авторлар жазасын өтеп жүрген адамдар осы кезең ішінде қылмыс жасамаса, арнайы алдын алу мақсатына қол жеткізілді деп пайымдайды. Авторлардың өзге бір тобының пікірінше, арнайы алдын алу мақсатына қол жеткізілді деу үшін адам жазасын өтеген соң да қылмыс жасамауы керек.

Бізге бірінші авторлардың пікірі дұрысырақ көрінеді, өйткені жазаны өтеген соң қылмыс жасамау – арнайы алдын алу мақсатына қол жеткізілгендігінің емес, сотталған адамның түзелгендігінің көрсеткіші. Басқаша түсінген жағдайда заңда бекітілген «қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды түзеу» және «арнайы алдын алу» мақсаттары бір-бірін айнытпай қайталаған болар еді.

Негізі, жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың алғашқы тәжірибесі 1832 жылы Францияда басталып, 1862 жылы Саксония (Германия), одан кейін Австрия, Венгрия, Италия, Голландия және басқа да мемлекеттердің құқықтық жүйесіне енгізіліп, ізгілік принципі мен адамның түзелуге ынталануына және түзеу мекемелерінде тәртіптің тиісті деңгейде сақталуына бастама болды.

Мәселен, Францияда 1884 жылы 3776 адамдар жазалардын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылса, олардың ішінде тек 27 жазаның өтелмеген бөлігін қайта өтеу үшін түзеу мекемесіне қайтарылған [24].

Қазақтың әдет-ғұрып заңдарында жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты қарастырылмаған, бірақ әдет-ғұрып заңдар қазақ халқының арасында ұзақ уақыт бойы патриархалды-феодалдық қатынастарда қызмет етіп, елеулі маңызға ие болған.

Қазақ жерінде құқықтың негізгі қайнар көзі ретінде қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптар заңдары қолданылып келген. Кейін Ресей империясына қосылғаннан кейін жалпы империялық қылмыстық заңдар қолданыла бастады.

Ата-бабаларымыздан мұра ретінде қалған заңдардың бүгінгі күнгі заңдарымызға бастау болғандықтан, олардың тарихы мен басты негіздеріне шолу жасағанымыз жөн.

Жоғарыда аты аталған ежелгі мемлекеттердің құрамында болған қазақ ұлысының да өзіне тән заң ережелері, сот ісінің озық үлгісі - билер үкімі құқықтық нормалардың принциптерін атқарып келді. Бүгінгі ұрпағымыздың құлағына анық жетіп, көкейіне қонған: «Түгел сөздің түбі – бір, түп атасы – Майқы би» деген ұлы сөздің мағынасы тым тереңде жатыр.

Еліміздегі билер сотының осы Майқы биден бастау алатыны – тарихи шындық. Содан бері Қазақ елінде қалыптасқан билер бітімі әр кезеңдегі мемлекеттік құрылым-жүйеге қарай дамып, өркендеп отырды. XVI ғасырдағы Қасым хан шығарған «Қасым ханның қасқа жолы» деген заң

жарлығы, Есім хан жарлық еткен «Есім ханның ескі жолы» өз дәуіріндегі заң-жарғылардың, мемлекеттік құқықтардың жинақталған озық үлгісіне айналды.

Қазақ әдет-ғұрып заңдары мынадай негізгі қайнар көздерден тұрған: адат және заң, бидің билігі және ережелер.

Ғасырдан-ғасырға жалғасқан осындай дәстүрлі құқықтық әдет-ғұрып, заңдарды мемлекет мүддесіне сай жаңаша жасаған, «хан біткеннің қазығы болған» XVII – XVIII ғасырдағы Әз Тәуке ханның «Жеті Жарғы» заңдар ережесінің маңызы зор болды.

Қасым хан өзі билік жүргізген жылдары қазақ қоғамындағы құқықтық нормаларды реттеу мақсатымен алғашқы қазақ заңы – «Қасқа жолды» жарыққа шығарды. Бұл заң қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдеп-ғұрып ережелері негізінде жасалды.

Есім хан билік еткен тұста қазақ хандығының әскери қуаты күшейді. Ел билеудегі жол-жобалар мен әдет-ғұрыптар туралы ережелер жинағы – «Есім ханның ескі жолы» қазақ елінде XIX ғасыр ортасына дейін сақталып, қызмет етті. Есім ханның тұсында қазақ халқы арасындағы жеті атаға дейін некеге тұрмау тәртібі заңдастырылғаны туралы айтылады. Есім хан қазақ халқының ата салтының сақталуына шешуші мән берді. Қазақ хандығының бірлігін нығайтып, шекарасын кеңейтуге үлкен үлес қосты.

Ұлттық мәдениет тарихындағы кесек тұлғаның бірі – Есім ханның немересі, Салқам Жәңгірдің баласы Тәуке хан 1680-1718 жылдарда хандық тізгінін мығым, бекем ұстаған. Халқының ынтымақшыл, ұйымшыл болуына ұшан-теңіз қажыр-қайрат жұмсаған. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қазақтың түп атасы» деген еңбегіндегі деректерге зейін қойсақ, оны «Әз Тәуке», «адамзаттың данасы» деп атаған.

Тәуке хан тұсында атақты «Жеті Жарғы» дүниеге келген. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, Тәуке хан қырық атадан үздік шыққан 40 биді таңдап, солармен, ақылдасып, қорытындысында «Жеті Жарғыны» жүйелеген.

Бұл халықтың жуан ортасынан шыққан үздік ойлы, дарынды, тапқыр тілді, алғыр ұйымдастырушылардың қалыс қалмауына даңғыл жол ашты. Тәуке ханның ұйымдастыруымен толықтырылған, жинақталған, жүйеленген «Жеті Жарғы» Ресей тарихында «Тәуке хан заңдары» деп айтылады. Сондай-ақ ол халық мұрасының жанашыр жинаушысы, қазақтың ру-тайпаларының таңбаларын, ұрандарын бір ізге түсіруші де.

Сегіз ғасырдан астам уақыт осындай ерекшелігімен халық мүддесіне, ұлттық салт-дәстүрге қызмет етіп келген көне заңдар ережесі 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін өз күшін жоймай, дәстүрлі қазақ заң құқықтарының нормалық жиынтығы болып келген еді.

Жалпы, қазақ әдет-ғұрыптарында шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылмай, бұл институт тек Ресей Империясына қосылғалы пайда болды [25].

Халық шаруашылығын қалпына келтіру үшін бейбіт еңбекке өту кезеңінде кеңестік қылмыстық заңды кодификациялау процесі жүргізіліп,

Кеңес республикаларының қылмыстық кодекстері әзірленіп, жалпы одақтың қылмыстық заңдар негіздері құрылады.

1922 жылы социалистік мемлекеттің бірінші Қылмыстық кодексі қабылданады (1922 жыл РКФСР Қылмыстық кодексі).

1922 жылғы Қылмыстық кодексінің жалпы бөлімінің бесінші тарауы жазаны өтеу тәртібіне арналып, осы тарауда жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын мәселесі де қарастырылған болатын [26].

Осы Қылмыстық кодексте мерзімінен бұрын шартты түрде босату түзелгендігін білдірген бас бостандығынан айыру жазасын немесе мәжбүрлеу жұмыстарын өтеп жатқан адамдарға қолданылатын болған.

Мерзімінен бұрын босату туралы өтінішті сотталған адам жаза мерзімінің жартысын өтегеннен кейін құқығы болса, ол өтінішті сотталған адам, оның туыстары және басқа да мекемелер беруге құқылы болған.

1920 жылдары қамауға алынғандарды мерзімінен бұрын шартты түрде босату туралы бір реттік актілерде қабылданған. Мысалы, 1924 жылдың 22 ақпанында КСРО ОАК декретімен әйелдер мерекесі қарсаңында тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын өтеген және жаңа қылмыс жасау қаупін тудырмаған жұмысшы және шаруа әйелдер тұтқыннан шартты түрде босатылған [27].

31 қазан 1924 жылы қабылданған КСРО және Одақтас республикалар қылмыстық заңның негізгі бастауларына мерзімінен бұрын шартты түрде босату мәселелері туралы айтыла басталып, осы заңның 4-бөлімі шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтына арналған еді. Негізгі бастауларда шартты түрде мерзімінен босатылу үшін өтелуге тиіс мерзім көрсетілмей, бұл мәселе Одақтас республикалардың құзыретіне берілді.

22 қараша 1926 жылғы қаулысымен жаңа РКФСР Қылмыстық кодексі күшіне енді. Мерзімінен бұрын босату үкім бойынша тағайындалған әлеуметтік шараны одан әрі өтеуден босату немесе неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыру болып табылып, РКФСР Еңбекпен түзеу кодексінде қолданыла бастайды.

1926 жылдың 6 қарашасында КСРО ОАК және ХКК қаулысымен КСРО және Одақтас республикалардың негізгі заңының мерзімінен бұрын шартты түрде босатуға арналған 38-бабына өзгертулер енгізіледі.

Яғни, мерзімді әлеуметтік қорғау шараларына сотталғандар мен түзелгендігін білдіргендерге сот белгіленген әлеуметтік қорғау шарасының кемінде үштен бірін өтегеннен кейін мерзімінен бұрын босатылу мүмкіндігі көзделген.

20 мамыр 1930 жылы Халық Комиссариат Кеңесінің қаулысымен РКФСР Қылмыстық кодексінің 56-бабына өзгеріс енгізіледі. Яғни, егер мерзімді әлеуметтік қорғау шараларына кесілген адамдар түзелгендігін білдірсе, олар үкім бойынша тағайындалған әлеуметтік қорғау шарасын одан әрі өтеуден мерзімінен бұрын босатылатыны айтылған.

РКФСР Халық Комиссариат Кеңесі және Жалпы одақтық атқару комитетінің 1933 жылғы 1 тамыздағы қаулысымен жаңа Еңбекпен түзеу

кодексі енгізіліп, бұл қаулының арнайы бөлігі шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселесіне арналды.

1933 жылғы РКФСР Еңбек кодексінің 124-бабына сәйкес, шартты түрде мерзімінен бұрын босату бақылау жүргізетін комиссиялармен бас бостандығынан айырылғандар, еңбекпен түзеу жұмыстарымен қоса жер аударуға кесілгендер және бас бостандығынан айырусыз еңбекпен түзеу жұмыстарын атқарып жатқан адамдарға жұмыс күндерін қоса есептемегенде сот тағайындаған әлеуметтік қорғау шарасының кемінде жартысы өтелгеннен кейін қолдану мүмкін болған.

Сонымен қатар, Еңбекпен түзеу кодексінде шартты түрде мерзімінен бұрын босату бас бостандығынан айырылған адамдарды әлеуметтік қорғау шарасынан толық немесе 1 жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айырусыз еңбекпен түзеу жұмыстарына ауыстыру арқылы қолданылған.

Отызыншы жылдардың ортасынан бастап мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды қолдану тәжірибесі қысқартылды. Ал 1939 жылы бұл институтты қолдану тоқтатылды. М.М. Исаевтің пікірінші жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану тәжірибесінің сол замандарда бірқатар жағымсыз жақтары болды [28].

1954 жылғы 14 шілдедегі «Қамауға алу орындарында мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды енгізу туралы» КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының жарлығымен мерзімінен бұрын шартты түрде босату институтын қайта жаңғырды [29].

Осы жарлыққа сәйкес, шартты түрде мерзімінен бұрын босату бұрынғы тәжірибе бойынша екі түрде: мерзімін одан әрі өтеуден толық босату және оны жеңіл жаза түрімен ауыстыру арқылы жүзеге асырылды.

Қазақ ССР 1959 жылғы ҚР ҚК-дешартты түрде мерзімінен бұрын босату институты осы кодекстің 46, 46.1 және 47-баптарында көзделген [30].

ҚР ҚКталаптарына сәйкес, шартты түрде мерзімінен бұрын босату бас бостандығынан айыруға, түзеу жұмыстарына немесе тәртіптік батальонға жіберуге сотталған адамдарға қолданылатын және ол үшін сотталған адам өзінің мінез-құлқымен және еңбекке адал қараумен түзелгенін дәлелдеуі тиіс болатын.

Сонымен қатар, 1959 жылғы ҚР ҚК-дежазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыру сотталған адам тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын іс жүзінде өтегеннен кейін қолданылуы мүмкін.

Жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды жазаны атқаруды жүргізетін органның және халық депутаттары жергілікті Кеңесінің Атқарушы комитеті жанындағы бақылау комиссиясының бірлескен ұсынысы, ал жазасын тәртіптік батальонда өтушіге - тәртіптік батальон қолбасшылығының ұсынысы бойынша сот қарауға құқылы болған.

Ал, жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату төмендегі сотталғандар үшін жаза мерзімінің кемінде үштен екісі іс жүзінде өтегеннен кейін қолданылуы мүмкін болған.

Нақтылағанда:

1) қасақана қылмысы үшін үш жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға;

2) қасақана қылмысы үшін бұрын бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеген және соттылығы жойылғанға немесе жойылғанға дейін жаңадан қасақана қылмыс жасаған, олар бас бостандығынан айыруға сотталған;

3) бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеу кезінде олар бас бостандығынан айыруға сотталған қасақана қылмыс жасағандар.

Сондай-ақ, 1959 жылғы Қылмыстық кодекстің 46.1-бабында жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылмайтын жағдайлар көрсетілген.

Сонымен қатар, 1959 жылғы ҚР ҚК-нің 46.1-бабында жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату аса қауіпті рецидивисттерге, аса қауіпті мемлекеттік қылмыс үшін сотталған адамға, егер бұрынғы қылмыс үшін соттылық заңда белгіленген тәртіппен алынбаған немесе өтелмеген болса, қасақана қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға бұрын екі реттен артық сотталған адамға, бұрын бас бостандығынан айыру орындарынан сот тағайындаған жаза мерзімі шартты түрде мерзімінен бұрын толық өтегенге дейін босатылған және жазаның өтелмеген бөлігі немесе міндетті жұмыс мерзімі ішінде жаңадан қасақана қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайтыны көзделген.

Қазақ ССР 1959 жылғы ҚР ҚК-дешартты түрде мерзімінен бұрын босату талаптарының қатаңдығы мен сотталғандардың мерзімінен бұрын босатылу қиыншылығы анық байқалады.

1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап Тәуелсіз елімізде жаңа ҚР ҚК-і күшіне еніп, ол қолданыла бастады. Бұл кодекс 1997 жылдың 16 шілдесінде қабылданды.

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату талаптары 1997 жылғы ҚР ҚК-нің 70-бабында көзделген.

1997 жылғы ҚР ҚК-несәйкес, шартты түрде мерзімінен бұрын босату түзеу жұмыстарына, әскери қызмет бойынша шектеу, бас бостандығын шектеу және бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан адамдарға қатысты қолданылған [31].

Одан бөлек, бұл кодексте шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға үміткер адам өзінің құқық бұзбайтын мінез-құлқын, еңбекке адал қарағанын, көркемөнерпаздар ұйымдарының жұмысына және тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысқанын дәлелдеу тиіс болатын.

1997 жылғы ҚР ҚК-теалғаш рет өмір бойына бас бостандығынан айырылған адамға жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндігі берілді. Ол үшін сотталған тағайындалған жазаның 25 жылын өтеуі және сот оның жазаны одан әрі өтеуді қажет етпейді деп тануы қажет болды.

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату талаптары 1997 жылғы ҚР ҚК-нің70-бабында көзделген.

1997 жылғы ҚР ҚК-кесәйкес, шартты түрде мерзімінен бұрын босату түзеу жұмыстарына, әскери қызмет бойынша шектеу, бас бостандығын шектеу және бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан адамдарға қатысты қолданылған.

Одан бөлек, бұл кодексте шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға үміткер адам өзінің құқық бұзбайтын мінез-құлқын, еңбекке адал қарағанын, көркемөнерпаздар ұйымдарының жұмысына және тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысқанын дәлелдеу тиіс болатын.

Сонымен бірге, ҚР ҚК-нің70-бабының 3-бөлігінде, шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың формальді негіздері, яғни тағайындалған жаза мерзімінің босатылу үшін міндетті түрде өтелуге тиіс мерзімдері көрсетілген.

1997 жылғы ҚР ҚК-деалғаш рет өмір бойына бас бостандығынан айырылған адамға жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндігі берілді. Ол үшін сотталған тағайындалған жазаның 25 жылын өтеуі және сот оның жазаны одан әрі өтеуді қажет етпейді деп тануы қажет болды.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (2014 жылы 3 шілдеде қабылданды) күшіне еніп, қолданыла бастады. Бұл Қылмыстық кодексте бірқатар өзгерістер пайда болды.

2014 жылғы ҚР ҚК-нің72-бабында жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату талаптары айқындалды.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату құқығы тек бас бостандығынан айыру және шектеу жазасына сотталғандарға қолданыла бастады. Бұл кодекс талабында шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың тәртібі нақтылана түсті [3].

1997 жылғы ҚР ҚК-неқарағанда қолданыстағы қылмыстық заңнамаға сәйкес, сотталғанды шартты түрде мерзімінен бұрын босату үшін оның құқық бұзбайтын мінез-құлқына, еңбекке адал қарауына, көркемөнерпаздар ұйымдарының жұмысына және тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысқанына басты назар аудару қажеттілігінің болмауында.

1997 жылғы ҚР ҚК-де сот адамды шартты түрде мерзімінен бұрын босату үшін жоғарыдағы талаптарды негізге алса, ал жаңа кодексте бұл талаптар міндетті болмай, ең басты негіз болып тиісті мерзім мен келтірілген зардапты өтеу және жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзбау болып табылады.

Жалпы қылмыстық заңнамамыз замаң талабына сай өзгеріп, оның ерекшеліктеріне адам құқығы мен бостандықтары, жариялылық пен ізгілік қағидаларының басты назарда екендігі байқалып, мемлекетіміздегі түзеу мекемелеріндегі адам санын азайту бағытындағы салихалы құқықтық саясатымыздың көрінісі.

1.2. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың құқықтық негіздері, қолдануы және күшін жоюдың тәртібі.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстеріне сәйкес, сотталғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселелері бойынша бірқатар өзгерістер енгізілді.

Еліміз тәуелсіз болып жарияланғаннан бастап мемлекетімізде үш Қылмыстық кодекстері қолдануда. Барлық Қылмыстық кодекстерде жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтының ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар.

Жыл өте әр Қылмыстық кодекс заман талабына сай өзгерістерге ұшырап, ондағы талаптарда ізгілік қағидасы туындап, халықаралық стандарттарға сәйкес болуда.

1991-1997 жылдары қолданыста болған Қазақ ССР 1959 жылғы Қылмыстық кодексінде шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты осы кодекстің 46, 46.1 және 47-баптарында көзделген [30].

Аталған кодекс талаптарына сәйкес, шартты түрде мерзімінен бұрын босату бас бостандығынан айыруға, түзеу жұмыстарына немесе тәртіптік батальонға жіберуге сотталған адамдарға қолданылатын және ол үшін сотталған адам өзінің мінез-құлқымен және еңбекке адал қараумен түзелгенін дәлелдеуі тиіс болатын.

Сонымен қатар, 1959 жылғы Қылмыстық кодексте жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыру сотталған адам тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын іс жүзінде өтегеннен кейін қолданылуы мүмкін.

Жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды жазаны атқаруды жүргізетін органның және халық депутаттары жергілікті Кеңесінің Атқарушы комитеті жанындағы бақылау комиссиясының бірлескен ұсынысы, ал жазасын тәртіптік батальонда өтушіге - тәртіптік батальон қолбасшылығының ұсынысы бойынша сот қарауға құқылы болған.

Ал, жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату төмендегі сотталғандар үшін жаза мерзімінің кемінде үштен екісі іс жүзінде өтегеннен кейін қолданылуы мүмкін болған.

Нақтылағанда:

1) қасақана қылмысы үшін үш жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға;

2) қасақана қылмысы үшін бұрын бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеген және соттылығы жойылғанға немесе жойылғанға дейін жаңадан қасақана қылмыс жасаған, олар бас бостандығынан айыруға сотталған;

3) бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеу кезінде олар бас бостандығынан айыруға сотталған қасақана қылмыс жасағандар.

Сондай-ақ, 1959 жылғы Қылмыстық кодекстің 46.1-бабында жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылмайтын жағдайлар көрсетілген.

Қазақ ССР 1959 жылғы Қылмыстық кодексінде шартты түрде мерзімінен бұрын босату талаптарының қатаңдығы мен сотталғандардың мерзімінен бұрын босатылу қиыншылығы анық байқалады.

1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап Тәуелсіз елімізде жаңа Қылмыстық кодекс күшіне еніп, ол қолданыла бастады. Бұл кодекс 1997 жылдың 16 шілдесінде қабылданды.

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату талаптары 1997 жылғы Қылмыстық кодекстің 70-бабында көзделген.

1997 жылғы Қылмыстық кодекске сәйкес, шартты түрде мерзімінен бұрын босату түзеу жұмыстарына, әскери қызмет бойынша шектеу, бас бостандығын шектеу және бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан адамдарға қатысты қолданылған.

Одан бөлек, бұл кодексте шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға үміткер адам өзінің құқық бұзбайтын мінез-құлқын, еңбекке адал қарағанын, көркемөнерпаздар ұйымдарының жұмысына және тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысқанын дәлелдеу тиіс болатын.

Сонымен бірге, Қылмыстық кодекстің 70-бабының 3-бөлігінде, шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың формальді негіздері, яғни тағайындалған жаза мерзімінің босатылу үшін міндетті түрде өтелуге тиіс мерзімдері көрсетілген.

1997 жылғы Қылмыстық кодексте алғаш рет өмір бойынна бас бостандығынан айырылған адамға жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндігі берілді. Ол үшін сотталған тағайындалған жазаның 25 жылын өтеуі және сот оның жазаны одан әрі өтеуді қажет етпейді деп тануы қажет болды [31].

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа Қылмыстық кодекс (2014 жылы 3 шілдеде қабылданды) күшіне еніп, қолданыла бастады. Бұл Қылмыстық кодексте бірқатар өзгерістер пайда болды.

2014 жылғы Қылмыстық кодекстің 72-бабында жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату талаптары айқындалды.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату құқығы тек бас бостандығынан айыру және шектеу жазасына сотталғандарға қолданыла бастады. Бұл кодекс талабында шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың тәртібі нақтылана түсті.

Яғни, егер де сот адамның түзелуі үшін тағайындалған жазаны толық өтеуі қажет етілмейді деп танитын болса, сот бас бостандығын шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамды олар тиісті мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатуы мүмкін.

Одан бөлек, 2014 жылғы Қылмыстық кодекске сәйкес, сотталған адам тиісті мерзімде өтегеннен кейін, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін

қаскөйлікпен бұзбаған болса және қылмысымен келтірілген залал толық өтесе, ол шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатады.

Яғни, жоғарыда аталған 3 талап сотталған адамның мерзімінен бұрын босатылуына нақты құқықтық негіздері болып табылады және бұл ізгілік қағидасының бір көрінісі.

Ізгілік қағидасын жалғастыра отырып, жаңа Қылмыстық кодексте жүкті әйелдерге, жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылу үшін өтелуге тиіс бөлек мерзімдері көзделген. Сәйкесінше өтеу мерзімдері елеулі төмендеген.

Өмір бойына бас бостандығынан айырылған адамға тағайындалған жаза мерзімінің 15 жылын өтегеннен кейін босатылу мүмкіндігі туындады.

Нақтыласақ, егер сот тағайындаған өмір бойына бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам процесік келісімнің барлық талаптарын орындаса, ол бас бостандығынан айырудың кемінде он бес жылын іс жүзінде өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін екендігі көзделді.

Яғни, жаңа қылмыстық заңнамада сотталушының жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың құқықтық негіздері нақтыланды және мүмкіндіктері арта түсті, жаңа қосымша талаптар енгізіліп, ізгілік қағидасы кеңінен көрініс тауып, еліміздің құқықтық саясатының жүзеге асуына үлес қосуда.

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың сотпен қаралу тәртібі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексімен реттелген.

1997 жылғы ҚР ҚІЖК-де жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату тәртібі 454 және 455-баптарында көзделген. Ескі кодексте бұл институтты қолдануды басты ерекшелігі онда сотталушыны шартты түрде босату үшін жәбірленушінің немесе өкілінің пікірі назарға алынатын.

Ал, қолданыстағы ҚР ҚПК-де жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты 476, 477, 478 және 480-баптарымен реттеліп, оның талаптарында жебірленушінің пікірін ескеру міндеті алынып тасталған.

Сонымен қатар, жаңа ҚР ҚПК-де жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылатын адамға қатысты материалдарды жинақтауға байланысты талаптар көзделген.

Атап айтсақ, жазаны орындайтын мекеме немесе орган сотқа заңды шешім қабылдау үшін маңызы бар, оның ішінде сотталған адамның сот үкімі бойынша тағайындалған жазаны өтеген мерзімін растайтын материалдарды, оның қылмыс арқылы келтірген залалды өтегені туралы мәліметтерді, сотталған адамның алкогольизмнен және нашақорлықтан емделгені және оның нәтижелері туралы, міндетті түрде емдеуді қажет ететін өзге де

ауруларының бар-жоғы туралы, отбасы мүшелерімен қарым-қатынасы және басқалары туралы мәліметтерді қоса алғанда, оның жазаны өтеу уақытындағы мінез-құлқын сипаттайтын егжей-тегжейлі деректерді ұсынуға міндетті [32].

Өз кезегінде ескі редакциядағы ҚР ҚІЖК-де сотталушыға қатысты мәліметтері тек 1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 169-бабының көзделген болатын.

Қылмыстық кодекстің 72-бабының 1-бөлігінде, егер сот адамның түзелуі үшін тағайындалған жазаны толық өтеуі қажет етілмейді деп танитын болса, сот бас бостандығын шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамды қылмыстық заңнамада көрсетілген мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатуы мүмкін екендігі көзделген [3].

Бас бостандығын шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам ҚР ҚК-нің 72-бабының үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көрсетілген мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін, қылмысымен келтірілген залалды толық өтеген және ол жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзбаған жағдайда, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатады.

Сонымен қатар, адамдардың қаза табуына әкеп соқтырмаған және аса ауыр қылмыстың жасалуымен ұштаспаған террористік немесе экстремистік қылмысы үшін тағайындалған бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам, қылмыстық заңнамада көрсетілген мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін, егер ол террористік немесе экстремистік қылмыстарды болдырмауға, ашуға немесе тергеп-тексеруге, террористік немесе экстремистік топтардың қатысушыларын әшкерелеуге белсенді түрде жәрдемдескен болса, сот оны шартты түрде мерзімінен бұрын босатуы мүмкін.

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырудың және тағайындалған жаза мерзімін қысқартудың сот практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 2 қазандағы №6 нормативтік қаулысына сәйкес, ҚР ҚК-нің 72-бабы бірінші бөлігінің екінші және үшінші абзацтары шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолданудың арнайы шарттарын көздейді.

Егер сот сотталған адамның жазаның заңмен көзделген мерзімін нақтылы өтеумен қатар жазаны өтеу режимін қаскөйлікпен бұзбағанын және қылмыспен келтірілген залалды толық көлемде өтегенін анықтаса, онда ол ҚК-нің 72-бабы бірінші бөлігінің екінші абзацына сәйкес, қандай да бір қосымша шарттарсыз шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға жатады.

Сотталған адамды осы екі шарттың ең болмағанда біреуі болмаған кезде шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы мәселені ҚК-нің 72-бабы бірінші бөлігінің бірінші абзацында бекітілген қағидаларға сәйкес сот шешеді.

Қылмыстық әрекеттің салдарынан келтірілген материалдық залалды

өтеу туралы өзіне талап қойылмаған сотталған адам, қаскөйлікпен бұзушылықтар болмаған жағдайда, белгіленген жаза мерзімін өтегеннен кейін міндетті түрде шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға жатады [33].

Сол сияқты, сотталған адамнан сот үкімі бойынша өндірілген процестік шығындар өтеуге жататын залалға жатпайтыны көзделген.

Сотталған адам төмендегі мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін, оған шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндігі көзделген:

- онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін;
- ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын;
- аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін іс жүзінде өтегеннен кейін, сондай-ақ егер бұрын қолданылған шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші ҚР ҚК-нің 72-бабының жетінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында көзделген негіздер бойынша жойылған болса;
- егер бұрын қолданылған шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші осы баптың жетінші бөлігінің 3) тармағында көзделген негіздер бойынша жойылған болса, жаза мерзімінің кемінде төрттен үшін іс жүзінде өтегеннен кейін;
- сотталған адам процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған жағдайда, ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін не аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын іс жүзінде өтегеннен кейін ғана шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылуы мүмкін.

Өз кезегінде, жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер төмендегі мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін:

- онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін;
- ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін;
- адам өміріне қолсұғушылықпен ұштаспаған аса ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде жартысын іс жүзінде өтегеннен кейін, сондай-ақ егер бұрын қолданылған шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші осы баптың жетінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында көзделген негіздер бойынша жойылған болса;
- адам өміріне қолсұғушылықпен ұштасқан аса ауыр қылмыс не ҚР ҚК-нің 120-бабы үшінші бөлігінің 3) және 5) тармақтарында, 121-бабы үшінші бөлігінің 3) және 5) тармақтарында көзделген қылмыстар үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін, сондай-ақ егер бұрын қолданылған шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың

күші осы баптың жетінші бөлігінің 3) тармағында көзделген негіз бойынша жойылған болса;

- сотталған адам процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған жағдайда, ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін не аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін іс жүзінде өтегеннен кейін қолданылуы мүмкін.

Қылмыстық-процестік кодекске сәйкес, процестік келісім дегеніміз – қылмыстық процестің кез келген сатысында прокурор мен күдікті, айыпталушы немесе сотталушы немесе сотталған адам арасында осы Кодексте көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жасалатын келісім.

Жалпы сотталған адамның бас бостандығынан айыруды іс жүзінде өтеген мерзімі алты айдан кем болмауы керек.

Бұл ретте адам жазаның қосымша түрін өтеуден толық немесе ішінара босатылуы мүмкін.

Сондай-ақ, сотталған адам шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы үшін жоғарыдағы мерзімдерді іс жүзінде өтеумен қатар, қылмысымен келтірілген залалды толық өтеп, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзбауы тиіс.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату келесі адамдарға қатысты қолданылмайды:

- өлім жазасы түріндегі жаза кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамға;
- адамдардың қаза табуына әкеп соққан не аса ауыр қылмыс жасаумен ұштасқан террористік немесе экстремистік қылмыс үшін сотталған адамға;
- кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс үшін сотталған адамға *(көрсетілген шектеу он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмаған адамға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға қолданылмайды)*.

Егер сотталушыға қатысты шартты түрде мерзімінен бұрын босату екі және одан да көп әкімшілік құқық бұзушылық жасап, олар үшін оған әкімшілік жаза қолданылған, шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану кезінде өзіне жүктелген міндеттерді орындаудан дәлелсіз себеппен екі реттен артық жалтарған немесе бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаннан кейін таңдалған тұрғылықты жері бойынша тіркелу үшін бес жұмыс күні ішінде дәлелсіз себеппен келмеген жәнеабайсызда қылмыстық құқықбұзушылық жасаған негіздер бойынша жойылса, оған қайтадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату жаза мерзімінің үштен екі бөлігін өтегеннен кейін қолданылуы мүмкін.

Ал, сотталушыға қатысты шартты түрде мерзімінен бұрын босату қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін жойылса, оған қатысты шартты түрде мерзімінен бұрын босату жаза мерзімінің төрттен үш бөлігін өтегеннен кейін қолданылуы мүмкін [34].

Кәмелетке толмаған жаста қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға, бас бостандығын шектеуге немесе түзеу жұмыстарына сотталған

адамдар, оларда жазаны өтеудің немесе орындаудың белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушылық болмаған жағдайда:

1) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің немесе мөлшерінің кемінде төрттен бірін;

2) ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің немесе мөлшерінің кемінде үштен бірін;

3) адам өміріне қолсұғушылықпен ұштаспаған аса ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде жартысын;

4) адам өміріне қолсұғушылықпен ұштасқан аса ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін іс жүзінде өтегеннен немесе орындағаннан кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатады.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам пробациялық бақылау мерзімі ішінде абайсызда қылмыс, қасақана қылмыстық теріс қылық немесе қасақана онша ауыр емес қылмыс жасаған жағдайларда, шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою немесе оны күшінде қалдыру туралы мәселені жаңа қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде сот шешеді. Егер сот шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жойса, жаза үкімдердің жиынтығымен жаза тағайындау қағидалары бойынша тағайындалады.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам пробациялық бақылау мерзімі ішінде қасақана ауырлығы орташа, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайларда, сот шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жояды және жазаны үкімдердің жиынтығымен жаза тағайындау қағидалары бойынша тағайындайды [3].

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану сотталған адамның өтінішхаты негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте, жазаларды орындайтын мекеме 5 күндік мерзім ішінде жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы мәселені қарау үшін сотқа өтініш хат беру құқығының басталғаны туралы сотталған адамды жазбаша хабардар етеді.

Одан кейін, жазаны орындайтын мекеме әкімшілігі, сотталған адамның шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішхаты түскеннен бастап 10 күн ішінде сотталған адамның жеке ісін тиісті құжаттармен қоса сотқа жіберуге және прокурорды хабардар етуге міндетті.

Жазаны орындайтын мекеме сотқа заңды шешім қабылдау үшін маңызы бар, оның ішінде сотталған адамның сот үкімі бойынша тағайындалған жазаны өтеген мерзімін растайтын материалдарды, оның қылмыс арқылы келтірген залалды өтегені, сотталған адамның алкогольизмнен және нашақорлықтан емделгені және оның нәтижелері, міндетті түрде емдеуді қажет ететін өзге де ауруларының бар-жоғы, отбасы мүшелерімен қарым-қатынасы және басқалары туралы мәліметтерді қоса алғанда, оның жазаны өтеу уақытындағы мінез-құлқын сипаттайтын егжей-тегжейлі деректерді ұсынуға міндетті.

Ал, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе оның орынбасарының жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату өтінішхатына ынтымақтастық туралы процестік келісім шеңберінде шығарылған, заңды күшіне енген үкім қоса берілуге тиіс.

Жазаны орындайтын мекеме сотқа сотталған адамның сол кезге қарай түзелу дәрежесі және оның бүкіл жаза мерзімін орындау қажет екені немесе ондай қажеттіліктің болмауы туралы пікірін береді.

Сондай-ақ жазаны орындайтын мекеме немесе орган және сотталған адамның өзі сотталған адамның босап шыққаннан кейінгі болжамды тұратын орны мен оның жұмысқа орналасу перспективасы (туыстарының жазбаша келісімі, ұйымның, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тұрғын үй, жұмыс орнын беруі) туралы деректерді сотқа ұсына алады [8].

Жазаны орындайтын мекеменің немесе органның лауазымды адамы жазаны орындайтын осы мекеме немесе орган бастығының сенімхаты негізінде сотта өкіл болады.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішхат сотпен 10 күндік мерзім ішінде қаралады.

Сотталған адамның шартты түрде мерзімінен бұрын босату не жазаның өтелмеген бөлігін ауыстыру туралы өтінішхатын өзінің өндірісіне қабылдау туралы мәселені шешу кезінде сот оның оған заңмен қойылатын талаптарға (ҚАК-тің 162-бабының бірінші, үшінші, тоғызыншы бөліктеріне және ҚПК-нің 480-бабының екінші бөлігіне) сай келетін-келмейтінін және ұсынылған материалдарда сотталған адамның тәртібін, оның жазаны өтеудің бүкіл уақыты ішінде еңбекке және оқуға көзқарасын, сотталған адамның жазасын өтеуге негіз болып табылатын құжаттар көшірмелерінің бар-жоғын, сондай-ақ жаза мерзімінің заңмен белгіленген бөлігін өтеу туралы мәліметтердің болуын тексеруі керек.

Егер ұсынылған материалдардың ішінде өтінішхатты қарау үшін жеткілікті деректер жоқ болса және оларды сот отырысы барысында толықтыру мүмкін болмаса, судья материалдарды қарауға дайындау барысында осы материалдарды тиісінше ресімдеу үшін өзінің қаулысымен кері қайтарады.

Сотталған адам сотқа ұсынылған материалдармен сот отырысы басталғанға дейін танысуға, өзінің түсініктемелерін, дәлелдемелерін ұсынуға, өтінішхаттарын мәлімдеуге құқылы.

Жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы мәселені қарау кезінде сот отырысына сотталған адамның, қорғаушының, жазаны орындайтын мекеме немесе орган өкілінің, прокурордың қатысуы міндетті.

Сонымен қатар, сот отырысына жәбірленушінің немесе өкілінің жеке қатысуы мүмкін және олардан қаралып отырған мәселе бойынша пікірлері сұралады. Жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және олардың өкілдерінің келмеуі өтінішхатты қарауға кедергі болмайды.

Сәйкесінше, сот оларға өтінішхаттың қаралатын күні, уақыты мен орны туралы тиісінше хабарлауға міндетті.

Сот отырысының дайындық бөлігі жүргізілгеннен кейін тиісінше сотталған адам не жазаны орындайтын мекеме немесе орган өтінішхатты баяндайды. Содан кейін сот келіп түскен материалдарды зерттейді және сот отырысына келген адамдардың түсініктемелерін тыңдайды.

Сотталған адам сот отырысында барлық материалдарды зерттеуге қатысуға, сотта сөз сөйлеуге және қаралып отырған мәселе бойынша өз пікірін айтуға құқылы.

Өз кезегінде, прокурор сотқа өтінішхатты қанағаттандыру немесе оны қанағаттандырусыз қалдыру туралы дәйектелген пікірін баяндайды [32].

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы мәселені шешу кезінде соттар жеке көзқараспен қарауды қамтамасыз етіп, өтінішхатта және өзге де материалдарда келтірілген мәліметтердің жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату және жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру үшін жеткіліктілігін әрбір талқылау кезінде анықтауға, яғни сотталған адамның тәртібіндегі оң өзгерістерді бағалайды.

Соттар сотталған адамның тәртібіне баға беру кезінде олардың ішкі тәртіп қағидасын сақтауын, қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі әкімшілігінің талаптарын орындауын, тәрбиелік сипаттағы іс-шараларға және мекеменің қоғамдық өміріне қатысуын, көтермелеулерді, жазаларды, туған-туыстарымен және сотталған адамдармен қарым-қатынасты сақтауын, оқуға көзқарасының оң немесе теріс бағытын, залалды өтеуін, жеңіл тұрмыстық жағдайға ауыстыруды және сотталған адамның түзелгенін айғақтайтын басқа да мән-жайларды ескереді.

Соттың сотталған адамның түзелгені туралы тұжырымы өтінішхатты дәл қарау алдындағы уақыт ішіндегі ғана емес, сонымен бірге үкім шығарылғанға дейін қамауда ұсталған уақытын қоса есептегенде оның мекемеде болған бүкіл кезең ішіндегі тәртібі туралы деректерді жан-жақты ескеруге негізделеді.

Сотталған адамға жазаны бүкіл өтеу кезеңі ішінде қолданылған жазалар, алынып тасталған немесе жойылған жазадан басқа, оны сипаттайтын басқа да деректермен бірге соттың бағалауына жатады.

Сотталған адамның түзелу дәрежесін зерттеу кезінде оған қолданылған тәртіптік жазаның әрбір фактісін осы бұзушылықтардың қаскөйлікпен жасалуы тұрғысынан зерделеу қажет.

Қылмыстық-атқару кодексінің 130-бабының талабына сәйкес, мыналар жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушылықтар болып табылады:

1) мекемені абаттандыру және тұру жағдайларын жақсарту жөніндегі жұмыстардан дәлелсіз себептермен бас тарту;

2) мекеме әкімшілігінің өкілдеріне қатер төндіру, оларды қорлау, оларға бағынбаушылық, оның ішінде жазаны өтеу режимін бұзу мақсатында, өзіне қандай да бір қасақана зақым келтірумен ұштасқан бағынбаушылық;

3) мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларында көзделмеген нәрселерді, құжаттарды, заттарды, бұйымдарды, заттектерді, тамақ өнімдерін беру (алу), жасау, сақтау;

4) сот тағайындаған міндетті және мәжбүрлеп емдеуден жалтару;

5) мекеме әкімшілігі осы Кодекстің 119-бабына сәйкес ұсынған ақысы төленетін жұмыстан бас тарту;

6) қауіпсіздігі барынша төмен мекеменің және жұмыс объектісінің аумақтарын өз бетінше тастап кету;

7) осы Кодекстің 113-бабының сегізінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мекеменің шегінен тыс жерге қысқа мерзімді шығуға рұқсат етілген сотталған адамның мекемеге белгіленген мерзімде оралмауы;

8) алкогольді, есірткі заттарын, психотроптық немесе басқа да есеңгірететін заттарды пайдалану;

9) материалдық немесе өзге де пайда табу мақсатында карта, сондай-ақ өзге де ойындаройнау;

10) сексуалдық сипаттағы әрекеттер жасау;

11) ұсақ бұзақылық жасау;

12) осы бөліктің 1) – 11) тармақшаларында көрсетілген бұзушылықтарды жасауға бағыттап, сотталғандар топтарын ұйымдастыру немесе оларға белсенді түрде қатысу;

13) сотталған адам сол үшін алты ай ішінде тәртіптік изоляторға жабу не жалғыз адамдық камераға ауыстыру түріндегі жазалауға тартылған, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қайталап біртектес бұзу.

Жазалау шарасы қолданылған сотталған адам жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзушы деп танылады.

Тәртіптік изоляторға жабуды не жалғыз адамдық камераға ауыстыруды қоспағанда, алты ай ішінде екі және одан көп рет жазалау шарасы қолданылған сотталған адам жазаны өтеудің белгіленген тәртібін ұдайы бұзушы деп танылады [8].

Яғни, жоғарыда көрсетілген бұзушылықтарды жасаған сотталған адам, оған тәртіптік изоляторға жабу не жалғыз адамдық камераға ауыстыру түріндегі жазалау қолданылған кезде жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушы деп танылады.

Әр бір жазалау мекеменің лауазымды адамының уәжді қаулысымен қолданылады.

Сонымен қатар, қылмыспен келтірілген зиян (материалдық залал және моральдық зиян) сотталған адамның мүгедектігі немесе оның ауырғаны жұмысқа орналасуға кедергі болуы және т.б. сияқты объективті себептерге байланысты азаматтық талап бойынша өтелмеген жағдайларда, соттың тек осы негіздер бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатудан бас тартуына негіз болмауы тиіс.

Соттар тағайындалған жазаның жеңілдігі, сотталған адамның сол мекемеде аз ғана уақыт болуы, бұрын сотталуы, ауыр немесе аса ауыр

қылмыс жасағаны үшін жазаны өтеуі және т.б. сияқты заңда көрсетілмеген себептер бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатудан бас тартуға құқылы емес.

Сотталған адам шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы шешім қабылдаған жағдайда қаулы заңды күшіне енгеннен кейін қамаудан босатылуға жатады.

Жазаның өтелмеген бөлігі сотталған адам қамаудан нақтылы босатылған сәттен бастап есептеледі. Сот қаулысының көшірмесі жазаны орындайтын мекемеге немесе органға, сондай-ақ үкім шығарған сотқа дереу жіберілуі керек.

Егер сот үкімімен негізгі жазамен қатар қосымша жаза тағайындалса, негізгі жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату не жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы мәселені қарау кезінде, соттар сотталған адамды қосымша жазадан да толық немесе ішінара босату мүмкіндігі туралы мәселені талқылайды.

Жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішхатты қарау кезінде сот Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген жағдайлар болса, сотталған адамды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға не оның жазасының өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыруға немесе одан бас тартуға құқылы.

Сот бас тартқан жағдайда, көрсетілген негіздердің кез келгені бойынша өтінішхатты қайта енгізу бас тарту туралы қаулы шығарылған күннен бастап кемінде алты ай өткеннен кейін мүмкін болады.

Бұл ретте жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазаға ауыстыру туралы соттың бас тартуы шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішхатты, сол сияқты соттың шартты түрде мерзімінен бұрын босатудан бас тартуы – жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазаға ауыстыру туралы өтінішхатты алты ай мерзім өткенге дейін енгізуге кедергі бола алмайды.

Өтінішхатты қаңағаттандырудан бас тартылған жағдайда, сотталған адам шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішхатты қаңағаттандырудан бас тарту туралы қаулы шығарылған күннен бастап 6 ай өткеннен кейін өтінішхатпен қайта жүгінуге құқылы [8].

Жалпы қаулыға шағым беру құқығы сотталған адамға, жәбірленушіге және олардың заңды өкіліне, қорғаушыға тиесілі, ал прокурор наразылық келтіруге құқылы. Жазаны орындайтын мекеменің лауазымды адамның сот қаулысына шағым беруге құқығы жоқ.

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы шешім қабылданған жағдайда сот сотталған адамға Қылмыстық кодекс талаптарына сәйкес оған жүктелетін міндеттері мен жауапкершіліктері туралы ережелерін түсіндіреді.

Яғни, бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға жазасының қалған өтелмеген

бөлігі ішінде сот осы Кодекстің 44-бабы екінші бөлігінің қағидалары бойынша пробациялық бақылауды белгілейді.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану кезінде адамға сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде көзделген міндеттер жүктеледі.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылған адам, егер жазаның қалған өтелмеген бөлігі ішінде:

- екі және одан да көп әкімшілік құқық бұзушылық жасап, олар үшін оған әкімшілік жаза қолданылса немесе шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану кезінде өзіне жүктелген міндеттерді орындаудан дәлелсіз себеппен екі реттен артық жалтарса не бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаннан кейін таңдалған тұрғылықты жері бойынша тіркелу үшін бес жұмыс күні ішінде дәлелсіз себеппен келмесе, сот уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуы бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою және жазаның қалған өтелмеген бөлігін орындау туралы қаулы шығара алады;
- қылмысты абайсызда жасаса, сол сияқты жүкті әйел, жас балалары бар әйел, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркек, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйел, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркек, бірінші немесе екінші топтағы мүгедек қылмыстық теріс қылық, қасақана онша ауыр емес қылмыс жасаған жағдайларда, жаңа қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою не оны күшінде қалдыру туралы мәселені сот шешеді. Егер сот шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жойса, жаза үкімдердің жиынтығымен жаза тағайындау қағидалары бойынша тағайындалады;
- қылмысты қасақана жасаса, осы бөліктің 2) тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, сот оған үкімдердің жиынтығымен жаза тағайындау қағидалары бойынша жаза тағайындайды.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам жоғарыдағы көрсетілген міндеттер мен талаптарды орындамаса, сот уәкілетті мемлекеттік органның ұсынымымен ғана ҚК-нің 72-бабы жетінші бөлігінің 1) тармағында көрсетілген негіздер бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жоя алады.

Сот сотталған адамға жүктеген, ҚК-нің 44-бабының екінші бөлігінде және ҚАК-тің 169-бабының сегізінші бөлігінде көзделген, міндеттерден қаскөйлікпен жалтару деп сотталған адамның тәртібін бақылайтын орган шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жоюдың мүмкін екендігі туралы жазбаша ескерту шығарғаннан кейін міндеттердің қайталап орындалмауын түсіну қажет.

Сонымен қатар, сот жүктеген міндеттерді орындаудан жалтарудың қаскөйлікпен жалтару болып табылатын-табылмайтыны туралы мәселе

әрбір нақтылы жағдайда оның ұзақтығы мен жалтару себептері, сондай-ақ басқа да мән-жайлар ескеріле отырып шешілуге тиіс.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның сот жүктеген міндеттерді оларды орындауға кедергі болатын объективті себептер бойынша, мысалы, ауыруы салдарынан орындамауы шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жоюға негіз болмайды.

Одан бөлек, адамға жүктелген міндеттерді орындауға кедергі болатын себептерге денсаулық жағдайымен қатар отбасылық жағдайларды қосу қажет деп санаймын. Әрине, егер бұл себептер тиісті түрде дәлелденсе.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою кезінде, егер адам қосымша жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған болса, онда тек негізгі жазаның ғана емес, сонымен бірге қосымша жазаның өтелмеген бөлігі орындалуға жатады.

Сот Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрғылықты жері жоқ шетел азаматына қатысты шартты түрде мерзімінен бұрын босату не жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы өтінішхатты қараған кезде, сотталған адамды сипаттайтын басқа да мәліметтермен қатар шетел мемлекетінің аумағында шартты түрде мерзімінен бұрын босату кезеңінде орындауға жататын, сотталған адамның тәртібін бақылауды жүзеге асыру және оларға пробациялық бақылау жасау үшін Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген жағдайларда үкімді сотталған адамды беру туралы қол жеткізілген келісімнің үкімнің азаматтық талап бөлігін орындау кепілдіктерінің сотталған адам немесе шетел мемлекеті тарапынан болғанын не болмағанын айғақтайтын деректер де бағалауға жатады [33].

ҚК-нің 72-бабының жетінші бөлігіне сәйкес, шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою сотталған адамға жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қайтадан қолданудан бас тарту үшін негіз болып табылмайды.

Мұндай жағдайларда сот сотталған адамды шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою фактісін ғана негізге алып қоймай, сонымен бірге оның жеке басы туралы барлық деректерді, түзеу мекемесіне қайта оралғаннан кейін онда болу уақыты, оның тәртібі, еңбекке көзқарасы және т.б. жинақтап ескеруге тиіс.

Бүгінгі күні, қолданыстағы заңнамамен шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарды бақылау тәртібі мен шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою мәселелері қажетті дәрежеде реттелгенін айтуға болады.

Осы тақырыпты зерделеу барысында қолдану тәртібі мен сот тәжірибесі бойынша қайшылықтар туындап, келесі ұсыныстар туындады.

Атап айтқанда, ҚР ҚК-тің 72-бабының қолдануына жасалған талдау көрсеткендей, оның қолданыстағы мәтіні толық көлемде жазаның негізгі мақсаттары - әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру, сотталғандарды түзеу

және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алуын қамтамасыз етпейді.

Қылмыстық кодекстің 72-бабының 1-бөлігінің 2-абзацына сәйкес, қылмыспен келтірілген залалдың толық өтелуі және жазаны өтеудің белгіленген тәртібінің қаскөйлікпен бұзу жағдайларының болмауы, сотталғанды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға елеулі негіз болып табылады.

Бұл ретте, қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі назарға алынбайды (өлім жазасы түріндегі жаза кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылған, адамдардың қаза табуына әкеп соққан не аса ауыр қылмыс жасаумен ұштасқан террористік немесе экстремистік қылмыс үшін сотталған және кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс үшін сотталған адамдарды қоспағанда).

Өз кезегінде, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс жасаған адамдарға қатысты шектеу тек 2016 жылдың сәуір айында енгізілген (бұған дейін тек жас балаларға қатысты қолданылған). 1997 жылғы мәтіндегі Қылмыстық кодексте (2015 жылға дейін қолданылған) бұл санаттағы адамдарға аталған шектеу қолданылмаған.

Бүгінгі күні, қоғамға қауіп тудыратын адамдар, яғни ауырлататын мән-жайларда адам өлтіру мен зорлау үшін сотталған, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзбай және залалы өтелген жағдайда шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатады.

Көп жағдайда соттар заңда көзделмеген негіздер бойынша мұндай сотталғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатудан бас тартып, заң талаптарының бұзылуына жол береді. Ал, прокурорлар қоғамға қауіпті жағдайларды алдын алу үшін осы ұстанымды қолдауға мәжбүр болады.

Мысалы, 2018 жылы соттар ҚК-тің талаптарын бұза отырып, ҚК-тің 99-бабының 2-бөлігімен (саралану белгілерімен адам өлтіру) сотталған **229** және ҚК-тің 121 және 120-баптарының 3-бөліктерімен сотталған **56** адамдарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатудан бас тартқан.

Мәселен, Астана қаласы Алматы аудандық сотының 15.05.2018 жылғы қаулысымен ҚК-тің 96-бабының 1-бөлігімен (ескі мәтіндегі ҚК-ке сәйкес) 12 жылға бас бостандығынан айыру жазасына сотталған А.Сұлтанқұловқа шартты түрде мерзімінен бұрын босатудан бас тартылған.

Аталған қаулыға сәйкес, А.Сұлтанқұлов белгіленген мерзімді іс жүзінде өтеген, қылмысымен келтірілген залалды толық өтеген және ол жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзбаған. Одан бөлек, түзеу мекемесінде өзін үлгілі көрсетіп, бірқатар көтермелеулерге ие болған.

Яғни, ҚК-тің 72-бабының 1-бөлігінің 2-абзацына сәйкес, ол шартты түрде мерзімінен босатылуға жатады.

Дегенмен, сот оның аса ауыр қылмыс жасағанын, нәтижесінде адамның қазаға ұшырағанын және бұрын қылмыс жасағанын назарға алып, шартты түрде мерзімінен бұрын босатудан бас тартқан.

Аталғандар негізінде, ҚК-тің 99-бабының 2-бөлігі және ҚК-тің 121 және 120-баптарының 3-бөліктерімен сотталғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды соттың құқығына белгілеу бойынша ҚК-тің 72-бабына өзгеріс енгізу қажет.

Нақтыласақ, ҚК-тің 72-бабының 1-бөлігінің 2-абзацын мынадай редакцияда жазу ұсынылады:

Бас бостандығын шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам, осы Кодекстің 99-бабының 2-бөлігі және 121 және 120-баптарының 3-бөліктерімен сотталған адамдарды қоспағанда, осы баптың үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көрсетілген мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін, қылмысымен келтірілген залалды толық өтеген және ол жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзбаған жағдайда, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатады.

Сонымен қатар, *ҚР ҚК-нің 72-бабының 5-бөлігіне сәйкес*, сотталған адамның бас бостандығынан айыруды іс жүзінде өтеген мерзімі алты айдан кем болмауы керек делінген.

Әрине, заң шығарушының басты мақсаты сотталғанның 6 айдан кем мерзім түзеу мекемесінде болуы оның түзелуіне, өзінің кінәсін түсінуіне және бойында үлгілі мінез-құлықтың қалыптасуына жеткіліксіз мерзім екендігін білдіреді.

Қылмыстық кодекстің 46-бабының 3-бөлігіне сәйкес, көзделген қылмыстарды жасағаны үшін бас бостандығынан айыру – алты айдан он бес жылға дейінгі, ал аса ауыр қылмыстары үшін жиырма жылға дейінгі мерзімге не өмір бойына белгіленеді.

Қолданыстағы қылмыстық заңнамада онша ауыр емес қылмыстар жасағаны үшін сотталушыға 6 айға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау мүмкіндігі қарастырылған.

Өз кезегінде сотталғандарға мұндай мерзімдер тағайындалған жағдайда Қылмыстық кодекстің 72-бабының 3-бөлігі арасында қарама-қайшылықтар туындап, сотталғанның құқықтарының бұзылуына алып келеді.

Мысалы, Н.Арипов бөтеннің мүлкін ұрлағаны үшін Қылмыстық кодекстің 188-бабының 1-бөлігімен қылмыстық жауаптылыққа тартылып, оған 1 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалса, ол ҚК-тің 72-бабының 3-бөлігіне сәйкес түзеу мекемесінде 4 ай жазасын өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен босатылуға жатады.

Бірақ, ҚК-тің 72-бабының 5-бөлігінің талабына сәйкес, яғни сотталған адамның бас бостандығынан айыруды іс жүзінде өтеген мерзімі алты айдан кем болмауына байланысты, ол тағы 2 ай мерзім түзеу мекемесінде болуы керек.

Демек, қылмыстық заңнама талаптарында қайшылықтар орын алғаны анық және бұл жағдай сотталушылар тарапынан келіспеушілік туындату мүмкіншілігін жоққа шығарылмайды.

Бүгінгі күні бұл қарама-қайшылықтың сот тәжірибесінде кездеспеуі соттар тарапынан сотталушыларға 1 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын тағайындамау тәжірибесімен түсіндіріледі.

Дегенмен, осындай келеңсіз жағдайлардың сот тәжірибесінде болуын күтпей, оны алдын алу және қылмыстық құқық нормалары арасында қайшылықтарды болдырмау үшін жоғарыда аталған Қылмыстық кодекс талаптарын сәйкестендіру мәселесін қарау қажет.

ҚР ҚПК-нің 480-бабының 2-бөлігіне сәйкес, жазаны орындайтын мекеме немесе орган сотқа заңды шешім қабылдау үшін маңызы бар, оның ішінде сотталған адамның сот үкімі бойынша тағайындалған жазаны өтеген мерзімін растайтын материалдарды, оның қылмыс арқылы келтірген залалды өтегені туралы мәліметтерді, сотталған адамның алкоголизмнен және нашақорлықтан емделгені және оның нәтижелері туралы, міндетті түрде емдеуді қажет ететін өзге де ауруларының бар-жоғы туралы, отбасы мүшелерімен қарым-қатынасы және басқалары туралы мәліметтерді қоса алғанда, оның жазаны өтеу уақытындағы мінез-құлқын сипаттайтын егжей-тегжейлі деректерді ұсынуға міндетті. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе оның орынбасарының өтінішхатына ынтымақтастық туралы процестік келісім шеңберінде шығарылған, заңды күшіне енген үкім қоса берілуге тиіс. Жазаны орындайтын мекеме немесе орган сотқа сотталған адамның сол кезге қарай түзелу дәрежесі және оның бүкіл жаза мерзімін орындау қажет екені немесе ондай қажеттіліктің болмауы туралы пікірін береді. Сондай-ақ жазаны орындайтын мекеме немесе орган және сотталған адамның өзі сотталған адамның босап шыққаннан кейінгі болжамды тұратын орны мен оның жұмысқа орналасу перспективасы (туыстарының жазбаша келісімі, ұйымның, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тұрғын үй, жұмыс орнын беруі) туралы деректерді сотқа ұсына алады.

ҚР ҚПК-нің 480-бабының 2-бөлігіндегі сотталған адамның босап шыққаннан кейінгі болжамды тұратын орны мен оның жұмысқа орналасу перспективасы (туыстарының жазбаша келісімі, ұйымның, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тұрғын үй, жұмыс орнын беруі) туралы деректерді сотқа ұсыну талабына өзгеріс енгізу қажет.

Себебі, түзеу мекемесінен босап шығатын сотталғандарға болжамды тұратын орны, жұмысқа орналасу перспективасы мен туыстарының жазбаша келісімі туралы мәліметтерді ұсыну қиындық туғызады.

Тәжірибе көрсеткендей түзеу мекемесінен босатылған адамның өздігімен жұмысқа орналасу көрсеткіші өте төмен.

Өз кезегінде түзеу мекемесінен босатылған адамның тиісті тұрғылықты мекенжайына барғаннан кейін Халықты жұмыспен қамту және Пробация туралы заңнамаларына сәйкес, оны жергілікті атқарушы органдар тарапынан жұмысқа орналастыруға арнайы квоталар бөлініп, оларға жұмыс ұсынылады.

Яғни, түзеу мекемесінде босатылмаған сотталған адамнан жұмысқа орналасу перспективасы туралы мәліметті сұрату оның құқығын шектейді және жоғарадағы заңнамаларға қайшы болып табылады.

Одан бөлек, ұзақ жылдар бойы түзеу мекемесінде жазасын өтеген барлық адамдарды бостандық өмірде туыстарының күтетіні және тұрғын жайларына кіргізетіні белгісіз.

Бұл талаптардың болуы сотталғандардың шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуына кедергі болады және құқықтарын шектейді, өйткені Жоғарғы Соттың қаулысына сәйкес, сотқа ҚР ҚПК-нің 480-бабындағы сотталғанға қатысты құжаттарды ұсынбау осы материалдарды тиісінше ресімдеу үшін кері қайтаруға негіз болып табылады.

Сондықтан, түзеу мекемесіндегі сотталған адамдардың жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға құқықтарының шектелуіне жол бермеу қажет.

1.3. Шетел мемлекеттерінде жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың тәжірибесі.

Шетел мемлекеттерінде жыл сайын шартты түрде мерзімінен бұрын босату қарқынды дамып, басқа жазадан босату түрлеріне қарағанда жиі қолдануда. Мерзімінен бұрын босату институты сотталған үшін мемлекет тарапынан көрсетілген жеңілдік ретінде түсінуге болады.

1819 жылы Англияда «Түрмелер қамқорлығы қоғамы» құрылып, оның басты мақсаты сотталушыларға діни негізде әсер етіп, олардың дұрыс жолға түсуіне немесе түзелуіне бағыттау және насихаттау болған. Аталған қоғамның құрылуы түзелген адамдарды одан әрі жазаны өтеуді қажет етпеуіне орай босата бастап, шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтының құрылуына себеп болған.

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың алғашқы ресми тәжірибесі 1885 жылы Францияда басталып, бірқатар мемлекеттердің құқықтық жүйесіне енгізіліп, ізгілік принципі мен адамның түзелуге ынталануына және түзеу мекемелерінде тәртіптің тиісті деңгейде сақталуына бастама болды.

Бүгінгі күні, бірқатар ғалымдар мен заңгерлер арасында мерзімінен бұрын босату институтының басты терминологиясының бірі «Түзелу» сөзінің мағынасына, талабы мен түсінігіне біркелкі тұжырым бермеуде.

Мерзімінен бұрын босату институты барлық мемлекеттерде қолдануда, себебі аталған жеңілдік сотталған үшін жігер мен жарқын болашаққа деген сенімін тудырады.

Мысалы, **Канадада** 1 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылған, жазаның жартысын өтеген жағдайда автоматты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатады және бұл адамдарға босатылғаннан кейін қатаң бақылау жүргізілмейді.

Канада мемлекетінде сотталғандардың басым көпшілігі жазаны белгілі бір мерзімін өтеп, әрі қарай қалған бөлігін арнайы түзеу мекемесі, яғни Канаданың профессионалды түзеу қызметінде өтейді.

Бұл арнайы түзеу қызметі сотталушыларды еркін өмірге дайындайды, қоғамға қауіп төндірмейтіндеріне сендіріп, көп жағдайда бостандыққа шыққаннан кейін бұл адамдар үлгілі азамат ретінде өмір сүреді.

Сотталған адам қоғамға толық қауіпсіз деп танылған және түзелген жағдайда мерзімінен бұрын босатылуға жатады. Түзеу қызметтері түзеу мекемелерінде заң талаптарына бағыну және қоғамда үлгілі өмір сүру бағдарламаларын үнемі насихаттайды [35].

АҚШ-да барлығына ортақ қылмыстық құқықтық жүйе қалыптаспаған. Әр 50 штаттың өзінің қылмыстық құқығы, оның ішінде ережелері мен нормалары белгіленген. Кейбір жағдайларда ғана федералды заңның нормалары қолданылуы мүмкін.

Қылмыстық құқықтың қайнар көзі жалпы немесе прецедентті және статутты құқық болып табылады. Федералды қылмыстық құқық АҚШ-ның 1787 жылғы Конституциясы, Конгресстің актілері, федералды заңнамалық актілер мен халықаралық құқықтың нормаларына негізделген.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты бойынша біркелкі тәжірибе қалыптаспағанлықтан әр деңгейде шартты түрде мерзімінен бұрын босату ерекше қолданады. АҚШ-ның федералды заңнамасында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға қатысты шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселесін АҚШ-ның арнайы комиссиясы қарайды.

Кейбір штаттарда шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты мүлдем қолданылмайды. Ал, бұл институтты қолданатын штаттарда шартты түрде мерзімінен бұрын босатылу үшін төмендегі үш негіздердің болуы тиіс:

1. Мерзімінен бұрын босатылуға зорлау, ауыр қылмыс, басқа да аса қауіпті қылмыс жасаған, бұрын сотталған және түзеу мекемесінен қашуға оқталған адамдар жатпайды. Заңмен есірткі өткізумен айналысып сотталған ұйымдасқан топ мүшелерін мерзімінен бұрын босату көзделмеген. Басқа санаттағы қылмыс жасаған адамдар мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.
2. Тағайындалған жаза мерзімінің белгілі бір мерзімін өтеу қажет. Нақты мерзімге сотталған адам әр штаттың заңына сәйкес тағайындалған жазадан 1/2, 1/3, 2/3 мерзімдерді өтеуі тиіс. Ал, белгісіз мерзімге (минималды – максималды) сотталған адам, тағайындалған жазаның минималды мерзімін өтегеннен кейін босатылуға жатады. Бас бостандығынан айыру мерзімі әр штаттың заңына немесе сотталғанның жақсы мінез-құлық көрсетуіне сәйкес қысқартылуы мүмкін.
3. Мерзімінен бұрын босату мәселесі жүктелген құзыретті орган адамның жақсы мінез-құлық көрсетіп, оған берілген міндеттерді орындайтынына көз жеткізсе. Мұндай міндеттерге адамның ойын-сауық ұйымдарында, белгіленген жерде өмір сүру, жұмыс атқару,

теріс мінез-құлықты адамдармен қатынасқа түспеу, белгіленген уақытта тұрғын жайдан шықпау жатады.

Сотталғанды шартты түрде мерзімінен бұрын босату, оларды бақылау, түзеу мекемелеріне қайтару, мерзімдерін қысқарту мәселесі әр штаттың арнайы комиссиясының құзырында болады. Мұндай шешімдердің бірін қабылдау, мерзімінен бұрын босатылған адамға қатысты тікелей бақылау жүргізген уәкілетті қызметкердің тиісті баяндамасы негізінде жүзеге асырылады. Егер мерзімінен бұрын босатылған адам босатудың талаптарын бұзған болса, ол түзеу мекемесіне қайтарылып, өтелмеген жаза мерзімін өтейді.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатумен арнайы кеңестер мен бюролар айналысады. Олардың құрамы штаттың губернаторымен тағайындалатын басқа ұйым қызметкерлерінен тұрады. Олардың басым көпшілігі түзеу мекемелерінде жұмыс атқарады және қосымша комиссия құрамында да болуға құқылы.

Мерзімінен бұрын босатылуға тілек білдірген сотталушы сот процессі басталғанға дейін өзінің қайда және өмір сүретіні, қайда жұмыс атқаратыны туралы жоспарын дайындап, оны сотқа ұсынады.

АҚШ-ның қылмыстық заңнамасында, мерзімінен бұрын босатылған адамға оның жеке заттары, жыл мезгіліне сәйкес киімі, жөнелтілетін мекен-жайға дейінгі билеті және түзеу мекемесінде еңбек ету нәтижесінде жиналған жалақысы беріледі [36].

Италия Қылмыстық кодексінің 176-бабының талабына сәйкес, бас бостандығынан айыруға сотталған адам өзінің түзелгенін дәлелдеп, жаза мерзімінің 30 айын және кемінде жаза мерзімінің жартысынан астамын өтесе шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Бірақ өтелмеген жаза мерзімі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Қылмыстың қайталануымен жасалған қылмыстар үшін сотталған адам жаза мерзімінің 4/3 бөлігін және кемінде 4 жылын өтеуі тиіс.

Ал, өмір бойына бас бостандығынан айырылған адам шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы үшін жаза мерзімінің кемінде 26 жылын өтеуі қажет.

Сонымен қатар, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылу үшін қылмыспен келтірілген залалдың барлығы өтелуі тиіс немесе сотталушы залад ыөтей алмайтынын дәлелдеуі керек.

Жалпы Италия қылмыстық кодексіне сәйкес, қылмыстың ауырлық дәрежесіне қарамастан кел келген сотталушы шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатады.

Одан бөлек, мерзімінен бұрын босатылуға үміткер сотталған адамның түзеу мекемесіндегі тек қана тәртіпті сақтап жүруі жеткіліксіз болады. Себебі, бұл талаптарды сақтау барлық сотталғандардың міндеті. Сондықтан сотталушы мерзімінен бұрын босатылуы үшін шын өкініп, түзе мекемесінде өзін барлық бағыттарда белсенді көрсетіп, мекеме қызметкерлері және сотталушылармен жақсы қатынаста болуы тиіс.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату шартты түрде сотталғандарға қолданылмайды, бұл институт тек бас бостандығынан айырылған адамдарға қатысты қолданылады.

Италия Қылмыстық кодексінде шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою тәртібі 177-бабында көзделген. Онда сотталушы өзіне жүктелген міндеттерді орындамай, басқада ұқсас қылмыстар жасаса және қадағалаудың талаптарын бұзса шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші жойылады.

Онымен қоса, шартты түрде мерзімінен босатылған адамның бостандықтан жүрген уақыты жазаның өтелген мерзіміне есептелмей, ол жаза мерзімін қайтадан бас бостандығынан айыру түрінде өтейді. Шартты түрде мерзімінен босатудың күші жойылған адамға қатысты бұл жеңілдік қайтадан қолданылмайды [37].

Францияда шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты 1958 жылғы Қылмыстық процестік кодексімен реттелген. Францияда рақымшылық немесе кешірім жасау тәртібімен де шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға болады. Францияның ҚПК-не сәйкес мерзімінен бұрын босатылуға келесі негіздер жатады:

1. Сотталғанның әлеуметтік түзелгені туралы елеулі негіздердің болуы;
2. Жаза мерзімінің $\frac{1}{2}$ бөлігінің, қылмыстың қайталануымен жасалған сотталғандарға жазаның $\frac{2}{3}$ бөлігінің өтелуі (өмір бойына бас бостандығынан айырылғандарға жазаның кемінде 15 жылы өтелген жағдайда);

Францияның заңнамасына сәйкес сотпен тағайындалған қауіпсіз мерзім ішінде сотталғанға қатысты шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылмайды.

Шартты түрде босату құқығы жаза орындауға құзырлы сотта және әділет министріне берілген. Егер сотталушыға 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру тағайындалса, мерзімінен бұрын босату құқығы сотқа жүктеледі.

Ал, бас бостандығынан айыру мерзімі 5 жылдан жоғары болса, адамды босату мәселесі әділет министрінің құзырында болады. Бұл кезде сот жазаны орындау жөніндегі комиссия мүшелерінің пікірі мен тиісті құжаттарды министрдің қарауына жібереді.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселесін қараған кезде сот немесе әділет министрі міндетті түрде сотталушы болашақта баратын аймақтың префектісінің пікірін назарға алады [37].

Қытай Халық Республикасының шартты түрде мерзімінен бұрын босату тәжірибесінде сотталған жаза мерзімінің кемінде жартысын өтеуі тиіс. Босатуға негіз болатын себептердің біріне сотталғанның қоғамға қауіп тудырмайтын онды түзелуі мен шын өкінуі жатады. Қытай тәжірибесінде пенитенциарлық мекемелерді басқару Қытай әділет министрлігінде, ал Қытай ІІМ-не сотталғандарды сотқа дейінгі тергеу барысында күзету және жеткізу жүктелген.

Қытай тәжірибесінде қылмыстың қайталануымен, 10 жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға және қауіпті қылмыстар (зорлау, адам өлтіру, тонау, жару және т.б.) үшін шексіз мерзімге сотталғандарға мерзімінен бұрын босату қолданылмайды.

Түзеу мекемесі сотталғанды мерзімінен бұрын босату туралы ұсынысты халық сотының қарауына жолдайды, ал сот 5 күн ішінде ұсыныстың түскендігі жөнінде қоғамды хабардар етеді. Қытайдың ережесіне сәйкес, қоғамнан сотталған адам туралы пікірін білу мақсатында сот ол жайлы барлық мәліметтерді қоғамға жария ету тиіс. Бұл өз кезегінде сотталғанның босатылуға лайықтылығын айқындайды.

Қажет болған жағдайда пікірін білдіруге тілек білдірген адамдар сотқа келіп түсінік беруге құқылы немесе сот өзінің бастамасымен керек адамды шақыртып, сотталушының түзелгендігі, мінез-құлқы, жетістіктері және басқа мәліметтерді сұратуға құқылы [38].

Англияда құқықтың, оның ішінде жалпы қылмыстық құқықтың негізгі қайнар көздері парламент заңнамалары немесе статуттар және сот прецеденттері болып табылады. Англиядан қылмыстық кодекстің болмауы қылмыстық құқықтың ерекшелігі болуда және оның себебі терең тарихынан бастама алады.

Қылмыстық құқық XII-XV ғасырлардағы Корольдік соттардың істерді қарау барысында қабылдаған үкімдеріндегі ережелер мен басқа да нормаларынан бастау алып, осы күндерге дейін сақталған.

Англияда мерзімінен бұрын босатылуға тек жасаған қылмысы үшін белгіленген мерзімге бас бостандығынан айырылған сотталушылар құқылы. Мерзімінен бұрын босатылуға өмір бойына бас бостандығынан айырылған адамдарда құқылы.

Мерзімінен бұрын босату сотталушының жаза мерзімінің кемінде 1/3 бөлігін немесе 12 айын өтегеннен кейін қолданылады. Мерзімінен бұрын босату үшін сотталушының жақсы мінез-құлқынан бөлек, мекеме қызметкерлерінің онды пікірі қажет. Мерзімінен бұрын босатылған адам белгіленген тәртіпті бұзған жағдайда пробация қызметкерінің ұсынысымен Ішкі сітер министрі босатудың күшін жояды.

Өмір бойына бас бостандығынан айырылған сотталғанға қатысты шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселесін ішкі істер министрі қарайды [36].

Испанияда шартты түрде мерзімінен бұрын босатылу үшін төмендегі негіздердің болуы шарт:

1. Жаза мерзімінің 2/3 немесе 3/4 бөлігінің өтелуі;
2. Сотталушының елеулі түрде мінез-құлқының үлгілі өзгеруі және Сот эксперттерінің сотталушыға қатысты жақсы әлеуметтік оңалу қорытындысының болуы;
3. Егер сотталушымен жаза мерзімінің 2/3 немесе 3/4 бөлігі өтелмей, бірақ ол жаза мерзімін өтеу барысында 70 жасқа толса немесе ол жастан асқан болса;

4. Егер сотталушы ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін ауруға шалдықса немесе аурудан емделіп жатса шартты түрде мерзімінен босатылуы мүмкін [39].

Жапонияда шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың талаптары Қылмыстық кодекстің 5-тарауымен реттелген. Жапонияда белгіленген жаза мерзіміне сотталған адам толық өкінген және жаза мерзімінің 1/3 бөлігін өтеген жағдайда мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Өмір бойынша бас бостандығынан айырылған адам кемінде 10 жыл мерзімді өтеуі тиіс.

Мерзімінен бұрын босату туралы мәселені пенитенциарды мекеме басшысының ұсынысымен Әділет министрлігіне бағынысты арнайы Оңалтуды қорғау комиссиясы қарайды.

Оңалтуды қорғау комиссиясы ұсынысты қарау барысында сотталушының өмірін, түзеу мекемесіндегі жүріс тұрысын, қоғамның пікірін назарға алады. Мерзімінен бұрын босатылған адамға қатысты пробациялық бақылау орнатылады.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың негіздеріне сотталғанның шын өкінуі мен түзелуі және белгіленген жаза мерзімін өтеуі жатады. Мерзімінен бұрын босатудың талаптарына, сотталғанмен жаңа қылмыс жасамауы, сотталғанға арнайы жүктелген тәртіп пен міндеттерді сақтауы жатады.

Онымен қоса, шартты түрде мерзімінен босатылған адамның бостандықтан жүрген уақыты жазаның өтелген мерзіміне есептелмей, ол жаза мерзімін қайтадан бас бостандығынан айыру түрінде өтейді.

Көп жағдайда мерзімінен бұрын босатылған адамдар жаза мерзімінің 80% өтейді. Ал, қылмыстың қайталануымен сотталғандар мен қауіпті қылмыскерлерге қатысты мерзімінен бұрын босату өте сирек қолданылады.

Сонымен қатар, мерзімінен бұрын босату институты үй қамағына немесе жұмыс-үй қамағына сотталғандарға қолданылуы мүмкін [37].

Германияның қылмыстық құқығының қайнар көзі болып алғашқы ГФР-ның 1949 жылғы Конституциясы, 1874 жылғы Қылмыстық кодексі, федеративті қылмыстық заңдары мен шетел қылмыстық заңнамалары болған.

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату нормалары Германия қылмыстық кодексінің жалпы бөлімінің 3-тарауы «Әрекеттің құқықтық салдарында» орналасқан.

Мерзімінен бұрын шартты түрде босатылу үшін сотталушы тағайындалған жаза мерзімінің кемінде 3/2 өтеуі қажет. Бірақ жаза өтеу мерзімі 2 айдан кем болмауы тиіс.

Сонымен қатар, сотталушының қоғамға қауіпсіз екендігі мен өзінің әрекетіне толық жауап беруі және оның келісімі болған жағдайда мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

Ал, егер сотталған адам алғаш рет сотталып, жаза мерзімі 2 жылдан астам болмаса, сотталған жаза мерзімінің жартысын өтегеннен кейін босатылуға жатады. Бірақ жаза өтеу мерзімі 6 айдан кем болмауы тиіс.

Сонымен бірге, өмір бойынша бас бостандығынан айырылған адамдар шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Ол үшін: сотталған кемінде 15 жыл жаза мерзімін өтеуі, сот жазаны одан әрі өтеуді қажет етпейді деп тануы немесе басқа да елеулі себептер негіз болуы мүмкін [37].

Молдова мемлекетінде бас бостандығынан айырылған адам, келтірілген залал мен белгіленген жаза мерзімін толық өтеген, пенитенциарлық мекемеде көгалдандыру мен тазалық жұмыстарында еңбек етуге қатысқан және қатысуда бас тартпаған және сот сотталушының жазаны өтеуді қажет етпейді деп тапса, адам шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселесі сотталушы немесе оның қорғаушысының, түзеу мекемесінің, прокурордың өтініші бойынша сотпен қаралады. Бұл ретте, сотталушы тағайындалған қосымша жазадан толық немесе ішінара босатылуы мүмкін.

Сот шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға қылмыстық заңнамада көзделген қосымша міндеттер жүктеуі мүмкін.

Өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан адам жаза мерзімінің 30 жылын өтеп, сот оның одан әрі жазаны өтеуді қажет етпейді деп таныған жағдайда шартты түрде мерзімінен бұрын босатылу мүмкіндігі қарастырылған.

Сонымен қатар, Молдава тәжірибесінде бұрын шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған мерзімде жаңа қылмыс жасаған сотталғандарды қайтадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату көзделмеген.

Сондай-ақ, түзеу мекемесінде жазасын өтеу барысында өзіне қол жұмсағандар мен мекемеде көзделген тәртіпті бұзып, тәртіптік жазаны өтеу кезеңінде сотталғандар шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатпайды [39].

Украина. Шартты түрде мерзімінен бұрын босату тәртібі мен негіздері Украина Қылмыстық кодексінің 81-бабымен реттелген. Атаған бапқа сәйкес, шартты түрде мерзімінен бұрын босату түзеу жұмыстары, әскери қызметшілердің қызметтік шектеуде немесе тәртіптік батальонда, шартты сотталған және бас бостандығынан айырылған адамдарға қолданылады.

Егер адам онды мінез-құлқымен өзінің расында түзелгенін дәлелдесе, ол шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату сотталған адамның келесі мерзімдерді өтегеннен кейін қолданылуы мүмкін:

1. Ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар үшін жаза мерзімінің $\frac{1}{2}$ бөлігі өтелсе;
2. Ауыр қылмыстар үшін жаза мерзімінің $\frac{2}{3}$ бөлігі өтелсе;
3. Аса ауыр қылмыстар үшін жаза мерзімінің $\frac{3}{4}$ бөлігі өтелсе.

Егер бұрын шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам ұайтадан қылмыс жасаған болса, сот оған барлық қылмыстардың жиынтығымен жаңадан аза мерзімін тағайындайды.

Литва Республикасы. Бұл мемлекетте жазаны орындау мәселелері елдің қолданыстағы заңнамасымен, атап айтқанда Литва Республикасының Қылмыстық-атқару кодексімен реттеледі. Бұл ретте, егер халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, барлық сотталғандарға және жазасын өтеп жатқан адамдарға қатысты қылмыстық-атқару заңнамасының нормалары қолданылады. Осылайша, Литваның шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану тәжірибесін келесідей бөліп көрсетуге болады.

Мінез-құлқы қоғамнан оқшаулаусыз түзетілуі мүмкін түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жүрген адамдар пробациялық бақылау шартымен түзеу мекемелерінен шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

Бұл ретте, мерзімінен босатылуға үміткер тұлға "OASys" әдісі бойынша қайталап қылмыстық жүріс-тұрыс тәуекеліне тексеріледі. Бұл әдістеме Ұлыбританияның пенитенциарлық мекемелерінен алынған және Литвада бас бостандығынан айыру кезінде екі жағдайда қолданылады: 1) сотталған түзеу мекемесіне түскен кезде; 2) шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе жазаны неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы мәселені қараған кезде тоқтатылады.

Осы әдістемені қолдану кезінде мыналар қарастырылады: осы және өткен құқық бұзушылықтар, жасалған қылмыстардың сипатын талдау, сотталғанның өмір сүру жағдайын сипаттау, оның білімі, жұмысқа орналасу мүмкіндігі, табыстары, оларға билік ете білуі, айналасындағылармен қарым-қатынасы және осы қарым-қатынас қылмыстық мінез-құлыққа, сотталғанның өмір сүру стиліне, оның достарының ортасына, бос уақытын өткізу бойынша артықшылық, алкогольді, есірткіні теріс пайдалану, эмоциялық әлауқаттылық, ойлау және мінез-құлық, жасалған қылмысқа, жазалауға осы әдістемені қолдану үшін сотталғанның қылмыстық істерінен ақпарат алу арқылы, сотталғанды сұхбат алу, әлеуметтік қызметкерлерге және басқа адамдарға (мысалы, сотталғанның туысқандарына) сұрау салу арқылы материал жиналады.

Жоғарыда көрсетілген әдіс сотталған адамның өмірінің көптеген маңызды жақтарын, оның жеке басын қамтиды және болашақта оның қылмыстық жүріс-тұрысы туралы болжам беруге мүмкіндік береді. Бұл әдістеме қылмыстық мінез – құлық тәуекеліне-төмен, орташа немесе жоғары, сондай-ақ оның Цифрлық өрнегіне баға береді, тиісінше: 0-40; 41-99; 100-168 балл аралығында. Мұндай әдістемені Қазақстан Республикасына әзірлеп, енгізуге болады.

Сотталған адамды мерзімінен бұрын шартты түрде босату туралы түпкілікті шешімді округтік сот арнайы құрылған Комиссияның ұсынымдары негізінде қабылдайды.

Аталған саладағы Литваның оң тәжірибесі сотталған адамды мерзімінен бұрын шартты түрде босату мүмкіндігін қарастыру түзеу мекемесінің әкімшілігі емес, түзеу мекемелерінен мерзімінен бұрын шартты түрде босату жөніндегі Комиссия айналысатынын атап өткен жөн.

Мәселен, Литвада комиссия жұмысының келесі ережелері белгіленген:

- 1) комиссия жергілікті өзін-өзі басқару мүшелерінен (әкімдік), діни бірлестіктерден, еріктілерден, пробаця қызметінің, білім беру мекемелерінің өкілдерінен тұрады. Бұл объективті бағалауға мүмкіндік береді, шартты-мерзімінен бұрын босату туралы шешім қабылдау кезінде сыбайлас жемқорлықты төмендетеді;
- 2) егер түзеу мекемесінен шартты түрде мерзімінен бұрын босату жөніндегі Комиссия шартты түрде мерзімінен бұрын босатудан бас тартса не одан әрі оң шешімнен бас тартса, Комиссия шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың келесі қаралатын күнін белгілеуге және түзеу мекемесінің әкімшілігіне сотталған адамды қайта әлеуметтендіру жөнінде ұсынымдар беруге міндетті.
- 3) комиссия адамды мерзімінен бұрын шартты түрде босату туралы мәселені қайта қараған кезде, тексеру түзеу мекемесінің әкімшілігі ретінде сотталған адамды әлеуметтік оңалту бойынша мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды қараған кезде (мерзімінен бұрын шартты түрде босатудан бас тартқаннан кейін және жаңа қаралғанға дейін) комиссия өткен жолы берген ұсынымдарды жүзеге асырған кезде жүргізіледі.
- 4) Литвадағы Комиссия шешім қабылдаған кезде шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды сотқа, егер сот шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдануды растаса, сотталған адамға қылмыстық сипаттағы қандай міндеттер мен шараларды белгілеуге ұсыныс беруге міндетті.

Біздің пікірімізше, Қазақстанда мұндай комиссиялардың енгізілуі көбінесе сотталғандарды жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату үшін негіздерді дұрыс анықтауға және тиісінше қылмыстардың қайталануын азайтуға ықпал етер еді.

Жалпы, түзеу мекемелерінен шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы келесі сотталғандар құқылы:

- абайсызда жасаған қылмыстары үшін алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған, жеті жасқа дейінгі балалары не екі немесе одан да көп кәмелетке толмаған балалары (егер оларға ата-ана құқығы шектелмесе) бар адамдар, сондай-ақ кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер олар іс жүзінде бас бостандығынан айырудың кемінде үштен бірін өтеген жағдайда;

- жеңіл топ жағдайында түзеу мекемелерінде ұсталатын адамдар бас бостандығынан айыру мерзімінің кемінде жартысын іс жүзінде өтеген жағдайда;

- бас бостандығынан айырудың кемінде үштен екісі іс жүзінде өтелген жағдайда, кәдімгі топ жағдайында түзеу мекемелерінде ұсталатын адамдар;

- түзеу мекемелерінде кәдімгі топ жағдайында ұсталатын адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру мерзімінің кемінде төрттен үш бөлігін нақты өтеген жағдайда қауіпті рецидивистер.

Литваның қолданыстағы заңнамасына сәйкес, түзеу мекемелерінен босатылған адамдар мынадай құқықтары мен міндеттерімен шектелген:

- түзеу мекемелерінен шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған, еңбекке жарамды адамдар босатылған сәттен бастап он бес күн ішінде жұмысқа орналасуға не еңбек биржасында тіркелуге және бұл туралы инспекцияға хабарлауға міндетті.;
- үйден белгілі бір уақытта шығу немесе белгілі бір жерлерде болу шектеулері, егер бұл жұмысқа жатпаса;
- тұрғылықты жерінен тыс жерлерге жеті күннен астам мерзімге рұқсатсыз кетуді шектеу. Неғұрлым ұзақ мерзімге шығуға рұқсатты пробациялық инспекция бастығы береді;
- Сынақ инспекциясында айына бір реттен төрт ретке дейін тіркелуі міндетті. Босатылғаннан кейін алғашқы үш айда пробациялық инспекцияға келу санын сот, бұдан әрі - инспекция бастығы сотталғанның мінез-құлқын негізге ала отырып белгілейді.

Литва заңнамасында сотталғандардың кейбір түрлеріне шартты-мерзімінен бұрын босатуды қолдануға шектеулер бар. Осылайша, "шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолданбау" босатудың бұл түрі литвалық мемлекеттің тәуелсіздігіне, оның аумақтық тұтастығына және конституциялық тәртіпке қарсы; кәмелетке толмағанның жыныстық бостандығына және (немесе) жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстары үшін; қамауға алу үйінде, түзеу мекемесінде немесе алдын ала қамауға алу орындарында жасалған қасақана қылмыстары үшін сотталғандарға, өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарға қолданылмайды.

Бұдан басқа, адам әкімшілік құқық бұзушылықтар немесе әкімшілік жаза шаралары қолданылған теріс қылықтар жасаған жағдайда, сондай-ақ сот ұйғарған талаптарды орындаудан бас тартқаны үшін ҚІБ жойылуы мүмкін.

Литва Республикасы Әділет Министрлігі жанындағы түрме департаментінің ақпараты бойынша Литвада тұруға ықтиярхаты бар шетелдіктер үшін де жоғарыда көрсетілгендей бақылау белгіленеді.

Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның мінез-құлқын кейіннен бақылауды қылмыстық-атқару қызметі саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен оның тұрғылықты жері бойынша Әділет министрлігі жанындағы түрме департаментінің қызметкерлері жүзеге асырады [39].

Ресей Федерациясы. Мерзімінен бұрын босатудың негіздері, шарттары мен тәртібі РФ ҚК-нің 79-бабында көзделген. Сот тағайындаған жаза қолданылған адамның түзелуіне, ол жаза толық өтелгенге дейін де қол жеткізуге болады. Егер сотталушы өзінің түзелгендігін дәлелдесе, жазасын орындауды жалғастырудың қажеті жоқ. Осыған орай, жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босату бір жағынан өздерінің түзелгендігін делелдеген сотталғандарды көтермелеу шарасы болса, екінші жағынан сотталғандардың жазаны өтеу барысында өздерін тәртіпті ұстауға ынталандырады.

Мерзімінен бұрын шартты түрде босату қандай болмасын жаза өтеп жатқан адам емес, тек түзеу жұмыстары, әскери қызмет бойынша шектеу, бас бостандығынан шектеу, тәртіптік әскери бөлімде ұстау немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларды өтеп жатқан адамдарға қатысты болуы мүмкін (ал жазалардың өзге түрлерінен мерзімінен бұрын босату жөн болмайды).

Бұл жағдайда адам қосымша жазадан толықтай немесе ішінара босатылуы мүмкін.

Мерзімінен бұрын шартты түрде босату соттың, сотталған адамның өзінің түзелу үшін сот тағайындаған жазаны толықтай өтеуге мәжбүр еместігіне деген сенімі негіз болыптабылады. Түзелудің көрсеткіштері, әрине, өтеліп жатқан жазаның ерекшеліктеріне бағынышты болады. Бұл тұрғыда бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеп жатқандарға айтарлықтай салмақты талаптар қойылады.

Мұндай адамдардың түзелуін оң көрсеткіштеріне режимнің барлық талаптарын бұлжытпай орындау, түзеу мекемесінің ондай айыпкерлерді көтермелеуі, еңбекке деген адал көзқарасы жатқызылады. Әрине, сот сотталған адамның түзелгені жайлы шешімді тек оның тағайындалған жазаның белгілі бір мерзімін міндетті түрде өтегеннен кейін ғана шығара алады.

Осыған орай мерзімінен бұрын босатудың шарты – айыпкердің тағайындалған жазаның белгілі бір мерзімін міндетті түрде өтеуі болып табылады. Қылмыстық заң бұл бөліктің көлемін адам жасаған қылмыстың ауырлығынәтікелей бағынышты етіп қояды [40].

Ресейдің қылмыстық заңнамасы белгілі бір мерзімін өткен соң мерзіміненбұрын шартты түрде босату мүмкіндігі қарастырған:

1) ол үшін адам кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын;

2) ауыр қылмысы үшін тағайындалған жазаның кемінде үштен екісін;

3) аса ауыр қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен үшін, сондай-ақ бұрын жазадан мерзімінен бұрын шартты түрде босатылған адамға, егер бұл мерзімнен бұрын шартты түрде босату РФ ҚК-нің 79-бабының7-бөлігінде көзделген негіздер бойышпа жойылған болса, тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен үшін;

4) кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық тиіспеушілік және есірткі бизнесімен айналысумен ұштасқан ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін жаза мерзімінің $\frac{3}{4}$ бөлігі;

5) 14 жасқа толмаған кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық тиіспеушілік қылмыстары үшін жаза мерзімінің $\frac{4}{5}$ бөлігін өтегеннен кейін қолданылуы мүмкін.

Заңда және мынадай ескертпе бар: кез келген жағдайда бас бостандығынан айыруға сотталушының нақты өтеу мерзімі алты айдан кем болмауы керек.

Өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген адамдарға да кесімді мерзім белгіленген. Ол адам мұндай (егер сот ол бұл жазаны одан әрі өтеуді қажет етпейді деп таныса) және кемінде жиырма бес жыл бас бостандығынан айыруды іс жүзінде өтесе, мерзімінен бұрын шартты түрде босатылуы мүмкін.

Мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды қолдана отырып, сот сотталушыға РФ ҚК 73-бабының 5-бөлігінде көзделген, яғни шартты түрде соттауды тағайындаған кездегі міндеттерді жүктей алады. Ол міндеттер мыналар; сотталған адамды түзеуді жүзеге асырып жатқан органның рұқсатынсыз тұрақты мекен-жайды өзгертпеу, белгілі бір жерлерге бармау, маскүнемдіктен, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан, соз ауруларынан емделу курсынан өту, отбасына материалдық көмек көрсету, сондай-ақ, соттың пікірінше, оның түзелуіне ықпал ететін өзге де міндеттер. Мерзімінен бұрын шартты түрде босатылған адамның мінез-құлқын бақылауды оған уәкілдік берілген мамандандырылған мемлекеттік орган, ал әскери қызметшілер жөнінде әскери бөлімдер мен мекемелердің басшылығы жүзеге асырады. Жазадан босатудың бұл түрі шартты босату деп аталады, өйткені адамның арғы тағдыры оның жазадан мерзімінен бұрын босатылғаннан кейінгі мінез-құлқына бағыныштылыққа қойылады.

Егер сотталған адам жазаның қалған өтелмеген бөлігі ішінде өзіне әкімшілік жазасы салынған қоғамдық тәртіпті бұзса (мұндай жағдайларда согоған салмнтчiң әкімшілік жазасының заңдылығын және негізділігін тексеру керек) немесе соттың мерзімінен бұрып шартты түрде босатуды қолдану кезінде оған жүктеген міндеттерді орындаудан әдейі жалтарса, сот мерзімінен бұрын шартты түрде босатылған адамның тәртібін бақылауды жүзеге асыратын Органдардың ұсынуы бойынша мерзімінен бұрын шартты түрде босатудың күшін жою және жазаның өтелмей қалған бөлігін орындау туралы қаулы ете алады [41].

Егер адам жазаның өтелмей қалған мерзімі кезінде қылмыс жасаса, сот, бұл қылмыс үшін жаза тағайындай отырып, мерзімінен бұрын шартты түрде босатудың күшін жою немесе оны сақтау туралы мәселені (оның алдындағы қылмыс үшін тағайындалған жазаға байланысты) шешеді.

Егер сотталған адам жазаның қалған өтелмеген бөлігі ішінде қасақана қылмыс жасаса, сот оған РФ ҚК-нің 70-бабында көзделген ережелер бойынша, яғни үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындайды. Егер сот мерзімінен бұрын шартты түрде босатудың күшін жойса, абайсызда қылмыс жасалған жағдайда да жаза осы ережелер бойынша тағайындалады.

Жазадан мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды қолдану жөніндегі соттәжірибесі босатылғандардың басым көпшілігі жазаның өтелмеген бөлігі кезінде жаңа қылмыс жасамайтындығын көрсетеді. Ендеше, мұндай босатудың тиімділігі айтарлықтай жоғары деген сөз.

Мәселен, бұрынжазадан мерзімінен бұрын шартты түрде босатылғаннан кейін сотталғандардың арасындағы үлес салмағы: 1989ж. -

2,8%, 1990 ж. - 2,7%, 1991 ж. - 2,6%, 1992 ж. - 2,5%, 1993 ж. -- 2,5% көрсеткен.

Статистикалық мәліметтерге қарағанда, қылмыстың қайталануы үшін сотталған сотталғандар арасында мерзімінен бұрын босатылған адамдар саны өсуде. Ресейде бұл көрсеткіш 1997-2006 жылдары 1,2 пайыздан 6,5 пайызға ұлғайған.

Тәжірибе көрсеткендей, түзеу мекемелерінен шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың басым көпшілігінің жас шамасы 30-40 аралығында болуда [42].

Орыс ғалымы А.С. Михлиннің пікірінше, Ресей заңнамасында мерзімінен бұрын босатылғандарға арнайы сынақ мерзімі белгіленбейді. Бұл кезде жазаның өтелмеген қалған мерзімі сынақ мерзімі ретінде белгіленіп, осы уақыт аралығында оған қадағалау жүргізіледі.

Назар аударарлық жағдай, егер аса ауыр қылмыс үшін сотталған адам мерзімінен бұрын босатылған жағдайда, оны қадағалау мерзімі аз болады. Себебі, ол жаза мерзімінің $\frac{3}{4}$ немесе $\frac{2}{3}$ бөлігін өтеп шығады. Бұл ретте аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға қатысты сынақ мерзімін қосу қажеттілігі туындайды.

Оның ойынша онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар үшін сынақ мерзімі ретінде, өтелмеген жаза мерзімін қолданған орынды. Ал, ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін сотталып, мерзімінен бұрын босатылғандарға қосымша жаза мерзімін тағайындау қажет деп санайды. Себебі, бұл адамдар қылмыстың қайталануымен жасалған қылмыс үшін сотталған қауіпті адамдар болып табылады.

Жалпы сынақ мерзімінде сотталған адам өзін жақсы жағынан көрсетіп, түзелгенін дәлелдесе, сынақ мерзімін қысқартып, оған қадағалау жүргізу тоқтатуды жөн деп санайды [43].

Қырғызстан. Бұл республикада шартты түрде мерзімінен бұрын босату тәртібі мен негіздері Қырғызстан Республикасы Қылмыстық кодекстің 69-бабымен реттелген. Мерзімінен бұрын босату институтын бас бостандығынан айырылған және әскери тәртіптік бөлімде ұсталған адамдар қолдануға құқылы.

Бұл ретте, сот сотталушының одан әрі жазаны өтеуді қажет етпейді деп танып, оның түзелгендігі мен қоғамға қауіп төндірмейтіні дәлелденсе, сотталушы мерзімінен бұрын босатылады.

Сондай-ақ, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға үміткер адам онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар үшін тағайындалған жаза мерзімінің $\frac{1}{2}$ өтеуі тиіс.

Ал, ауыр қылмыстар үшін жаза мерзімінің $\frac{2}{3}$ бөлігі және аса ауыр қылмыстар үшін жаза мерзімінің $\frac{3}{4}$ бөлігі өтелуі керек. Бірақ жаза өтелген мерзімі 6 айдан кем болмауы тиіс.

Сонымен бірге сот сотталушыны тағайындалған қосымша жазадан толық немесе ішінара босатуы мүмкін. Сот шартты түрде мерзімінен бұрын

босатылған адамға Қырғызстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 64-бабында көзделген талаптар мен міндеттерді жүктейді.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарды қадағалауды ішкі істер органдары, ал әскери қызметшілерді әскери бөлімдер мен мекемелері жүргізеді.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату қылмыстың қауіпті қайталануымен жасалған қылмыстар үшін сотталғандарға және рақымшылық негізінде өлім жазасы өмір бойына бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамдарға қолданылмайды.

Егер де шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам оған жүктелген міндеттерді орындамай, одан жалтарса, қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, қоғамдық тәртіпті бұзып әкімшілік жауаптылыққа тартылса, сот мерзімінен бұрын босатудың күшін жойып, сотталушыға бас бостандығынан айыру жазасын өтеуді жалғастырады [44].

Жалпы шетел мемлекеттерінің шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтын зерделей келе, біздің елімізде осы институттың қарқынды дамуы үшін олардың онды тәжірибелерін алу қажет деп санаймын.

Мәселен, АҚШ, Франция, Ұлыбритания және Италия мемлекеттерінде шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты бойынша келесі тәжірибелеріне назар аударуға болады.

Нақтыласақ, **Италия Республикасының** Қылмыстық кодексімен шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға белгілі бір талаптар мен міндеттер жүктеледі. Бұл талаптарға: қылмыстық, әкімшілік құқықбұзушылықтар жасамау, қоғамдық тәртіпті бұзбау, пробация қызметіне жүріс-тұрысы бойынша есеп беру, жұмысқа орналасу, әлеуметтік даму және т.б. жатады.

Ал, егер сотталушы осы талаптарды бұзса, Италия Қылмыстық кодексінің 177-бабына сәйкес, мерзімінен бұрын босатудың күші жойылып, адамның мерзімінен бұрын босатылған кездегі бостандықта жүрген уақыты тағайындалған негізгі жаза мерзіміне есептелмей, ол жаза мерзімін қайтадан бас бостандығынан айыру түрінде өтейді.

Айталық, сотталушы Р. Искаков Қылмыстық кодекстің 190-бабының 1-бөлігімен 2 жыл (24 ай) мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына сотталып, ол жаза мерзімінің 1/3 бөлігін немесе 8 айын өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған.

Босатылған күннен бастап 1 жыл өткеннен кейін Р.Искаков сотпен жүктелген міндеттерді орындамай, оған қатысты қолданылған мерзімінен бұрын босатудың күші жойылады. Ол кезде жазанының толық өтелуіне 4 ай қалған.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, бұл кезде сотталушы Р.Искаков жазаның қалған мерзімінің 4 айын бас бостандығынан айыру түрінде өтейді.

Ал, Италия Қылмыстық кодексіне сәйкес, мерзімінен бұрын босатылған күннен бастап бостандықта жүрген 1 жылы (12 ай) жаза өтеу

мерзіміне есептелмей, ол қайтадан 1 жыл 4 ай бас бостандығынан айыру жазасын өтеуді жалғастырады.

Статистикаға жүгінсек, тек Астана қаласының аудандық соттарына шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою туралы 2016 жылы – 29, 2017 жылы – 44 және 2018 жылы – 31 өтініштер түскен.

Өз кезегінде, бұл сотталушының жауапкершілігін елеулі күшейтеді, оған жаза өтеген мерзімінің негізсіз жойылуына жол бермеуге жігер береді және сәйкесінше бостандықтан айырылмауға тырысады.

Сонымен қатар, сотталушыға қатысты шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші жойылған жағдайда, оған алдағы уақытта мерзімінен бұрын босату қайтадан қолданылмау тәжірибесін атап өткен жөн.

АҚШ-да шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға үміткер адамды босатуды сот жүргізбейді. Олардың тәжірибесіне сәйкес, мерзімінен бұрын босатылатын адамның құжаттарын арнайы кеңестер мен бюролар қарайды.

Олардың құрамы психолог, педагог, әлеуметтік қызметкер, жергілікті атқарушы орган мен штаттың губернаторымен тағайындалатын басқа ұйым қызметкерлерінен тұрады. Кеңес мүшелерінің басым көпшілігі түзеу мекемелерінде жұмыс атқарады және олар қосымша комиссия құрамында да болуға құқылы.

Бұл тәжірибе, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылатын адамның психологиялық-әлеуметтік жағдайы мен оның түзелу дәрежесін жан-жақты қарауға және бағалауға көмектеседі.

АҚШ-ның соты мерзімінен бұрын босату туралы мәселені қарағанда арнайы білімдері бар психолог, әлеуметтік қызметкер және педагогтардың қорытындылары мен пікірлерін назарға алады.

Онымен қоса, сотталушылармен тікелей қатынаста болатын түзеу мекемелерінде елеулі жұмыс тәжірибесі бар қызметкерлер сотқа объективті қорытындыларын білдіреді. Яғни, мерзімінен бұрын босатудың қорытындысы жан-жақты болады, бір ғана адамға тәуелді болмайды және алқалы шешіледі.

Франция мемлекетінде шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселесін пенитенциарлы судьялар қарайды. Аталған судьялар үкімнің орындалуына байланысты барлық өтініштерді қарауға бекітілген.

Жалпы тәжірибе көрсеткендей, барлық мемлекеттерде жазаның орындалуы мен түзеу мекемелеріне байланысты сотталғандар тарапынан өтініштер мен сұрақтар көп кездеседі.

Осыған орай, Франция мемлекеті пенитенциарлы судьялар институтын бөлек шығарған. Мұндай тәжірибе Қазақстан Республикасында тергеу судьясы бойынша қалыптасқан.

Менің пікірімше бұл өте дұрыс тәжірибе. Себебі, пенитенциарлы судья тек үкімдерді орындалуы мен түзеу мекемелеріне қатысты сұрақтармен айналысады және ол арнайы осы сала бойынша білікті маман болады. Пенитенциарлы жүйенің өзі ауқымды болып саналады, бұл жерде

туындайтын сұрақтар көп және жыл өте түзеу мекемелері мен жазаның орындалуы бойынша өтініштер саны да арта түсуде.

Тергеу судьясы сияқты пенитенциарлы судья институтын енгізу үкімдердің орындалуы мен түзеу мекемелеріне қатысты сотталушылардың өтініштері мен басқада сұрақтары бойынша жан-жақты әрі заңды шешімдер қабылдауға септігін тигізеді деп санаймын.

Қазіргі уақытта, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, үкімдердің орындалуы мен түзеу мекемелеріне қатысты өтініштер қылмыстық істер бойынша соттармен жалпы тәртіпте қаралады.

Мысалы, Астана қаласында орналасқан қылмыстық істер бойынша 4 аудандық соттарда барлығы 20 судья қызмет атқаруда.

Статистикаға қарасақ, үкімдердің орындалуы мен түзеу мекемелеріне қатысты сотталушылардан 2016 жылы - 1509, 2017 жылы – 1643 және 2018 жылы 1909 өтініштер түскен.

Судьялар кез келген санаттағы қылмыстық істер мен олар бойынша туындаған сұрақтарды да қарайды. Өз кезегінде істер санының артуы сапалық деңгейге кері әсерін тигізеді.

Канаданың пенитенциарлық жүйесінде арнайы профессионалды түзеу қызметі жұмыс атқарады.

Аталған қызметтің басты мақсаты түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталушыларды бостандықтағы өмірге дайындау, қоғамға қауіп төндірмейтіндеріне сендіру, психологиялық әсер ету арқылы оларды түзеу, дұрыс мінез-құлық қалыптастыру болып табылады. Түзеу қызметімен осы бағытта үнемі насихат жұмыстары жүргізіледі.

Жалпы, жоғарыда аталған шетел мемлекеттерінің қылмыстық құқық саласындағы нәтижелі жетістіктерін біздің тәжірибеге енгізу шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтының дамытады деп санаймын.

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтын жүзеге асырудың аспектілері.

2.1.Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарды пробациялық бақылау.

Адамды жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың басты мақсаты – ол ізгілік, азаматтың жүрегінде үміт отын жандырып, онды мінез-құлық қалыптастыру және бұл институт елімізде кеңінен қолданылуда.

Мұндай мүмкіншілікті саналы қолданбай, заң бұзушылықтарға жол беру салдарынан, адамның темір тордың артына қайта оралуы әбден мүмкін.

Нақтыласақ, қолданыстағы заңнамаға сәйкес бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға жазасының қалған өтелмеген мерзіміне бақылау белгіленіп, оған тиісті міндеттер жүктеледі.

Жалпы сотталған адам жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған кезде тағайындалған жазасының өтелмеген бөлігі оған сынақ мерзімі болып саналады.

Кейбір ғалымдар бұл жағдайды заңның жетілмегендігі деген пікір айтады. А.С. Михлин – жасалған қылмыс пен қылмыскердің өзі неғұрлым қауіпті болса, ол жаза мерзімінің неғұрлым үлкен мерзімін өтеуге тиіс болады, сәйкесінше соғұрлым сынақ мерзімі аз болатынын айтады. Бұл мерзім қылмыстың және қылмыскердің қоғамға қауіптілік дәрежесіне байланысты болуы керек. Қауіптілік неғұрлым көп болса, сынақ мерзімі соғұрлым ұзақ болуы тиіс деген пікірді ұстанады [45].

Ғалым А.Н. Ткачевский - осындай ережені дұрыстау үшін сотқа өтелмеген жаза бөлігінің мөлшеріне тәуелді емес сынақ мерзімін тағайындау құқығын беру қажет деп есептейді [46].

Сот бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға жазасының қалған өтелмеген бөлігі ішінде ҚР ҚК-нің 44-бабының екінші бөлігінің қағидалары бойынша пробациялық бақылауды белгілейді.

Пробация дегеніміз – санаттары заңмен айқындалған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін олардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен жеке айқындалатын шаралар жүйесі [47].

Пробациялық бақылау – пробация қызметінің есебінде тұратын адамдардың өздеріне заңмен және сотпен жүктелген міндеттерін орындауына уәкілетті органдардың бақылауын жүзеге асыру жөніндегі қызметі.

Пробацияның мақсаты: күдіктінің, айыпталушының мінез-құлқын түзеу, сотталған адамды әлеуметке қосу және қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемесінен босатылған адамды әлеуметтік

бейімдеу және оңалту арқылы қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу болып табылады.

Жалпы пробациялық бақылау:

- бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға сотталған;
- шартты түрде сотталған;
- бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға қатысты жүзеге асырылады.

Ал, пробация түрлеріне мыналар жатады: сотқа дейінгі пробация, үкімдік пробация, пенитенциарлық пробация және пенитенциарлықтан кейінгі пробация.

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату - пенитенциарлықтан кейінгі пробация түріне жатады [8].

Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану кезінде адамға Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде көзделген міндеттер жүктеледі.

Жазаны орындау мекемесінің әкімшілігі жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамнан оның таңдаған мекенжайы бойынша бес күндік мерзімде ішкі істер органдарына тіркеуге тұратындығы туралы қолхат алады.

Сондай-ақ, жазаны орындау мекемесінің әкімшілігі таңдалған мекенжайдағы жергілікті ішкі істер органына жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның жіберілгенін хабарлайды.

Жазаны орындау мекемесінің әкімшілігі қамаудағы немесе бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан сотталғанның босауына он жұмыс күні қалғанда сотталған адам мекенжайына немесе жұмысына жеткенше оларды тегін жүру, азық-түлікпен және жол жүру кезінде ақшамен қамтамасыз ету ережесіне сәйкес:

1) бостандыққа шығуға жататын сотталғандардың тізімін жасайды, онда босайтын мерзімі, жүретін бағыты және соңғы баратын жері көрсетіледі;

2) босатылған адамның Қазақстан Республикасының аймағындағы мекенжайына немесе жұмысына жетуіне жолға қажетті билет алуы үшін ақшақаражатын есептейді;

3) қамаққа алынып немесе бостандығынан айрылып, жазасын өтеуден босаған адамдар үшін Қазақстан Республикасының аумағы шегіндегі мекенжайына немесе жұмысына жетуіне дейін, жол жүру кезінде оларға бекітілген заңнамаға сәйкес тамақтандыру нормасына сай босатылған сотталғандарға құрғақ азық берілуін есептейді.

Құрғақ азық болмаған жағдайда бір айлық есептік көрсеткіштің 50% көлемінде жолда жүретін әр тәулік үшін ақша берілуі мүмкін.

Жазаны өтеу мекемесінің қызметкері сотталғанадамның босауына он күнқалғанға дейін Қазақстан Республикасының аумағы шегіндегі мекенжайынанемесе жұмысына жетуі үшін оларға жол билеттерін алады.

Жол билеттерінің ақысы қолма-қол және қолма қол емес түрде белгіленген заңнамаға сай жүргізіледі және сақталуға қойылған заттары мен құндылықтары беріледі.

Жазасын өтеуден босатылып шыққан адам жол жүру станциясына дейін жазасын өтеу мекемесінің қызметкерімен жеткізіледі.

Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға қатысты пробациялық бақылауды оның тұрғылықты жеріндегі полиция қызметкерлері қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

Ішкі істер органдары шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамды есепке қойғаннан кейін оған әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету үшін оның қызметке келуін қамтамасыз етеді және сот қаулысының көшірмесін пробация қызметіне жібереді.

Өз кезегінде, пробация қызметі босатылған адамды өзінің есебіне қойып, оның денсаулық жағдайын, білім деңгейін, еңбекпен қамтылуын, тұрғылықты жерінің бар-жоғын анықтай отырып, оның жеке басын зерделеуді жүргізеді, сондай-ақ оған ұсынылатын әлеуметтік-құқықтық көмектің көлемін айқындауға қажетті өзге де мәліметтерді анықтайды және адамға әлеуметтік-құқықтық көмекті ұсыну тәртібін түсіндіреді.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның жеке басын және өмірлік жағдайын зерделеу нәтижелері бойынша пробация қызметі әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасын жасайды.

Жергілікті атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де ұйымдар пробация қызметі әзірлеген жеке бағдарламаға сәйкес, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетеді.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамды тиісінше бақылауды қамтамасыз ету және оның тұрған жері туралы ақпарат алу үшін ішкі істер органдарының полиция қызметкерлері тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін электрондық бақылау құралдарын қолдануға құқылы.

Электронды бақылау құралының басты мақсаты – адамның жүріс тұрысын бақылау, оның қоғамға қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Бүгінгі күні, электронды бақылау құралын 60 астам дамыған мемлекеттер тәжірибеде қолдануда. АҚШ, Ұлыбритания және басқа да еуропа мемлекеттері кеңінен қолдануда.

Алғаш рет электронды бақылау құралын АҚШ-ы 1990 жылдан бастап қолданып, олардың тәжірибесіне қарағанда электронды құралды қолдану сотталушыны түзеу мекемесінде ұстағаннан, осы тәсілмен бақылау едәуір қаражатты үнемдеуге себеп болған.

Электрондық бақылау құралының қолданылуына тоқталатын болсақ, ішкі істер органының бастығы шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға белгіленген шектеулерге сәйкес, оның жеке басын сипаттайтын мәліметтер негізінде, сондай-ақ тиісті құрал-жабдықты орнатудың техникалық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамды есепке алу кезінде оған электрондық бақылау құралдарын қолдану туралы шешім қабылдайды.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға электрондық бақылау құралдарын қолдану туралы шешім электрондық бақылау құралдарын пайдалану туралы қаулымен ресімделеді, ол шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға және онымен бірге тұратын адамдарға жарияланады, бұл ретте құрал-жабдықты бұзғаны үшін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның жауапкершілігі түсіндіріледі.

Электрондық бақылау құралдарын пайдалануға жауапты полиция қызметкері қаулы шығарған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде қажетті құрал-жабдық орнатуды жүзеге асырады, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға электрондық бақылау құралдарын пайдаланудың ерекшеліктерін түсіндіреді және электрондық бақылау құралдарын пайдалану бойынша жадынама алғаны туралы қол қойғызу арқылы оларды пайдалану жадынамасын береді.

Өз кезегінде, электрондық бақылау құралдарын пайдалануға жауапты полиция қызметкері шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға белгіленген шектеулерді сақтауы туралы мониторингілеу пультінің деректерін пайдалана отырып, ақпарат жинауды жүзеге асырады.

Электрондық бақылау құралдарының құрылғысын сот белгілеген шектеулерді сақтауға профилактикалық бақылауды жүзеге асыру мақсатында ішкі істер органдары тікелей шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға оның тұрғылықты немесе болу орны бойынша орнатады.

Сот белгілеген шектеулер өзгерген кезде не техникалық себептер бойынша электрондық бақылау құралдарын қолдану мүмкін болмаған жағдайда шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға қатысты электрондық бақылау құралдарын пайдаланудан бас тарту (ауыстыру) туралы тиісті дәлелденген қаулыны қабылданып, электрондық бақылау құралдарын пайдалануды тоқтатады не оларды пайдалану тәртібін және қолданатын техникалық құралдар жиынтығын өзгеріледі.

Электрондық бақылау құралдарын пайдалануға жауапты полиция қызметкері қаулыны шығарған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде қажетті құралды алып тастауды (ауыстыруды) жүзеге асырады [48].

Жалпы жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарды бақылау ҚР Ішкі істер Министрінің бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Ішкі істер органдары шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарды жазасының қалған өтелмеген бөлігі ішінде дербес есепке алуды жүзеге асырады, оларға жүктелген міндеттердің орындалуын бақылайды.

Ішкі істер органдары қылмыстық-атқару жүйесінің бөліністерінен шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға қатысты хабарлама алған соң жергілікті полиция қызметінің бастығына шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның тұрғылықты жеріне келуін бақылауды жүзеге асыруды тапсырады.

Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдар тұрғылықты жеріне келген соң ол ішкі істер органдарының профилактикалық есебіне қойылып және оған бақылау ісі ашылып, тіркеуге жатады.

Соттың адамды жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы қаулысы бақылау ісін ашуға негіз болып табылады. Бақылау ісі жазаның өтелмеген барлық мерзімі бойы жүргізіледі.

Бақылау ісіне бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаны туралы анықтаманың, сот үкімдерінің (олар болмаған жағдайда учаскелік инспектор қылмыстық-атқару мекемесіне сұрау салады), шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы қаулының көшірмелері, соттылығын тексеру талабы және шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға "Есептегі элемент" Біріктірілген деректер банкі есебінің басып шығарылған электрондық карточкасы, өмірбаяны, соттылығы туралы толыққанды түсініктемесі тігіледі.

Есепке қойғаннан кейін УПИ шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға, ол үшін оған әкімшілік жаза салынған бірнеше рет әкімшілік құқық бұзушылық жасау немесе Қазақстан Республикасы ҚАК-нің [169-бабында](#) көзделген міндеттерді орындаудан қасақана жалтарған жағдайдағы салдар түсіндіріледі.

Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесінен шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдар тұрғылықты жеріне келгеннен кейін УПИ үш жұмыс күні ішінде ішкі істер органының бастығына Қазақстан Республикасы ҚАК-нің [169-бабына](#) сәйкес оларға сот жүктеген міндеттер бойынша шектеулер белгілеу туралы қаулы енгізеді.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға шектеулер белгілеу туралы қаулы бақылау ісі материалдарына тігіледі. Қаулының көшірмесі шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға түпнұсқасына қол қою арқылы тапсырылады.

Тұрғылықты жері бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам дәлелсіз себептер бойынша 5 жұмыс күні ішінде тұрғылықты жеріне келмеген не болмаған және міндеттерін орындаудан қасақана жалтару фактілері анықталған жағдайда, УПИ бұл туралы ішкі істер органының бастығына баянатпен баяндайды және шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның жүрген жері және келмеу себептерін анықтау бойынша алғашқы іс-шараларды жүргізеді.

Тұратын жері анықталмаған жағдайда, сотқа оған іздестіру жариялау туралы не бұлтартпау шараларын таңдау туралы ұсыным енгізеді.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың сот жүктеген міндеттерін орындауын толыққанды бақылау мақсатында ішкі істер органдарының қызметкерлері:

1) шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның мінез-құлқы туралы жұмыс орны және тұрғылықты жері бойынша азаматтардан және меншік нысанына қарамастан ұйымдардың әкімшіліктерінен мәліметтер сұрауға және алуға;

2) шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамды әңгімелесуге ішкі істер органына шақыруға, қажет болған жағдайда мұндай әңгімелерді туыстарының келісімі бойынша оларды қатыстыра отырып өткізуге;

3) шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардан сот жүктеген міндеттердің орындалуына байланысты мәселелер бойынша ауызша және жазбаша түрде түсініктерді талап етуге құқылы.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдар тұрақты тұрғылықты жеріне келгеннен кейін ішкі істер органының бастығы жергілікті полиция қызметіне келесі әрекеттерді жүзеге асыруды тапсырады:

- профилактикалық есепке алуды және адамға арналған ақпараттық-іздеу картасын ақпараттық-аналитикалық орталықтың аумақтық бөліністеріне, сондай-ақ ақпаратты кезекші бөлімге, арнайы мекемеге және полицияның кешенді күштеріне жіберуді;
- қылмыстық-атқару жүйесі бөліністеріне хабарлауды;
- шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның қасақана қылмыс жасауының әрбір фактісі бойынша анықталған кемшіліктерді жою және ішкі істер органдарының профилактикалық жұмысының тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдай отырып, қызметтік тексеріс жүргізуді;
- криминалдық полиция бөлінісіне шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамды жедел есепке алуды;
- криминалдық полициясына, кезекші бөлімдеріне, арнайы мекемелеріне және полицияның кешенді күштеріне шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың тарапынан құқық бұзушылық және сотпен оларға жүктелген міндеттерді орындаудан жалтару фактілері туралы ҚАПО-ның жергілікті полиция қызметінің бөліністеріне ақпарат ұсынуды [49].

УПИ шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адаммен әңгіме жүргізеді, тұрғылықты жері бойынша тіркеу ережесін сақтау туралы ескертеді және оның уақтылығын бақылайды, бас бостандығын айыру орындарынан жіберілген деректердің шынайылығын тексереді.

Сонымен қатар, ішкі істер органдары:

- шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдар таңдап алған тұрғылықты жеріне келуі бойынша бақылау істерін ашады және профилактикалық есепке қояды;

- тұрғылықты жері бойынша профилактикалық жұмысты жүзеге асырады; "Жедел-ізвестіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңында көзделген тәртіпте және негіздер бойынша жедел-ізвестіру іс-шаралар өткізеді;
- шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам туралы ақпарат алу мақсатында қылмыстық-атқару жүйесінің органдары және мекемелерімен өзара іс-қимыл жасасады.

Учаскелік полиция инспекторы мекемеден хабарлама алған сәттен бастап тәулік ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге шығуға тыйым салуға Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "Бүркіт" бірыңғай ақпараттық жүйесіне енгізу үшін тапсырма толтырады.

Тапсырма жоспар "Бүркіт" бірыңғай ақпараттық жүйесіне енгізу үшін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті полиция қызметінің бастығына жолданады.

Қолданыстағы заңнамада жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға келесі міндеттер жүктеледі:

- мекемеден босатылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органдарында тіркеуден өтуге;
- айына кемінде бір рет ішкі істер органдарына, пробация қызметіне тиісінше өзінің мінез-құлқы, алатын әлеуметтік-құқықтық көмек туралы есеп беру үшін келіп тұруға;
- ішкі істер органдары айқындаған уақытта тұрғылықты жерін тастап кетпеуге;
- ішкі істер органдарын жазбаша хабардар етпестен тұрақты тұрғылықты жерін, жұмыс пен оқу орнын ауыстырмауға;
- ішкі істер органдары айқындаған орындарға жұмыс пен оқудан бос уақытта бармауға;
- ішкі істер органдарының жазбаша рұқсатынсыз басқа жерлерге шықпауға міндетті.
- негізгі жазаны толық өтегенге және пробациялық бақылау мерзімі аяқталғанға дейін республика аумағынан кетпеуге;
- алкогольдік ішімдіктерді, сондай-ақ медициналық емес мақсаттарда есірткі мен психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынбауға;
- жәбірленушінің денсаулығына, мүлкіне келтірілген залалдың немесе мемлекетке келтірілген материалдық залалдың орнын толтыру жөнінде шаралар қолдануға;
- ішкі істер органдарының талап етуі бойынша түсініктеме және шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның мінез-құлқына бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құжаттарды ұсынуға;
- ҚР салық заңнамасында белгіленген тәртіппен тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органына табыстары және салық салу объектісі болып табылатын мүлкі туралы декларацияны табыс етуге міндетті *(көрсетілген декларация жазаның қалған өтелмеген бөлігі аяқталғанға дейін табыс*

етіледі). Бұл ретте, көрсетілген адамдар ішкі істер органына мемлекеттік кіріс органының декларацияны алғаны туралы анықтамасын табыс етеді [8].

Сондықтан, УПИ шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адаммен тұрғылықты жері бойынша сот белгілеген міндеттерді орындаудан жалтару және оның құқық бұзушылық жасау оқиғаларына жол бермеуі жөнінде ескерту жұмысын жүргізеді.

Ал, қызмет көрсету аумағында тұрмайтын шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған жағдайда онда осы адамға бақылау жүзеге асыратылатын тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органына әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулы көшірмесімен хабарлама жіберіледі.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның тұрғын үйіне әрбір келу нәтижелері бойынша учаскелік полиция инспекторы немесе оны тексеретін полиция қызметкері бақылау парағына тиісті белгі қояды.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың ішкі істер органдарына келу міндеті бақылау жасау, сондай-ақ профилактикалық сипатта әңгіме жүргізу мақсатында қолданылады. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның келу сағаттары, оның жұмысы мен оқуына әсер етпейтіндей есеппен белгіленеді.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның ішкі істер органына келуін тіркеу ішкі істер органының жергілікті полиция қызметі бөліністерінде не учаскелік полиция пункттерінде жүзеге асырылады, бұл туралы арнайы тіркеу парағына белгі қойылады.

УПИ сот белгілеген міндеттерді бұзудың әрбір фактісі бойынша баянат толтырады және ішкі істер органының бастығына баяндайды [49].

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарды бақылау олардың тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырылады. Егер шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам дәлелді себептер бойынша аталған мекенжайда тұра алмаса, ішкі істер органының бастығы оның өтінішіне сәйкес оған қызмет көрсететін аумақтың шегіндегі басқа жерде уақытша тұруға рұқсат береді.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның тұрғылықты жерінен ауданнан (қаладан, облыстан) тысқары уақытша шығуы туралы мәселелерді шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның жазбаша арызының және шығу себебін, профилактикалық есепте тұрған кезеңдегі мінез-құлқын сипаттайтын деректер көрсетілген учаскелік инспектордың баянаты негізінде ішкі істер органының бастығы қарайды.

Қабылданған шешім туралы арызға тиісті жазба жазылады, ол ІІО-ның кіріс хат-хабарламасында тіркеледі.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға басқа жерге уақытша кетуге және онда бір тәуліктен артық болуға рұқсат берілген жағдайда қолхат арқылы бағыттық парақ беріледі, онда басқа елді мекенге шығуға рұқсат берілген күні, бару мақсаты мен болу мерзімі, шартты түрде

мерзімінен бұрын босатылған адамның ішкі істер органында тіркелуі, шақыру бойынша белгіленген уақытта ішкі істер органына келуі, тұрғылықты жері бойынша оны қадағалауды жүзеге асыратын учаскелік полиция инспекторына өзінің оралғаны туралы хабарлау міндеттері көрсетіледі. УПИ шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның кеткені туралы ол келуге тиіс аумаққа қызмет көрсететін ішкі істер органына жазбаша түрде хабарлайды.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам басқа ішкі істер органы қызмет көрсететін аумаққа келісімен, жергілікті полиция қызметі бөлінісінің қызметкері немесе УПИ келген адамды жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған, ішкі істер органы қызмет көрсететін аумаққа уақытша тұру үшін келген адамдарды тіркеу журналының екінші бөліміне тіркейді, оның бағыттық парағына тиісті белгілер қойып, оларды ішкі істер органының мөрімен (мөртаңбасымен) куәландырады.

УПИ шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның уақытша тұру мерзімі ішінде оның мінез-құлқы мен өмір сүру салтын қадағалауды жүзеге асырады, әңгімелесу үшін оның келу күндерін белгілейді, болу мерзімі аяқталғанда бағыттық парағына оның уақытша тұру жеріндегі мінез-құлқы туралы жазба енгізеді.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам тұрғылықты жеріне оралған кезде бақылауды жүзеге асырушы УПИ бағыттық парақтағы жазбалармен танысады, оған аталған адамның келгені туралы белгі қояды және бағыттық парақты бақылау ісіне тіркейді.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам басқа елді мекенге тұрақты тұруға кеткен жағдайда:

1) бақылауды жүзеге асырушы ішкі істер органы шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның тұратын аумақтағы ішкі істер органына осы Қағидаға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпарат жолдайды;

2) шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның жаңа тұрғылықты мекенжайы бойынша үш жұмыс күні ішінде тексереді және ақпарат жіберген органға хабарлайды;

3) шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның таңдап алған тұрғылықты жері бойынша келгені туралы расталған қатынас хатты алған соң, оның бақылау ісін және криминалдық полициядағы бар ақпараттарды әрі қарай бақылауы үшін жаңа тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органына жолдайды;

4) шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға тұрғылықты жеріне кеткен кезде осы Қағидаға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау парағы беріледі, онда кеткен күні, жаңа тұрғылықты жерінің мекенжайы және жаңа тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органына тіркелуге келу мерзімі көрсетіледі.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның облыстан (республикадан) тыс жаңа тұрғылықты жерге көшкен, қайта қылмыс

жасағаны үшін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы күшін жойған, жазаның өтелмеген бөлігінің мерзімі өткен және ол қайтыс болған жағдайда үш жұмыс күні ішінде тиісті орталықтандырылған жүйелерге қажетті түзету енгізу үшін хабарлама жолданады [49].

Қылмыстық кодекске сәйкес, жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың төмендегідей жауапкершіліктері көзделген.

1) екі және одан да көп әкімшілік құқық бұзушылық жасап, олар үшін оған әкімшілік жаза қолданылса;

2) шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану кезінде өзіне жүктелген міндеттерді орындаудан дәлелсіз себеппен екі реттен артық жалтарса;

3) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаннан кейін таңдалған тұрғылықты жері бойынша тіркелу үшін бес жұмыс күні ішінде дәлелсіз себеппен келмесе, сот уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуымен шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою және жазаның қалған өтелмеген бөлігін орындау туралы қаулы шығара алады.

Ал, Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес, егер шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылған адам:

- жазасының қалған өтелмеген бөлігі ішінде бірнеше рет әкімшілік құқық бұзушылық жасап, сол үшін оған әкімшілік жаза қолданылған болса;
- шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану кезінде өзіне жүктелген міндеттерді орындаудан қаскөйлікпен жалтарған болса, ішкі істер органы сотқа шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою және жазасының қалған өтелмеген бөлігін орындау туралы ұсыну жіберетіні көзделген.

Өз кезегінде, Қылмыстық-атқару кодексінде шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың өз міндеттерін қаскөйлікпен жалтару ұғымына нақты түсінік берілмеген.

Қылмыстық-атқару кодексінің 130-бабына сәйкес, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушылықтар болып табылатын әрекеттер көзделген, бірақ олар тек жазасын түзеу мекемесінде өтеп жатқан сотталғандарға қатысты қолданылады.

Бұл ретте, жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырудың және тағайындалған жаза мерзімін қысқартудың сот практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 2 қазандағы №6 нормативтік қаулысына сәйкес, сотталған адамға жүктелген міндеттерді қаскөйлікпен жалтару деп сотталған адамның тәртібін бақылайтын орган шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жоюдың мүмкін екендігі туралы жазбаша ескерту шығарғаннан кейін міндеттердің қайталап орындалмауын түсіну қажет [33].

Бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасаған және міндеттерді орындаудан қасақана жалтарған кезде ішкі істер органының бастығы

материалдарды және бақылау ісін қоса отырып, шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою және жазаның қалған өтелмеген бөлігін орындау мүмкіндігі туралы дәлелді ұсынымды сотқа жолдайды.

Ішкі істер органының немесе соттың шақыртуы бойынша келмеген жағдайда шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамды мәжбүрлеп алып келу жүзеге асырылады.

Егер шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам пробациялық бақылаудан жалтарған жағдайда, ішкі істер органдары оның тұрған жерін және жалтару себептерін анықтау бойынша бастапқы іс-шараларды жүргізеді.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның тұратын жері анықталмаған жағдайда, ішкі істер органдары сотқа оған іздестіру жариялау туралы не бұлтартпау шараларын таңдау туралы ұсыну енгізеді.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға қатысты жазаның өтелмеген мерзімі аяқталғаннан кейін бақылау ісін жүргізу тоқтатылады.

Сол сияқты, қайта қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыру, шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою отырып, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның сотталуы, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған жазасының өтелмеген мерзімінің аяқталуы, шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшінің жойылуы, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның өлімі бақылау ісін жүргізуді немесе оған қатысты пробациялық бақылауды тоқтатуға негіз болып табылады [34].

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдар жазаның өтелмеген мерзімі аяқталғаннан кейін «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының әрекетіне түсетін адамдар санатына ауыстырылады және соттылығы өтелген немесе алынғанға дейін есепте тұрады [50].

2.2. Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босату.

Елімізде пенитенциарлық жүйені реформалауда айтарлықтай табыстарға қол жеткізілді. Оған Елбасының алға қойған маңызды міндеттерінің бірі өлім жазасын қолдануға мораторий енгізу үшін ұйымдық, материалдық және заңнамалық шарттарды жасауды жатқызуға болады.

Президентпен қойылған міндеттерді орындау біздің елімізді Еуропа қауымдастығына толыққанды мүше ретінде кіруге мүмкіндік береді. Себебі өлім жазасынан бас тартып, мұндай жағдайларға ізгілік қағидасымен қарау осы беделді ұйымға қабылданудың негізгі шарттарының бірі болып табылады.

Бұл ретте, Елбасының Жарлығымен Мемлекеттің қылмыстық саясатын одан әрі ізгілендіру мақсатында Қазақстан Республикасында өлім жазасын толық жою туралы мәселе шешілгенге дейін оны орындауға мораторий енгізілген [51].

Еуропаның барлық мемлекеттері өлім жазасын өмір бойына бас бостандығынан айыру жаза түріне алмастырып, заңнамада және тәжірибеде жазаның жоғарғы түрінің сақталуы мен қолданылуынан бас тартып, осы жолмен келеді.

Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесі өмір бойына бас бостандығынан айыруды орындаумен, сондай-ақ ұзақ мерзімге сотталғандармен айналысуға байланысты бірқатар мәселерге тап болып отыр.

Ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандарды жалғыз қамауда ұстаудың қатаң жағдайларын тағайындау БҰҰ-ның нұсқауларына сәйкес келмейді.

Өйткені, сотталғандарды ұзақ уақыт бойы жеке ұстау адамның жеке тұлғасының кері кетуіне немесе деградациясына әкеп соқтырады, бұл қылмыстық саясаттың ізгілік үрдісіне және олармен жүргізілетін тәрбиелеу процессіне сай емес.

Аталған институт кешенді әлеуметтік-құқықтық мәселе екендігін және оны шешуде өмір бойы бас бостандығынан айыру саяси-әлеуметтік, экономикалық, психологиялық-педагогикалық және құқықтық санатқа жатқызылғанын назарға алу қажет [52].

Бұл ретте, Қазақстанда және шетелдерде өмір бойы бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қолданудың қылмыстық-құқықтық және қылмыстық атқарушылық аспектілеріне кешенді талдау жасай отырып, отандық заңнаманы жетілдіру қажет.

Бүгінгі күні, Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамалары өмір бойы бас бостандығынан айырылған адамдарды мерзімінен бұрын шартты түрде босату институтын қолдану мүмкіндігін қарастырған.

Ең алдымен қылмыстық заңнамада өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасының түсінігі, оны қандай жағдайда және кімдерге қатысты қолданылуға жататындығын айқындайық.

Өмір бойына бас бостандығынан айыру – аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ өлім жазасына балама ретінде белгіленуі мүмкін.

Өмір бойына бас бостандығынан айыру он сегіз жасқа дейін қылмыс жасаған адамдарға, әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге тағайындалмайды.

Өмір бойына бас бостандығынан айыруды кешірім жасау тәртібімен белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстыру мүмкіндігі де көзделген.

Қылмыстық кодексте көзделген аса ауыр қылмыстары үшін жиырма жылға дейінгі мерзімге не өмір бойына белгіленеді. Өмір бойына бас

бостандығынан айыруға сотталған адамдарға – қылмыстық-атқару жүйесінің төтенше қауіпсіз мекемелерінде өтеу тағайындалады.

Қолданыстағы қылмыстық заңнамаға сәйкес, Қылмыстық кодекстің 10 бабында сотталғандарға өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау көзделген.

ҚР ҚК-нің 72-бабының 6-бөлігіне сәйкес, сот тағайындаған өмір бойына бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам, егер сот оның бұл жазаны одан әрі өтеуін қажет етпейді деп таныса және ол бас бостандығынан айырудың кемінде жиырма бес жылын іс жүзінде өтесе, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

Егер сот тағайындаған өмір бойына бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам процесік келісімнің барлық талаптарын орындаса, ол бас бостандығынан айырудың кемінде он бес жылын іс жүзінде өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін [3].

Осыған ұқсас нормалар, Ресей Федерациясы, Беларусь, Әзірбайжан мемлекеттерінің қылмыстық заңнамаларында қарастырылған. Молдавада өмір бойы бас бостандығынан айыру әйелдерге және кәмелетке толмағандарға, Эстонияда тек он сегіз жасқа толмай қылмыс жасағандарға, ал Македонияда жазаның мұндай түрі жиырма бір жасқа толмағандарға қолданылмайды [39].

Дегенмен, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында, өмір бойына бас бостандығынан айырылған сотталғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың нақты тәртібі айқындалмауда.

Атап айтқанда, барлық өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтеушілер 25 жылдық мерзімді өтегеннен соң босатылуға жатпайды, тек сот оның бұл жазаны одан әрі өтеуін қажет етпейді деп таныса ғана босатылуы мүмкін.

Қылмыстық заңнамада белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босату негіздері нақты көрсетілсе, ал өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарды мерзімінен бұрын шартты түрде босату тәртібі айқындалмаған.

Мәселен, ҚР ҚК-нің 72-бабының бірінші бөлігінің екінші абзацында, бас бостандығын шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам осы баптың үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көрсетілген мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін, қылмысымен келтірілген залалды толық өтеген және ол жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзбаған жағдайда, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатады делінген.

«Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырудың және тағайындалған жаза мерзімін қысқартудың сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысында, егер сот сотталған адамның жазаның заңмен көзделген мерзімін нақтылы өтеумен қатар жазаны өтеу режимін қаскөйлікпен бұзбағанын және

қылмыспен келтірілген залалды толық көлемде өтегенін анықтаса, онда ол ҚР ҚК-нің 72-бабы бірінші бөлігінің екінші абзацына сәйкес, қандай да бір қосымша шарттарсыз шартты түрде мерзімінен бұрын босатады.

Сондай-ақ, осы қаулыда қылмыстық әрекеттің салдарынан келтірілген материалдық залалды өтеу туралы өзіне талап қойылмаған сотталған адам, қаскөйлікпен бұзушылықтар болмаған жағдайда, белгіленген жаза мерзімін өтегеннен кейін міндетті түрде шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға жататындығы нақты көрсетілген [33].

Өз кезегінде өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкін болғанымен, олардың қандай жағдайда жазаны одан әрі өтеуді қажет етпей, жазадан босатылуға жататыны көрсетілмеген.

Сол сияқты, ескі мәтіндегі ҚР ҚК-нің 70-бабының 1-бөлігінде (1997 жылғы) шартты түрде мерзімінен бұрын босату негіздеріне адамның құқық бұзбайтын мінез-құлқы, еңбекке адал қарағаны, көркемөнерпаздар ұйымдарының жұмысына және тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысқаны жататын [31].

Ал, жаңа мәтіндегі қылмыстық заңнамада жоғарыда көзделген талаптар алынып тасталған, яғни сот тарапынан бас бостандығынан айыруға сотталған адамның қандай моральдық критерийлер негізінде жазаны одан әрі өтеуді қажет етпейтіні көзделмеген.

Бұл мәселе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысында немесе басқа да нормативтік құқықтық актілерде нақты көрініс таппады.

Бұл ретте, өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндігімен қатар, олардың жазаны одан әрі өтеуді қажет етпеу негіздерін айқындау қажет деп санаймын.

Себебі, өмір бойы бас бостандығынан айырылған адам өзіне қатысты босатудың шын мәнінде қолдану болашағын сезінген жағдайда ғана дұрыс бағытта болады.

Яғни, сотталған адам босатудың нақты талаптарын білсе, ол бұрынғы қателіктерін түсіне отырып, алдағы уақытта жақсы мінез-құлыққа ынталанып, еңбекке адал қарап, тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысып, өзін үлгілі көрсетуге тырысатыны әбден мүмкін.

Одан бөлек, өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандар мен өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылған сотталғандар жазасын төтенше қауіпсіз мекемелерде, басқа сотталғандардан бөлек өтейтінің назарға алған жөн [8].

Әрине, өмір бойына бас бостандығынан айырылған сотталғандар – аса ауыр қылмыс жасаған, қауіпті адамдар санатында екендігін растаймын. Бірақ, ізгілік қағидасының басты мақсаты – адамдарға мемлекет тарапынан сенім білдіріп, олардың қайтадан толыққанды қоғам мүшесіне оралуына жағдай туғызу болып табылатынын ұмытпағанымыз абзал.

Сондықтан, өмір бойына бас бостандығынан айырылған адамның шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы үшін: келтірілген залалды өтеуі, тәртіпті қаскөйлікпен бұзбауы, рухани дамуы, құқық бұзбайтын мінез-құлқы, еңбекке адал қарағаны, тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысуы және өзге де негіздер көрсетілуі тиіс деп санаймын.

Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандарға мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды қолдану мәселесі құқықтанушы ғалымдар арасында бірқатар пікірталастар туғызуда.

Ғалымдардың тұжырымдары бойынша, өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларын өтеп жатқан адамдар жаза мерзімінің 5-7 жылдарын өтегеннен кейін олардың арасында тәрбиелік әрекеттерінің төмендеуі байқалуда.

Көптеген зерттеулер нәтижелерінде, өмір бойы бас бостандығынан айырылған адам жазаның 5 жылын өтегеннен кейін оның жеке тұлға ретінде даму үрдісінде кері кету процессі басталады және қоғамға пайдалы қарым-қатынас өз маңыздылығын жоғалтады.

Рецидивті қылмысты зерттеуші психолог А.Г. Ковалев ұзақ уақыт бойына қоғамнан оқшаулау сотталушыны түземейді, керісінше оның қоғамға қарсы пиғылын күшейтіп, мінез-құлқында кері өзгерістер тудыратынын атап өткен [53].

Өмір бойы бас бостандығынан айырылған адамдардың 80 пайызы алғашқы жылдары отбасымен байланыс орнатып тұрса, 5 жылдан кейін бұл көрсеткіш 50 пайызға түсіп және кейінгі жылдары олардың жақындарымен байланысу көрсеткіші төмендеуде [54].

Бас бостандығынан айыру орындарында ұзақ уақыт болуы сотталушылардың едәуір қоғамдық пайдалы байланыстардан психологиялық, өнегелік, құқықтық жағынан оқшаулануға және әр түрлі ауытқушылықтарға әкеп соғумен қатар түрлі ауруларға ұшырауына душар етеді. Ұзақ мерзімге сотталғандар арасында туберкулез, асқазан, ішек жарасы және басқа да аурулар көп тараған.

Өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандар бас бостандығынан айырудың ұзақ мерзімін өтегеннен кейін әлеуметтік байланыстар мен өмірлік жоспарларын жоғалтады, жазадан босатылу мүмкіндігін сезіну дәрежесі төмендейді және тәрбиелік шараларға немқұрайлы қарауға себеп болады.

Ғалым О.В. Филимонов өмір бойы бас бостандығынан айыру туралы былай жазады: оның білгілі бір мерзімге бас бостандығынан айырудан айырмашылығы – өмір бойы бас бостандығынан айыру алдымен сотталған адамды болашақта босатылу мүмкіндігінен айырады. Оның үстіне босатылуға белгіленген мерзімді өтей салысымен шартты түрде мерзімінен бұрын босату автоматты түрде қолданылмайды, тек сот адамның жазаны одан әрі өтеуінің қажеттілігі жоқ деген қорытындыға келгенде қолданылады [54].

Ал, Р.Р. Галиакбаров РФ ҚК-не сәйкес, өмір бойы бас бостандығынан айырудан мерзімінен бұрын шартты түрде босату мүмкіндігін

қарастырғанымен, жазаның мәнісі өзгермейді, өйткені сотталған адам жазасын одан әрі өтеуді қажет етпейді деген қорытындыға келген жағдайда ғана босатуға негіз туындайды [55].

С.Н. Сабанин өмір бойы бас бостандығынан айыруды өтеуші сотталғандарды мерзімінен бұрын шартты түрде босату көптеген дау туғызатынын және мұндай адамдарға мерзімінен бұрын босатуды қолданудың мүлдем қажеттілігі жоқ екендігін атап өткен [56].

Бұл жерде, О.В. Филимонов пен Р.Р. Галиакбаровтың пікірлері орынды деп ойлаймын. Себебі, жоғарыда айтылғандай, егер заңнамада өмір бойына бас бостандығынан айырылған адамды шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың белгіленген негіздері болмаса, сотталғанның бостандыққа шығуға деген үміті мен түзелуге деген ынтасы жоғалады.

Қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес, осы санаттағы сотталған адамдарды мерзімінен бұрын шартты түрде босату тәртібіне тоқталайық.

Сотталған адам заңда белгіленген жаза мерзімінің қажетті бөлігін өтеген кезде жазаларды орындайтын мекеме немесе орган сотталған адамды жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы мәселені қарау үшін сотқа өтінішхат беру құқығының басталғаны туралы бес күндік мерзімде жазбаша хабардар етеді.

Мекеме әкімшілігі немесе жазаны орындайтын орган сотталған адам жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішхатпен жүгінгеннен кейін оны он күн ішінде тиісті материалдарды және сотталған адамның жеке ісін қоса бере отырып, сотқа жіберуге, сондай-ақ осы баптың оныншы бөлігінде көзделген ережелерді сақтай отырып, прокурорды жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

Жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішхатты қарау кезінде сот Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген жағдайлар болса, сотталған адамды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға не оның жазасының өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыруға немесе одан бас тартуға құқылы.

Сот бас тартқан жағдайда, көрсетілген негіздердің кез келгені бойынша өтінішхатты қайта енгізу бас тарту туралы қаулы шығарылған күннен бастап кемінде алты ай өткеннен кейін мүмкін [8].

Егер сотталушы қабылданған шешіммен келіспесе, сотталған адам жарияланған қаулының көшірмесі алған күннен бастап он бес тәулік ішінде апелляциялық (жекеше) шағым беруге құқылы [32].

Мерзімді өткізіп алып берілген апелляциялық (жекеше) шағым, қаулыны шығарған соттың қаулысымен мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішхат болмаған кезде осы негіз көрсетіле отырып, авторға қайтарылады.

Шетел тәжірибесіне тоқталсақ, өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын қолданатын көптеген елдер, адамның шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндігін қарастырған. Әр елдерде шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға әр түрлі мерзімдер белгіленген. Мысалы, Чили - 40 жыл, кейбір АҚШ-да - 35 жыл, Филиппин, Куба, Эстония - 30, Ресей, Әзірбайжан,

Латвия - 25 жыл, Франция - 18 жыл немесе 22 жыл; Аргентина, Венгрия, Италия, Румыния - 20 жыл, Австрия, Германия, Швейцария - 15 жыл, Қытай, Жапония - 10 жыл. Ал, АҚШ-ның кейбір штаттарында, Литва мен Зимбабведе өмір бойына бас бостандығынан айырылғандарға шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылмайды [39].

Ресей Федерациясында өмір бойына бас бостандығынан айырылған адам мерзімінен бұрын босатылу үшін жаза мерзімінің кемінде 25 жылын өтеуі тиіс. Одан бөлек, соңғы 3 жылда сотталушы тарапынан түзеу мекемесімен белгіленген тәртіп бұзылмауы тиіс. Бұл жағдай тәртіптік жазаның 6 ай ішінде өтелгеніне қарамастан назарға алынады.

Сондай-ақ, сот оның бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны одан әрі өтеуді қажет етпейді деген пікірге келуі керек. Жаза өтеу кезінде сотталушы ауыр немесе аа ауыр қылмыс жасаса, ол мерзімінен бұрын босатылу мүмкіндігінен айырылады.

АҚШ-да шартты түрде мерзімінен бұрын босату кең таралмаса, кейбір штаттарда бұл институт мүлдем қолданылмайды екен.

Себебі, АҚШ-ның тәжірибесінде қылмыстың ауырлық дәрежесіне қарай бас бостандығынан айыру жазасы шартты түрде мерзімінен бұрын босатылу мүмкіндігінсіз тағайындалады.

АҚШ-тың кейбір штаттарында сотталған адам шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы үшін келтірілген шығынды бірден өтеу міндетті шарт болып табылмайды. Бұл жағдайда сот адамды босата отырып, оған бекітілген кестеге сәйкес келтірілген шығынды ай сайын бөліп төлеу мүмкіндігін береді.

АҚШ-да өмір бойына бас бостандығынан айырылған адамдарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қарастырған, бұл кезде сот босатылуға жататын күнде нақты белгілейді. АҚШ-ның әр штатында шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтының қолдану ерекшеліктері көп.

Ұлыбританияның заңнамасында шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға өтініш беру немесе минималды өтелуге жататын күндері сот үкімінде көрсетіледі.

Ұлыбританияның жазаны өтеу орындарында сотталғандар жасаған қылмыс дәрежесі мен тәртібіне байланысты 4 санатқа бөлінеді (А, В, С, D), яғни, сотталғандар шартты түрде босатылу үшін өздерін үлгілі ұстау арқылы санаттарын жоғарылатады немесе нашар тәртіп үшін төмен санатқа ауыстырылады.

Ұлыбританияда шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтініш арнайы кеңеспен қаралады. Кеңес құрамы соттан, арнайы тәуелсіз мамандардан және кез-келген мемлекеттің қарапайым азаматтарынан тұрады [36].

Шетелдердің өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтейтін сотталғандардың шартты түрде мерзімінен бұрын босатылудың мерзімдері әр түрлі.

Мысалы, Австрия, Германия мемлекеттерінде шартты түрде мерзімінен бұрын босатылу үшін жаза мерзімінің 15 жылын өтесе, ал Швейцарияда сотталған адам жазасын каторгалық режимде өтейтін болса, ол 15 жылдан кейін босатылуы мүмкін [37].

Назар аударсақ, шетел тәжірибесінде ізгілік қағидасының басымдылығы байқалады. Бұл өз кезегінде адамның жеке тұлға ретінде түзелуіне, дұрыс мінез-құлықтың қалыптасуына себеп туғызатыны сөзсіз.

Жалпы, жоғарыдағылар негізінде шетел тәжірибесінің онды жақтарын талдап, ізгілік қағидасын қолдану арқылы шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтын одан әрі дамытуымыз тиіс.

Қорытындылай келе, ескі мәтіндегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде шартты түрде мерзімінен бұрын босатылу үшін материалдық негіздердің нақтылығын басшылыққа алып, өмір бойына бас бостандығынан айырылған адамның шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы үшін келтірілген залалды өтеуі, тәртіпті қаскөйлікпен бұзбауы, рухани дамуы, құқық бұзбайтын мінез-құлқы, еңбекке адал қарағаны, тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысуы және өзге де негіздер көрсетілуі керек.

Бүгінгі күні, қолданыстағы қылмыстық заңнамада өмір бойына бас бостандығынан айырылған адамдардың шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға мүмкіндік алу үшін қандай жағдайларда оның тағайындалған жазаны толық өтеуі қажет етілмейді деп тану негіздерін нақтылануы қажет.

Бұл талаптардың болуы өмір бойына бас бостандығынан айырылған адамдардың болашақтағы жарқын өмірі мен босатылуға мүмкіндіктерінің барына сенімдерін тудырып, үлгілі мінез-құлықтарының қалыптасуына септігін тигізеді.

2.3. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету.

Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару заңнамасының мақсаттары әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру, сотталғандарды түзеу, сотталғандардың да және өзге адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу болып табылады.

Көрсетілген мақсаттарға сәйкес сотталғандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және сотталғандардың әлеуметтік бейімделуіне көмек көрсету Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару заңнамасының басты міндеттері болып табылады.

Қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес, жергілікті атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де ұйымдар пробация қызметі әзірлеген жеке бағдарламаға сәйкес, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетеді [8].

Бірінші кезекте жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның түзеу мекемесінен босатылуы және тұрғылықты мекенжайына жету тәртібіне тоқталайық.

Жазаны орындау мекемесінің әкімшілігі қамаудағы немесе бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан сотталғанның босауына он жұмыс күні қалғанда сотталған адам мекенжайына немесе жұмысына жеткенше оларды тегін жүру, азық-түлікпен және жол жүру кезінде ақшамен қамтамасыз ету ережесіне сәйкес:

1) бостандыққа шығуға жататын сотталғандардың тізімін жасайды, онда босайтын мерзімі, жүретін бағыты және соңғы баратын жері көрсетіледі;

2) босатылған адамның Қазақстан Республикасының аймағындағы мекенжайына немесе жұмысына жетуіне жолға қажетті билет алуы үшін ақша қаражатын есептейді;

3) қамаққа алынып немесе бостандығынан айрылып, жазасын өтеуден босаған адамдар үшін Қазақстан Республикасының аумағы шегіндегі мекенжайына немесе жұмысына жетуіне дейін, жол жүру кезінде оларға бекітілген заңнамаға сәйкес тамақтандыру нормасына сай босатылған сотталғандарға құрғақ азық берілуін есептейді.

Құрғақ азық болмаған жағдайда бір айлық есептік көрсеткіштің 50% көлемінде жолда жүретін әр тәулік үшін ақша берілуі мүмкін.

Жазаны өтеу мекемесінің қызметкері сотталғанадамның босауына он күн қалғанға дейін Қазақстан Республикасының аумағы шегіндегі мекенжайынан немесе жұмысына жетуі үшін оларға жол билеттерін алады.

Жол билеттерінің ақысы қолма-қол және қолма қол емес түрде белгіленген заңнамаға сай жүргізіледі және сақталуға қойылған заттары мен құндылықтары беріледі.

Жазасын өтеуден босатылып шыққан адам жол жүру станциясына дейін жазасын өтеу мекемесінің қызметкерімен жеткізіледі.

Сотталғандар азық-түлікпен немесе олардың қалауы бойынша жол жүру уақытына ақшамен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте, жүкті әйелдер, балалары бар әйелдер азықты колонияда қамтамасыз етілген нормаларға сай алады.

Балаға азық, бір дана киім, мерзім бойынша аяқ киім беріледі. Егер жазасын өтеуден босатылушының қажетті киімі, аяқ киімі, не оны алатын қаражаты болмаса, оның өтініші бойынша мекеме бастығы не оның орынбасарының рұқсатымен олар тегін беріледі.

Егер 16 жасқа толмаған кәмелетке толмағандар мен науқас адамдар босаған кезде оларды алып кетуге туыстары немесе жақындары келмесе олар тұрғылықты мекенжайларына мекеменің қызметкерінің ілесуімен барады.

Ғалым А.О. Қуановтың пікірінше жоғарыдағы түзеу мекемесінен босатылып шыққан адамдарға арналған нормалар ізгілік пен әлеуметтік әділдік қағидасының анық көрініс екендігін айтып, мемлекеттің әр тұлғаға ізгілікпен қарайтынын жеткізеді. Бұл өз кезегінде арнайы механизмнің және қаржыландырудың қажеттілігін талап етеді [57].

Босағандығы туралы анықтаманың келесі бетінде, баратын жерін көрсете отырып жол жүру құжаттарының берілгендігі туралы, сонымен қатар босаған кезде материалдық қамтамасыздандырудың барлық түрлерін алғандығы туралы белгі қойылады.

Мекеме әкімшілігі бұл ретте сотталған адамға босатылғаннан кейін әлеуметтік бейімделу үшін қажетті әлеуметтік-құқықтық көмектің көлемі бойынша жеке бағдарлама жасайды, ол сотталған адамның таңдаған тұрғылықты жері бойынша пробация қызметіне жолданады.

Сотталғандарға көрсетілетін әлеуметтік-құқықтық көмек дегеніміз – пробацияны жүзеге асыратын субъектілер әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасы негізінде іске асыратын, өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарды әлеуметке қосуға, әлеуметтік бейімдеуге және оналтуға бағытталған шаралар кешені [8].

Өз кезегінде Қазақстан Республикасының облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары:

- жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі консультациялық-кеңесші органдарды құрады;
- пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ мекемелерден босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының квоталарын белгілейді;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық және өзге де көмек көрсетуді үйлестіреді;
- мекемелерден босатылған, пробация қызметінің есебінде тұрған, өмірлік қиын жағдайда деп танылған адамдарға Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнамасына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді қамтамасыз етеді;
- мекемелерден босатылған, сондай-ақ пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды қамтамасыз етеді;
- пробация қызметінің есебінде тұрған мүмкіндіктері шектеулі кәмелетке толмағандарды ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің келісімімен психологиялық-медициналық педагогикалық консультацияларға жіберуді қамтамасыз етеді;
- мекемелерден босатылған, сондай-ақ пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек және өзге де көмек көрсету саласындағы өзге де өкілеттіктерді орындайды.

Халықты жұмыспен қамту заңнамасына сәйкес, жергілікті атқарушы органдар халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске

асыруды бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу арқылы жүзеге асырады [58].

Кәсіптік оқыту кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және біліктілікті арттыруды бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың құқығы бар.

Жұмысқа орналастыруға арналған квоталар бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар мен пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін көзделеді.

Жеке бағдарламаға пробация қызметінің есебінде тұрған адамға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қажеттігі туралы ақпарат енгізіледі.

Пробация қызметінің қызметкері есепке қойғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде адамның жеке басы мен өмір жағдайын зерделеу нәтижелері бойынша жеке бағдарлама жасайды.

Жеке бағдарламаға пробация қызметінің есебінде тұрған адамға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қажеттігі туралы ақпарат енгізіледі.

Жеке бағдарламаның бір данасы бас бостандығынан айыру орындарынан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның жинақтау ісіне және екінші данасы пробация қызметінде есепте тұрған адамға қол қойылып беріледі [59].

Егер жазасын өтеген адамның баспанасы жоқ болған немесе баспанасынан айрылып қалған жағдайда пробация қызметінің қызметкері адамның келісімімен арнайы әлеуметтік қызметтер көрсететін уақытша тұру ұйымдарына орналастыру үшін оны жергілікті атқарушы органдарға жолдайды.

Бас бостандығынан айыру орындарынан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған немесе сот әкімшілік қадағалау белгілеген адамдар өзі алатын әлеуметтік-құқықтық көмектің барысы туралы есеп беру үшін айына бір рет пробация қызметіне келеді [47].

Пробация қызметінде есепте тұрған адам әлеуметтік-құқықтық көмек алудан бас тартқан жағдайда – пробация қызметінің қызметкері, ал пенитенциарлық пробацияға жататын адамға қатысты пробация қызметінің қызметкерлері қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемесінің қызметкерлерімен бірлесіп, қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша тиісті акті жасайды, ол іске қосылады.

Білім алуға, мамандықты меңгеруге, жұмысқа орналасуға, емделуге, сондай-ақ құқықтық көмекпен қамтамасыз етуге көмек көрсету пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмектің негізгі бағыты болып табылады.

Медициналық көмек мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде көрсетіледі. Медициналық көмек көрсету үшін пробация қызметі жеке

бағдарламаның көшірмесін олардың тұрғылықты жеріндегі мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарына жібереді.

Пробация қызметі аяқталмаған орта білімі бар пробация қызметінің есебінде тұрған адамды тұрғылықты жері бойынша білім беру ұйымына жібереді.

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға құқықтық көмек мынадай көрсетілетін қызметтерді көздейді:

1) олардың қаражаты болмаған жағдайда заңнама бойынша тиесілі әлеуметтік жәрдемақыларды, арнайы төлемдерді алуға, жұмысқа орналасуға, оқуға, медициналық көмек алуға құжаттар тапсыру үшін заңдық мәні бар құжаттарды ресімдеу;

2) әлеуметтік көмекке, әлеуметтік қамсыздандыруға заңнамада белгіленген құқықтар мен олардың бұзылуынан қорғау тәсілдері бойынша заңдық консультация беру;

3) өмірлік қиын жағдайдан шығу үшін жағдай жасайтын мәселелерді шешуге ықпал ететін заңнамада белгіленген жеңілдіктерді, жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді алуға жәрдемдесу.

Құқықтық көмек көрсету үшін пробация қызметі жеке бағдарламаның көшірмесін олардың тұрғылықты жері бойынша жергілікті атқарушы органдарға жібереді.

Жоғарыда аталған санаттағы адамдардың өзге көмек алуға қажеттілігі туындаған жағдайда пробация қызметі жеке бағдарламаның көшірмесін олардың тұрғылықты жері бойынша тиісті ұйымдарға жібереді. Жергілікті атқарушы органдарға, денсаулық сақтау, білім беру және басқа да мемлекеттік органдарға, сондай-ақ мемлекеттік емес ұйымдарға жеке бағдарламаның көшірмелерін жіберуді пробация қызметі жеке бағдарлама жасалғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де ұйымдар жеке бағдарламаның көшірмесін алғаннан кейін пробация қызметін он бес күн ішінде өздері көрсететін көмек туралы немесе оны көрсетудің мүмкін еместігі туралы хабардар етеді.

Пробация қызметі қызметкерлерінің, әлеуметтік-құқықтық көмек көрсететін жергілікті атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де ұйымдар қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдана алады.

Пробациялық бақылау, әкімшілік қадағалау мерзімі өткеннен кейін және пробация қызметінің есебінен шығарылғаннан соң мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар көрсететін әлеуметтік-құқықтық көмек жеке бағдарламаға сәйкес жалғасады.

Пробация қызметі сот қаулысын алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде әлеуметтік-құқықтық көмек көрсететін жергілікті атқарушы органға және ұйымға іздестіруге жарияланған, "камаққа алу" бұлтартпау шарасы тағайындалған адамдарға қатысты әлеуметтік-құқықтық көмекті тоқтату үшін хабарландыру жолдайды [47].

Босатылған адам жұмыспен қамту орталығында жұмыспен қамту, кәсіби бағыт-бағдар, кәсіби даярлау және қайта даярлау мәселелері бойынша тегін кеңес ала алады.

Осы орталықта жұмыс іздеуші ретінде оны тіркеуге алу жүргізіледі. Қызмет көрсету қызметкерлері таңдап алуға болатын лайықты жұмысқа орналасу мүмкіншіліктерінің бірқатар жұмыстарды ұсынады.

Жарияланған бос жұмыс орындары бойынша мамандығы жоқ адамдар өз қалауы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігін беретін жаңа кәсіпті (мамандықты) тегін оқуға немесе біліктілігін арттыруға жолдануы мүмкін.

Жұмыспен қамту қызметі бос орындармен жұмысқа орналасуға жүгінген азаматтар есебін жүргізетіндіктен, олардың құзыретінде ұсыныстар банкі болады.

Жергілікті атқарушы органдары қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандардың жұмыспен қамтылуына, оның ішінде: қылмыстық-атқару жүйесінің кәсіпорындары мен мекемелері өндіретін тауарларға, орындайтын жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге тапсырыстарды орналастыру; қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің аумағында сотталғандардың еңбегін пайдаланатын өндірістер ашу, оларды кеңейту және жаңғырту үшін кәсіпкерлік субъектілерін тарту арқылы жәрдемдеседі [60].

Әдетте, азаматтар жұмыспен қамту орталығына тіркелген орны бойынша келеді. Алайда, кеңес беретін және жұмыс орнын таңдайтын басқа да қызметтерге жүгінуге болады. Бірақ жұмыссыздығы бойынша жәрдемақыны азамат тек қана тіркелген орны бойынша ғана ала алады.

Жұмыспен қамту қызметіне жүгінген азамат жеке куәлігін, паспортын және білімі туралы құжатың (егер болса) көрсету қажет. Жеке куәлігі болмаған жағдайда ол белгіленген тәртіпте алдын ала алынуы тиіс. Бұдан басқа, еңбек кітапшасы, ал болмаған жағдайда соңғы жұмыс орнынан анықтама ұсынылады.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандар, босатылғандары туралы анықтаманы қоса ұсынады. Жұмыссыздығы бойынша жәрдемақы аударылуы үшін босатылған адамның айлығы туралы мекеме анықтамасы болуы қажет.

Еңбекке жарамды мүгедектер мен белгілі бір жұмыс түрлерін жасауға медициналық шектеу қойылған адамдардың өздерімен бірге жұмыс қызметі түрлері ұсынылған дәрігерлік-бақылау комиссиясының анықтамасы болуы керек.

Жәрдемақыға үстеме алу құқығы бар азаматтар жұмыспен қамту қызметі хабарлайтын тізімдегі басқа да қажетті құжаттарды ұсынады.

Жазаны өтеуден босатылғандар жалпы негізде жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға құқылы.

Жұмыспен қамту қызметінің ұсынысы бойынша жұмыссыз азаматтар мерзімінен бұрын, бірақ заңмен белгіленген мерзімге дейін екі жылдан ерте

емес (сол есепте жеңілдетілген) жалпы негізде төленетін зейнеткерлікке шығуға құқылы.

Тұрғын үйі болмаған жағдайда босатылған адам есепке алу туралы өтінішпен тұрғын үй органдарына жүгінуіне болады. Адамның осы елді мекенде тұруға құқығы болғандықтан, бірақ оның тұрғын алаңы жоқ болса, ол тұрғын үй алуды қажет ететін адам ретінде есепке алынады [58].

Қазақстан Республикасы «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңының 86-бабының 8-тармағына сәйкес, күзетпен ұстау не адамға сол жерде тұру мүмкіндігінен айыратын қылмыстық жаза немесе қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шарасын қолдану кезінде – күзетпен ұстау не қылмыстық жазасын немесе қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шарасын өтеген мерзімі ішінде сақталады. Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғынжайға құқығынан айыру бұл жағдайда сот үкімімен көзделуі мүмкін [61].

Мемлекетіміз тәуелсіз болғалы сотталғандарды әлеуметтік қолдау бағытта бірқатар өзгерістер орын алды. Жоғары деңгейдегі құқықтық саясатымыздың нәтижесінде сотталғандарды түзеу мекемесінде ұстау, бостылғаннан кейін оларға әлеуметтік, құқықтық көмек көрсету шараларын реттейтін қажетті құқықтық актілер қабылданды.

Озық мемлекеттердің заманға сай тәжірибелері зерделеніп, халықаралық ұйымдардың ұсыныстары назарға алынуымен елімізде ізгілік пен әлеуметтік әділдік қағидаларының орнығуына қол жеткізілді және біздің пікірімізше бұл бастаулардың барлығы құқықтық саясатымыздың қарқынды дамуына елеулі септігін тигізеді.

Қорытынды.

Қазақстан Республикасында жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтының зерделеу барысында оның қолдану тәртібі мен сот тәжірибесі бойынша келесідей ұсыныстар мен тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді:

Атап айтқанда, ҚК-тің 72-бабының қолдануына жасалған талдау көрсеткендей, оның қолданыстағы мәтіні толық көлемде жазаның негізгі мақсаттары - әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру, сотталғандарды түзеу және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алуын қамтамасыз етпейді.

Қылмыстық кодекстің 72-бабының 1-бөлігінің 2-абзацына сәйкес, қылмыспен келтірілген залалдың толық өтелуі және жазаны өтеудің белгіленген тәртібінің қаскөйлікпен бұзу жағдайларының болмауы, сотталғанды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға елеулі негіз болып табылады.

Бұл ретте, қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі назарға алынбайды (өлім жазасы түріндегі жаза кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылған, адамдардың қаза табуына әкеп соққан не аса ауыр қылмыс жасаумен ұштасқан террористік немесе экстремистік қылмыс үшін сотталған және кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс үшін сотталған адамдарды қоспағанда).

Өз кезегінде, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс жасаған адамдарға қатысты шектеу тек 2016 жылдың сәуір айында енгізілген (бұған дейін тек жас балаларға қатысты қолданылған). 1997 жылғы мәтіндегі Қылмыстық кодексте (2015 жылға дейін қолданылған) бұл санаттағы адамдарға аталған шектеу қолданылмаған.

Бүгінгі күні, қоғамға қауіп тудыратын адамдар, яғни ауырлататын мән-жайларда адам өлтіру мен зорлау үшін сотталған, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзбай және залалы өтелген жағдайда шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатады.

Көп жағдайда соттар заңда көзделмеген негіздер бойынша мұндай сотталғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатудан бас тартып, заң талаптарының бұзылуына жол береді. Ал, прокурорлар қоғамға қауіпті жағдайларды алдын алу үшін осы ұстанымды қолдауға мәжбүр болады.

Мысалы, 2018 жылы соттар ҚК-тің талаптарын бұза отырып, ҚК-тің 99-бабының 2-бөлігімен (саралану белгілерімен адам өлтіру) сотталған **229** және ҚК-тің 121 және 120-баптарының 3-бөліктерімен сотталған **56** адамдарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатудан бас тартқан.

Мәселен, Астана қаласы Алматы аудандық сотының 15.05.2018 жылғы қаулысымен ҚК-тің 96-бабының 1-бөлігімен (ескі мәтіндегі ҚК-ке сәйкес) 12 жылға бас бостандығынан айыру жазасына сотталған А.Сұлтанқұловқа шартты түрде мерзімінен бұрын босатудан бас тартылған.

Аталған қаулыға сәйкес, А.Сұлтанқұлов белгіленген мерзімді іс жүзінде өтеген, қылмысымен келтірілген залалды толық өтеген және ол жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзбаған. Одан бөлек, түзеу мекемесінде өзін үлгілі көрсетіп, бірқатар көтермелеулерге ие болған.

Яғни, ҚК-тің 72-бабының 1-бөлігінің 2-абзацына сәйкес, ол шартты түрде мерзімінен босатылуға жатады.

Дегенмен, сот оның аса ауыр қылмыс жасағанын, нәтижесінде адамның қазаға ұщырағанын және бұрын қылмыс жасағанын назарға алып, шартты түрде мерзімінен бұрын босатудан бас тартқан.

Аталғандар негізінде, ҚК-тің 99-бабының 2-бөлігі және ҚК-тің 121 және 120-баптарының 3-бөліктерімен сотталғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды соттың құқығына белгілеу бойынша ҚК-тің 72-бабына өзгеріс енгізу қажет.

Нақтыласақ, ҚК-тің 72-бабының 1-бөлігінің 2-абзацын мынадай редакцияда жазу ұсынылады:

Бас бостандығын шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам, осы Кодекстің 99-бабының 2-бөлігі және 121 және 120-баптарының 3-бөліктерімен сотталған адамдарды қоспағанда, осы баптың үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көрсетілген мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін, қылмысымен келтірілген залалды толық өтеген және ол жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзбаған жағдайда, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатады.

Сонымен қатар, Қылмыстық кодекстің 72-бабының 5-бөлігіне сәйкес, сотталған адамның бас бостандығынан айыруды іс жүзінде өтеген мерзімі алты айдан кем болмауы керек делінген.

Әрине, заң шығарушының басты мақсаты сотталғанның 6 айдан кем мерзім түзеу мекемесінде болуы оның түзелуіне, өзінің кінәсін түсінуіне және бойында үлгілі мінез-құлықтың қалыптасуына жеткіліксіз мерзім екендігін білдіреді.

Қылмыстық кодекстің 46-бабының 3-бөлігіне сәйкес, көзделген қылмыстарды жасағаны үшін бас бостандығынан айыру – алты айдан он бес жылға дейінгі, ал аса ауыр қылмыстары үшін жиырма жылға дейінгі мерзімге не өмір бойына белгіленеді.

Қолданыстағы қылмыстық заңнамада онша ауыр емес қылмыстар жасағаны үшін сотталушыға 6 айға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау мүмкіндігі қарастырылған.

Өз кезегінде сотталғандарға мұндай мерзімдер тағайындалған жағдайда Қылмыстық кодекстің 72-бабының 3-бөлігі арасында қарама-қайшылықтар туындап, сотталғанның құқықтарының бұзылуына алып келеді.

Мысалы, Н.Арипов бөтеннің мүлкін ұрлағаны үшін Қылмыстық кодекстің 188-бабының 1-бөлігімен қылмыстық жауаптылыққа тартылып, оған 1 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалса, ол

ҚК-тің 72-бабының 3-бөлігіне сәйкес түзеу мекемесінде 4 ай жазасын өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен босатылуға жатады.

Бірақ, ҚК-тің 72-бабының 5-бөлігінің талабына сәйкес, яғни сотталған адамның бас бостандығынан айыруды іс жүзінде өтеген мерзімі алты айдан кем болмауына байланысты, ол тағы 2 ай мерзім түзеу мекемесінде болуы керек.

Демек, қылмыстық заңнама талаптарында қайшылықтар орын алғаны анық және бұл жағдай сотталушылар тарапынан келіспеушілік туындату мүмкіншілігін жоққа шығарылмайды.

Бүгінгі күні бұл қарама-қайшылықтың сот тәжірибесінде кездеспеуі соттар тарапынан сотталушыларға 1 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын тағайындамау тәжірибесімен түсіндіріледі.

Дегенмен, осындай келеңсіз жағдайлардың сот тәжірибесінде болуын күтпей, оны алдын алу және қылмыстық құқық нормалары арасында қайшылықтарды болдырмау үшін жоғарыда аталған Қылмыстық кодекс талаптарын сәйкестендіру мәселесін қарау қажет.

ҚР ҚПК-нің 480-бабының 2-бөлігіндегі сотталған адамның босап шыққаннан кейінгі болжамды тұратын орны мен оның жұмысқа орналасу перспективасы (туыстарының жазбаша келісімі, ұйымның, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тұрғын үй, жұмыс орнын беруі) туралы деректерді сотқа ұсыну талабына өзгеріс енгізу қажет.

Себебі, түзеу мекемесінен босап шығатын сотталғандарға болжамды тұратын орны, жұмысқа орналасу перспективасы мен туыстарының жазбаша келісімі туралы мәліметтерді ұсыну қиындық туғызады.

Тәжірибе көрсеткендей түзеу мекемесінен босатылған адамның өздігімен жұмысқа орналасу көрсеткіші өте төмен.

Өз кезегінде түзеу мекемесінен босатылған адамның тиісті тұрғылықты мекенжайына барғаннан кейін Халықты жұмыспен қамту және Пробация туралы заңнамаларына сәйкес, оны жергілікті атқарушы органдар тарапынан жұмысқа орналастыруға арнайы квоталар бөлініп, оларға жұмыс ұсынылады.

Яғни, түзеу мекемесінде босатылмаған сотталған адамнан жұмысқа орналасу перспективасы туралы мәліметті сұрату оның құқығын шектейді және жоғарадағы заңнамаларға қайшы болып табылады.

Одан бөлек, ұзақ жылдар бойы түзеу мекемесінде жазасын өтеген барлық адамдарды бостандық өмірде туыстарының күтетіні және тұрғын жайларына кіргізетіні белгісіз.

Бұл талаптардың болуы сотталғандардың шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуына кедергі болады және құқықтарын шектейді, өйткені Жоғарғы Соттың қаулысына сәйкес, сотқа ҚР ҚПК-нің 480-бабындағы сотталғанға қатысты құжаттарды ұсынбау осы материалдарды тиісінше ресімдеу үшін кері қайтаруға негіз болып табылады.

Сондықтан, түзеу мекемесіндегі сотталған адамдардың жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға құқықтарының шектелуіне жол бермеу қажет.

Сонымен қатар, шетел мемлекеттерінің шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтын зерделей келе, біздің елімізде осы институттың қарқынды дамуы үшін олардың онды тәжірибелерін алу қажет.

Мәселен, АҚШ, Франция, Ұлыбритания және Италия мемлекеттерінде шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты бойынша келесі тәжірибелеріне назар аударуға болады.

Нақтыласақ, Италия Республикасының Қылмыстық кодексімен шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға белгілі бір талаптар мен міндеттер жүктеледі. Бұл талаптарға: қылмыстық, әкімшілік құқықбұзушылықтар жасамау, қоғамдық тәртіпті бұзбау, пробация қызметіне жүріс-тұрысы бойынша есеп беру, жұмысқа орналасу, әлеуметтік даму және т.б. жатады.

Ал, егер сотталушы осы талаптарды бұзса, Италия Қылмыстық кодексінің 177-бабына сәйкес, мерзімінен бұрын босатудың күші жойылып, адамның мерзімінен бұрын босатылған кездегі бостандықта жүрген уақыты тағайындалған негізгі жаза мерзіміне есептелмей, ол жаза мерзімін қайтадан бас бостандығынан айыру түрінде өтейді.

Айталық, сотталушы Р. Искаков Қылмыстық кодекстің 190-бабының 1-бөлігімен 2 жыл (24 ай) мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына сотталып, ол жаза мерзімінің 1/3 бөлігін немесе 8 айын өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған.

Босатылған күннен бастап 1 жыл өткеннен кейін Р.Искаков сотпен жүктелген міндеттерді орындамай, оған қатысты қолданылған мерзімінен бұрын босатудың күші жойылады. Ол кезде жазанының толық өтелуіне 4 ай қалған.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, бұл кезде сотталушы Р.Искаков жазаның қалған мерзімінің 4 айын бас бостандығынан айыру түрінде өтейді.

Ал, Италия Қылмыстық кодексіне сәйкес, мерзімінен бұрын босатылған күннен бастап бостандықта жүрген 1 жылы (12 ай) жаза өтеу мерзіміне есептелмей, ол қайтадан 1 жыл 4 ай бас бостандығынан айыру жазасын өтеуді жалғастырады.

Статистикаға жүгінсек, тек Астана қаласының аудандық соттарына шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою туралы 2016 жылы – 29, 2017 жылы – 44 және 2018 жылы – 31 өтініштер түскен.

Өз кезегінде, бұл сотталушының жауапкершілігін елеулі күшейтеді, оған жаза өтеген мерзімінің негізсіз жойылуына жол бермеуге жігер береді және сәйкесінше бостандықтан айырылмауға тырысады.

Сонымен қатар, сотталушыға қатысты шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші жойылған жағдайда, оған алдағы уақытта мерзімінен бұрын босату қайтадан қолданылмау тәжірибесін атап өткен жөн.

АҚШ-да шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға үміткер адамды босатуды сот жүргізбейді. Олардың тәжірибесіне сәйкес, мерзімінен бұрын босатылатын адамның құжаттарын арнайы кеңестер мен бюролар қарайды.

Олардың құрамы психолог, педагог, әлеуметтік қызметкер, жергілікті атқарушы орган мен штаттың губернаторымен тағайындалатын басқа ұйым қызметкерлерінен тұрады. Кеңес мүшелерінің басым көпшілігі түзеу мекемелерінде жұмыс атқарады және олар қосымша комиссия құрамында да болуға құқылы.

Бұл тәжірибе, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылатын адамның психологиялық-әлеуметтік жағдайы мен оның түзелу дәрежесін жан-жақты қарауға және бағалауға кемектеседі.

АҚШ-ның соты мерзімінен бұрын босату туралы мәселені қарағанда арнайы білімдері бар психолог, әлеуметтік қызметкер және педагогтардың қорытындылары мен пікірлерін назарға алады.

Онымен қоса, сотталушылармен тікелей қатынаста болатын түзеу мекемелерінде елеулі жұмыс тәжірибесі бар қызметкерлер сотқа объективті қорытындыларын білдіреді. Яғни, мерзімінен бұрын босатудың қорытындысы жан-жақты болады, бір ғана адамға тәуелді болмайды және алқалы шешіледі.

Франция мемлекетінде шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселесін пенитенциарлы судьялар қарайды. Аталған судьялар үкімнің орындалуына байланысты барлық өтініштерді қарауға бекітілген.

Жалпы тәжірибе көрсеткендей, барлық мемлекеттерде жазаның орындалуы мен түзеу мекемелеріне байланысты сотталғандар тарапынан өтініштер мен сұрақтар көп кездеседі.

Осыған орай, Франция мемлекеті пенитенциарлы судьялар институтын бөлек шығарған. Мұндай тәжірибе Қазақстан Республикасында тергеу судьясы бойынша қалыптасқан.

Менің пікірімше бұл өте дұрыс тәжірибе. Себебі, пенитенциарлы судья тек үкімдерді орындалуы мен түзеу мекемелеріне қатысты сұрақтармен айналысады және ол арнайы осы сала бойынша білікті маман болады. Пенитенциарлы жүйенің өзі ауқымды болып саналады, бұл жерде туындайтын сұрақтар көп және жыл өте түзеу мекемелері мен жазаның орындалуы бойынша өтініштер саны да арта түсуде.

Тергеу судьясы сияқты пенитенциарлы судья институтын енгізу үкімдердің орындалуы мен түзеу мекемелеріне қатысты сотталушылардың өтініштері мен басқада сұрақтары бойынша жан-жақты әрі заңды шешімдер қабылдауға септігін тигізеді.

Қазіргі уақытта, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, үкімдердің орындалуы мен түзеу мекемелеріне қатысты өтініштер қылмыстық істер бойынша соттармен жалпы тәртіпте қаралады.

Мысалы, Астана қаласында орналасқан қылмыстық істер бойынша 4 аудандық соттарда барлығы 20 судья қызмет атқаруда.

Статистикаға қарасақ, үкімдердің орындалуы мен түзеу мекемелеріне қатысты сотталушылардан 2016 жылы - 1509, 2017 жылы – 1643 және 2018 жылы 1909 өтініштер түскен.

Судьялар кез келген санаттағы қылмыстық істер мен олар бойынша туындаған сұрақтарды да қарайды. Өз кезегінде істер санының артуы сапалық деңгейге кері әсерін тигізеді.

Канаданың пенитенциарлық жүйесінде арнайы профессионалды түзеу қызметі жұмыс атқарады.

Аталған қызметтің басты мақсаты түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталушыларды бостандықтағы өмірге дайындау, қоғамға қауіп төндірмейтіндеріне сендіру, психологиялық әсер ету арқылы оларды түзеу, дұрыс мінез-құлық қалыптастыру болып табылады. Түзеу қызметімен осы бағытта үнемі насихат жұмыстары жүргізіледі.

Жалпы, жоғарыда аталған шетел мемлекеттерінің қылмыстық құқық саласындағы нәтижелі жетістіктерін біздің тәжірибеге енгізу шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтының дамуына үлес қосатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы»
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (жалпы бөлім), Е.Ә. Оңғарбаев, А.А. Смағұлов, Қарағанды қаласы, 2005 жыл (оқулық).
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (жалпы бөлім), Е. Алауханов, Алматы қаласы, 2009 жыл (оқулық).
6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (жалпы бөлім), А.Н. Ағыбаев, Алматы қаласы, 2011 жыл (оқулық).
7. Уголовное право Республики Казахстан (общая часть), Е.И. Каиржанов, Алматы 2010 год (учебное пособие).
8. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №234-V ҚРЗ.
9. Кудрявцев В.Н., Келина С.Г. О принципах советского уголовного права // В кн.: Проблемы советской уголовной политики. – Владивосток, 1985.
10. Уголовное право Республики Казахстан (общая часть), И.И. Рогов, К.Ж. Балтабаев, Алматы, 2016 год (учебное пособие).
11. Уголовное право Республики Казахстан (общая часть), А.Б. Бекмагамбетов, В.П. Ревин, Алматы, 2015 год (учебное пособие).
12. Проблемы уголовно-исполнительной политики. Б.Ж. Жунусов, Алматы, 1995 год (учебное пособие).
13. Жаза. Практикалық оқу құралы. С.М. Рахметов, Е.Ә. Алауханов, Алматы, 1999 жыл (оқулық).
14. Теоритические вопросы лишения свободы. И.С. Ной, Саратов, 1965 год (учебное пособие).
15. Реализация принципа социальной справедливости в правоприминительной деятельности исполнения наказания. М.П. Мелентьев, В.А. Корчинский, Киев, 1991 год.
16. Социальная справедливость: проблемы исследования и закрепления в исправительно-трудовом праве. Проблемы дифференциации исполнения наказания, В.И. Селиверстов, ВНИИ МВД СССР, 1991 год.
17. Вопросы теории и наказания в советском уголовном праве, И.С. Ной, Саратов, 1962 год.
18. Наказание. Социальные, правовые и криминологические проблемы. И.И. Карпец, Москва, 1973 год.
19. Критерии и показатели эффективности наказания. Уголовно-исполнительное право, А.В. Шмаров, А.С. Михлин, В.И. Селиверстов, Москва, 2000 год.

20. Курс уголовного право. Общая часть. Учение о наказании. Н.Ф. Кузнецова, учебник для вузов. 1967 год.
21. Наказание, его цели и эффективность. М.Д. Шаргородский, Ленинград, 1973 год.
22. Максимов С.В. Гласность и теоретические вопросы обще-предупредительного воздействия на преступность. Сов.гос. и право. 1990 год.
23. Анденес И. Наказание и предупреждение преступлений. – Москва, 1979.
24. Уголовно-исполнительное право Республики Казахстан. Шнарбаев Б.К., Мизанбаев А.Е., Алматы, 2017 (издательство «Жеті жарғы» учебник).
25. <https://e-history.kz/kz/publications/view/1082> интернет қайнар көзі.
26. Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасының Қылмыстық кодексі.
27. Сборник документов по истории уголовного законодательства СССР и РСФСР 1917-1952 г.г. Москва, 1953 год.
28. Уголовное право. Общая часть. 4-е издание, Москва, 1948, юрид.издат.
29. Сборник руководящих материалов по вопросам досрочного освобождения от наказания. Москва, 1959, Спец.отдел главного управления мест заключения МООП РСФСР.
30. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Қылмыстық кодексі. 1959 жыл.
31. Ескі редакциядағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі №167 Кодексі.
32. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ.
33. Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырудың және тағайындалған жаза мерзімін қысқартудың сот практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 2 қазандағы №6 нормативтік қаулысы.
34. Пробация в Казахстане. Исполнение наказания и осуществление пробационного контроля (Теоретические и практические аспекты). Шнарбаев Б.К., Мизанбаев А.Е. Алматы, 2016.
35. Уголовное право зарубежных стран. Под редакцией И.Д. Козочкина, 3-е издание. Москва, 2010 год, учебник.
36. Уголовное право зарубежных стран. Общая часть. Англия, США. 5-е издание. Н.Е. Крылов. Москва, 2017 год, учебник.
37. Уголовное право зарубежных стран. Общая часть. Франция, Германия, Италия, Япония. 5-е издание. Н.Е. Крылов. Москва, 2017 год, учебник.
38. Современное уголовное законодательство КНР. Х.М. Ахметшин, Н.Х. Ахметшин, А.А. Петухов. Москва, 2000 год.
39. Уголовное право зарубежных стран. Г.А. Есаков, Н.Е. Крылов, А.В. Серебренников. Москва, 2014 год, учебное пособие.
40. Уголовное право Российской Федерации. Агапов П.В., Анощенкова С.В., Блинов А.Г., Богуш Г.И. Санкт-Петербург, 2011.

41. Освобождение от уголовной ответственности. В. Скибицкий. Киев, 1987 год.
42. Ресей Қылмыстық құқығы. А.В. Наумов, Астана, 2005 жыл.
43. Уголовное право России. Общая часть. Под редакцией ректора ГП РФ О.С. Капинуса. Москва, 2015 год.
44. Уголовное право Кыргызской Республики. А. Джоробекова, В. Кигишьян. Бишкек, 2005 год.
45. Михлин А.С. Проблемы досрочного освобождения от отбывания наказания. Москва, ВНИИ МВД СССР, 1982.
46. Освобождение от отбывания наказания. Ткачевский Ю.М. Москва, юрид.литература, 1970 год.
47. Қазақстан Республикасының Пробация туралы Заңы. 2016 жылғы 3 желтоқсандағы №38-VI ҚРЗ.
48. Электрондық бақылау құралдарын қолдану қағидаларын, шарттары мен негіздерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №1369 қаулысы.
49. Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің «Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру қағидасын бекіту туралы» бұйрығы.
50. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі № 28-І Заңы.
51. Қазақстан Республикасында өлім жазасына мораторий енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 желтоқсандағы № 1251 Жарлығы.
52. Минимальные стандартные правила обращения с заключенными Организации Объединенных Наций по предупреждению преступности и обращению с правонарушителями. Женева, 1955 год.
53. Ковалев А.Г. Психологические основы исправления правонарушителей. – Москва, 1968.
54. Филимонов О.В. Пожизненное лишение свободы в Российской Федерации: законодательство и практика. Пожизненное лишение свободы. Международные стандарты и практика. – Алматы, 2003.
55. Галиакбаров Р.Р. Уголовное право РФ. – Краснодар, 1999.
56. Сабанин С.Н. Справедливость освобождения от уголовного наказания. – Екатеринбург, 1993.
57. Социальная адаптация лиц, освобожденных от наказания и меры по ее обеспечению. Автореферат на соискание ученой степени к.ю.н., А.О. Куанов, Алматы, 2006 год.
58. Халықты жұмыспен қамту туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 2016 жылғы 6 сәуірдегі №482-V ҚРЗ.
59. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қазандағы № 1131 қаулысы.

60. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 ҚРЗ.

61. Қазақстан Республикасы «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңы. 1997 жылғы 16 сәуірдегі №94 ҚРЗ.